Әділет

# Офицерлік құрамдағы адамдардың Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде әскери қызметті және запастағы қызметті өткеру Ережесін бекіту туралы

## *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрінің 1998 жылғы 30 қарашадағы N 210 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1999 жылғы 29 сәуірде N 747 тіркелді. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Қорғаныс министрінің 2006 жылғы 23 шілдедегі N 289 бұйрығымен.

*Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Қорғаныс министрінің 2006 жылғы 23 шілдедегі N 289 бұйрығымен* .

*----------------Бұйрықтан үзінді--------------------*

*Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскер құралымдарында әскери қызметті өткеру ережелерін бекіту туралы" 2006 жылғы 25 мамырдағы N 124 Жарлығына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:*

*1. Күші жойылды деп танылсын:*

*1) "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінде офицерлік құрам адамдарының әскери қызметті және запастағы қызметті өткеру ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 1998 жылғы 30 қарашадағы N 210 бұйрығы (Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2003 жылғы 13 қазандағы N 338 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде 1999 жылғы 29 мамырда N 747 тіркелген)...*

*Армия генералы*

*-----------------------------------*

Офицерлік құрамның Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде әскери қызмет өткеруін одан әрі жетілдіру мақсатында Бұйырамын:

1. Қоса беріліп отырған, Офицерлік құрамдағы адамдардың Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде әскери қызметті және запастағы қызметті өткеру Ережесі Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркеуден өткен күннен бастап бекітілсін және күшіне енгізілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің орынбасарлары, Қарулы Күштер түрлерінің Қолбасшылары, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен Қарулы Күштер Бас штабы департаменттерінің, Бас басқармаларының, басқармаларының бастықтары, бірлестіктер, құрамалар мен

әскери бөлімдер командирлері, мекемелердің, әскери оқу орындарының, кәсіпорындардың, ұйымдардың бастықтары және әскери комиссарлар:

1) барлық офицерлік құрамның және әскери-оқу орындары курсанттарының Офицерлік құрамдағы адамдардың Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде әскери қызметті және запастағы қызметті өткеру Ережесімен терең оқып-танысуларын ұйымдастырсын және оның талаптарының қатаң орындалуын қамтамасыз етсін.

Запастағы офицерлік құрам адамдарын Ережемен жиындар өткізу және басқа да аудандық, қалалық әскери комиссариаттарға шақыру кездерінде таныстырсын;

2) әскери кеңес отырыстарында, басшы құраммен өткізілетін мәжілістерде офицерлік құрамды зерделеу, іріктеу, қызметке тағайындау, оқыту, адамгершілікке және әскери жағынан тәрбиелеу бойынша жұмыс жағдайларын қарасын және офицер кадрлармен жұмысты одан әрі жақсарту және олардың өз бағынысындағы бөлімшелерге, әскери бөлімдерге, құрамалар мен бірлестіктерге басшылық жасау деңгейін көтеру жөнінде нақты шаралар қабылдасын;

3) офицерлердің, генералдар мен адмиралдардың әскери парызын орындау және Қазақстан Республикасының заңдарын сақтауда, өздерінің кәсіби даярлықтары мен біліктіліктерін көтеруде белсенді және үлгілі болуларына табандылықпен қол жеткізсін. Бұл мақсаттарда қызметтік міндеттерін жауапты да табысты орындайтын, әсіресе, қызметтің қиын жағдайларында, жоғары моральдік-жауынгерлік қасиеттер, ұйымдастырушылық қабілеттерін көрсеткен, саналы қалыптасқан, бағынысындағыларды оқыта және тәрбиелей алатын, жауынгерлік даярлықта және бағынысындағы бөлімшелерде, бөлімдер мен құрамаларда әскери тәртіпті нығайтуда жоғары нәтижелерге жеткен офицерлік құрам адамдарын қызмет бойынша жоғарылатуда, оларға кезекті әскери атақтарды мерзімінен бұрын беруде, Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларына ұсынуда, басқа да моральдік және материалдық көтермелеу шараларында басымдылық берілсін. Көрсетілген офицерлердің, генералдар мен адмиралдардың белсенділігін көтерсін, олардың тәжірибесін жинақтасын және оны офицер ұжымдарына жеткізсін. Офицерлік құрам адамдары тәртіп бұзған және қызметіне жауапсыз қараған жағдайларда оларға төзбеушілік білдірсін;

4) офицер кадрларын тікелей практикалық жұмыста терең зерделесін, олардың іскерлік және моральдік қасиеттерін жан-жақты зерттесін, үнемі жеке тәрбие жұмыстарын, әсіресе жас офицерлермен жүргізсін. Кадрлармен жұмыс кезінде, жоғары талапты олардың мұқтаждықтары мен сұраныстарына мұқият қараумен үйлестірсін. Теріс қылық жасаған жас офицерлерді, оларды тәрбиелеудің барлық шараларын қолданбай, әскери қызметтен асығыс босатуға жол бермесін. Офицерлер мен олардың отбасы мүшелерінің тұрмыстық

жағдайларына және оларға мәдениетті қызмет көрсету бойынша үлкен қамқорлық көрсетсін;

5) офицер кадрларын дұрыс іріктеуі мен тағайындауды, оларды оқыту мен тәрбиелеуді қамтамасыз ету мақсатында офицерлермен өткізілетін аттестацияларды толық көлемде пайдалансын. Аттестация арасындағы кезеңде аттестация қорытындыларын іске асырудың және қызмет бойынша жоғарылату мен оқуға жіберу үшін кандидаттардың дайын резервін құрудың келешекке арналған жоспарын жасасын, аттестациядан кейінгі нақты жұмыстарды ескере отырып, осы жоспардың орындалуын қамтамасыз етсін, лайықты офицерлерді қызмет бойынша көтеруде және оларды оқуға жіберуде негізсіз кешіктірулерге жол бермесін. Әскерлер мен басқару органдарында жас және тәжірибелі кадрлардың өзара дұрыс тәжірибе алмасуларына, басқару жұмысының сабақтасуын қамтамасыз етуге қол жеткізілсін.

6) командирлердің, штабтардың, тәрбиелік құрылымдар мен кадрлық органдардың жоғарыда тұрған лауазымдарға тағайындалуға және шетелге оқуға жіберуге ұсынылатын кандидаттарды іріктеу; қызметінен әскер және флот күштерінің жауынгерлік және жұмылдырушылық, әскери тәртіп пен жеке құрамды тәрбиелеу жай-күйі көбіне байланысты болатын негізгі буын офицерлік кадрларын нығайту; командирлер мен бастықтар лауазымына тағайындау үшін негізгі резерв ретіндегі орынбасарлар буынын нығайту; оқуға жіберуге, кезекті әскери атақты беруге және ордендер мен медальдармен наградтауға ұсынылған үміткерлерді зерделеу мен қарау; офицерлік құрамды адамгершілік және әскери тәрбиелеу жөніндегі жауапкершілігін арттырсын;

7) әскери қызметте болудың шекті жасына жеткен офицерлік құрамдағы адамдардың запасқа шығуы кезінде "Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарын мүлтіксіз орындауды қамтамасыз етсін. Офицерлік құрамдағы жекелеген адамдардың олардың әскери қызметте болу шекті жасына келгеніне қарамастан қажет болғанда оларды әскери қызметте қалдыру мәселесі шешуге қатаң жеке тұрғыдан қарасын. Жауынгерлік тәжірибесі бар офицерлерге, генералдар мен адмиралдарға, сондай-ақ өзінің іскерлік қасиеттері, денсаулық жағдайына байланысты әскери қызметті жалғастыруға қабілеті жоғары білікті мамандарға ықыласпен қарау.

Басшы құрамның барлық буынында, тәрбие құрылымдары мен кадрлық органдарда офицерлердің, генералдар мен адмиралдардың әскери қызметтен босатылуы кадрлармен жұмыс істеудің жауапты учаскесі деп қаралсын. Әскери қызметтен босатылатын адамдарға жеке тұрғыдан қарау, оларға үлкен көңіл қойып, адамгершілікпен қарау, дұрыс аттестацияланған офицерлерді, генералдар мен адмиралдарды запас пен отставкаға салтанатты түрде, белгілі бір рәсімдерді

сақтай отырып шығарып салу жүзеге асырылсын;

8) запастағы офицерлердің Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері қатарына тұруға олар үнемі дайындықта болуы мақсатында әскери даярлығы үнемі жетілдірілсін;

9) барлық офицерлердің, генералдар мен адмиралдардың соғыс уақытында әскери қызметті өткеру ерекшелігін жан-жақты білуге қол жеткізсін, бұл ерекшеліктерді командалық-штабтық және әскери оқу-жаттығуларын өткізу, жауынгерлік жағдайға қатысты әскерді офицерлік құраммен жасақтауды өңдеу кезінде ескерсін.

3. Офицерлік құрамның Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде әскери қызметті және запастағы қызметті өткеруі Ережесін Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде қолдану тәртібі туралы Нұсқаулық күшіне енгізілсін. (осы бұйрыққа N 1 қосымша)

4. Тексеру және инспекция жүргізу кезінде командирлер мен бастықтардың Офицерлік құрамдағы адамдардың Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде әскери қызметті және запастағы қызметті өткеруі Ережесінің және оны қолдану тәртібі туралы Нұсқаулықтың талаптарын орындау тексерілсін.

5. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Кадрлар департаментінің бастығы осы Ережелерде белгіленген Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері офицерлік құрамының әскери қызметті өткеру тәртібін қатаң сақтауға үнемі және пәрменді бақылау жасауды қамтамасыз етсін.

6. Бұйрық жекелеген ротаға дейін жеткізілсін.

*Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі*

*генерал-полковник*

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрінің
1998 жылғы 30 қарашадағы
N 210 бұйрығымен
бекітілген

**Офицерлік құрамдағы адамдардың Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде әскери қызметті және запастағы қызметті өткеру Ережесі**

**1-бөлім. Жалпы ережелер**

1. Осы Ереже офицерлік құрамдағы адамдардың<*> Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, заңмен белгіленген тәртіппен құрылған басқа әскерлер мен әскери құралымдарда әскери қызметті және запастағы қызметті өткеру тәртібін айқындайды.

<*> Осы ереженің осы және бұдан кейінгі тармақтарында офицерлік құрамдағы адамдар қысқалық үшін офицерлер деп аталады.

Офицерлердің әскери қызметі - бұл олардың шекті жасына жеткенге дейін немесе Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген және келісім-шартпен келісілген мерзімдер ішінде, ал соғыс уақытында - ерекше өкімге дейін (әскерден босатылғанға) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде мемлекет пен халық алдындағы өз борыштары мен міндеттемелерін орындауына байланысты мемлекеттік қызметтің ерекше түрі.

Офицерлердің запастағы қызметі жиындардан өтуінен, бейбіт және соғыс уақытында әскери қызметке шақырудың тәртібі мен ережелерін орындаудан тұрады.

Офицерлерге офицерлік құрамның әскери атақтары берілген адамдар жатады.

2. "Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес офицерлік құрамның төмендегідей атақтары беріледі:

| әскери | кемелік |
| --- | --- |
| Кіші лейтенант | Кіші лейтенант |
| Лейтенант | Лейтенант |
| Аға лейтенант | Аға лейтенант |
| Капитан | Капитан-лейтенант |
| Майор | 3 дәрежедегі капитан |
| Подполковник | 2 дәрежедегі капитан |
| Полковник | 1 дәрежедегі капитан |
| Генерал-майор | Контр-адмирал |
| Генерал-лейтенант | Вице-адмирал |
| Генерал-полковник | Адмирал |
| Армия генералы | |
| Қазақстан Республикасының маршалы | |

Медициналық немесе заң әскери-есеп мамандықтары бар офицерлердің әскери атақтарына тиісінше "медицина қызметінің" немесе "әділет" (медицина қызметінің лейтенанты, әділет майоры), ал авиацияда қызмет өткеруші жоғары офицерлік құрамдағы адамдар үшін "авиация" деген сөздер қосылады.

Гвардиялық бөлімдерде, құрамаларда және бірлестіктерде, гвардиялық кемелерде қызмет өткеруші офицерлерге тиісті әскери атақтарына "гвардия" сөзін қосу жолымен жасалатын (гвардия аға лейтенанты, гвардия полковнигі) ерекше гвардиялық әскери атақтар белгіленеді.

Офицерлер өздеріне берілген офицерлік құрамның әскери атағында өмір бойы тұрады. Запастағы офицерлердің әскери атағына "запастағы" сөзі ( запастағы капитан, запастағы подполковник), ал отставкадағы офицерлердің әскери атағына "отставкадағы" сөзі (отставкадағы полковник, отставкадағы генерал-лейтенант) қосылады.

3. Офицерлер:

1) жалпыға бірдей әскери міндеттілікке қатысы бойынша:

келісім-шарт бойынша әскери қызмет өткеруші офицерлерге;

3 жылға шақыру бойынша әскери қызмет өткеруші офицерлерге;

запастағы офицерлерге;

отставкадағы офицерлерге;

2) әскери атақтарына қарай:

кіші офицерлік құрамдағы адамдарға (кіші лейтенанттан бастап капитанды қоса алғанға дейін);

аға офицерлік құрамдағы адамдарға (майордан бастап полковникті қоса алғанға дейін);

жоғары офицерлік құрамдағы адамдарға (генерал-майордан бастап Қазақстан Республикасының маршалын қоса алғанға дейін) бөлінеді.

Офицерлерді офицерлік құрамның әскери атағынан айыру осы Ереженің 25, 107 және 112 тармақтарында көзделген негізде және тәртіппен жүргізіледі.

4. Әскери қызметтегі офицерлер:

1) кадр офицерлерге;

2) қысқа мерзімдегі қызмет офицерлеріне бөлінеді.

Кадр офицерлерге әскери қызметті өз мамандығы ретінде ерікті түрде таңдап алған және оны Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері кадрларында әскери қызметте болудың шекті жасына жеткенге дейін өткеру жөнінде келісім-шартқа қол қойған офицерлер жатады.

Қысқа мерзімді қызметтегі офицерлерге 3 жыл немесе 5 жыл мерзімге келісім-шарт бойынша әскери қызметке қабылданған офицерлер және 3 жылға шақырылған запастағы офицерлер жатады.

5. Офицерлік құрам бейбіт уақытта:

1) әскери-оқу орындарын, кіші офицерлерді даярлау курсын бітірген және офицер атағын алған әскери қызметшілермен;

2) 3 жылдық шақыру бойынша қызмет өткеруші офицерлермен;

3) 3 жылдық шақыру бойынша қызмет өткеруші және осы Ереженің 94 тармағының 1 тармақшасы бойынша келісім-шарт жасасқан офицерлермен;

4) "Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабына сәйкес әскери қызметі айқындалған және осы Ереженің 85 тармағы бойынша келісім-шарт жасасқан запастағы

офицерлермен;

5) келісім-шарт бойынша әскери қызмет өткеруші, тиісті білімі бар, офицерлік құрам лауазымына тағайындалған және офицер атағын алған әскери қызметшілермен;

6) мемлекетаралық шарттар негізінде басқа мемлекеттердің Қарулы Күштерінен келген және келісім-шарт жасасқан офицерлермен жинақталады және толықтырылады.

6. Офицерлік құрамдағы адамдардың келісім-шарт бойынша қызметінің басталуы болып:

1) әскери қызметтегі және келісім-шарт жасасқан офицерлерге - келісім-шартқа қол қойылған күн, сонымен бірге жалпы қызмет өткерген жылдарға келісім-шартқа қол қойылған күнге дейінгі қызметі есептеледі;

2) әскери қызметке келісім-шарт бойынша запастан қабылданған офицерлерге - қызмет орнына бару үшін әскери комиссариаттың нұсқама берген күні;

3) бұрын қызмет өткермеген әскери міндеттілерге - әскери оқу орнынан оқуға қабылданған күн есептеледі.

7. Запастан 3 жылға шақырылған офицерлер үшін оларды азаматтық оқу орнын бітіргеннен кейін тікелей әскери қызметке шақыру кезінде оларға берілген демалысты ескере отырып, қызмет орнынан бару үшін әскери комиссариат нұсқама берген күні әскери қызметтің басталуы болып табылады.

8. Әскери қызметте болудың шекті жасына жеткен офицерлер осы Ережеде айқындалған тәртіппен запасқа босатуға жатады.

Офицерлерге, ғылым кандидаттарына (доценттерге), сондай-ақ жоғары кәсіби даярлығы бар, атқаратын қызметінде практикалық жұмыс тәжірибесі бар және әскери қызмет өткеру үшін денсаулығы жарамды басқа да әскери қызметшілерге қызмет мерзімін "Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы " Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес айқындалған әскери қызметте болудың шекті жас мөлшерінен тыс 5 жылға дейін, ал ғылым докторларына ( профессорларға) - 10 жылға дейін уақытқа Қорғаныс министрі ұзартуы мүмкін.

## 2-бөлім. Әскери қызметті өткеру

### 1-тарау. Әскери атақты беру, әскери атақты төмендету, әскери атақты алу, әскери атақты қалпына келтіру

9. Әскери қызметтегі адамдарға офицерлік құрамның әскери атақтары олардың қызмет өткеруін және атқаратын қызметін ескере отырып, кезектілік тәртіппен дербес беріледі.

Берілу кезектілігіне байланысты, офицерлік құрамның әскери атақтары алғашқы және кезекті деп бөлінеді.

Офицерлік құрамның алғашқы әскери атақтары, офицерлік құрамға аттестацияланған адамдарға беріледі.

Офицерлік құрамның кезекті әскери атақтары атқарып отырған штаттық қызмет бойынша көзделген әскери атаққа сәйкес және әскери атақта белгіленген еңбек сіңіру мерзімі біткен соң беріледі.

Офицерлік құрамның әскери атағын беру үшін ұсыну бағыныстылығы бойынша қатаң тәртіппен жүргізіледі.

10. Офицерлік құрамның "кіші лейтенант" әскери атағы:

1) қысқартылған бағдарлама бойынша әскери-оқу орындарын немесе кіші офицерлерді даярлау бойынша курстар бітірген әскери қызметшілерге;

2) даярлау бейіні бойынша әскери мамандыққа сәйкес келетін орта арнайы білімі бар әскери міндеттілерге, запастағы офицерлік құрамға аттестациялау кезінде;

3) орта білімі бар, мерзімді әскери қызмет өткерген әскери міндеттілерге запастағы офицерлерді даярлау жөніндегі оқу жиындарынан өткеннен және белгіленген емтихандарды тапсырғаннан кейін;

4) орта арнаулы азаматтық білімі бар және офицерлік лауазымдарда қызмет өткеріп жүрген прапорщиктер мен мичмандарға;

5) даярлау бейіні бойынша әскери мамандыққа сәйкес келетін орта арнайы азаматтық білімі бар әйелдерге, офицерлік құрам лауазымына тағайындау үшін келісім-шарт бойынша әскери қызметке белгілеу кезінде беріледі.

11. Офицерлік құрамның "лейтенант" әскери атағы:

1) әскери-оқу орнын бітіргеннен кейін (осы Ереженің 100 тармағының 1-тармақшасында көрсетілгендерден басқа) әскери қызметшілерге;

2) жоғары азаматтық білімі бар немесе орта әскери-оқу орнының бағдарламасы бойынша мерзімнен бұрын емтихан тапсырған және офицерлік құрам лауазымында қызмет өткеріп жүрген прапорщиктерге, мичмандарға;

3) келісім-шарт бойынша қатардағы жауынгер, сержант және старшина құрамының лауазымдарында қызмет өткеріп жүрген және орта әскери-оқу орындарының бағдарламасы бойынша емтихандарды жедел тапсырған әскери қызметшілерге;

4) жоғары білімі бар және кіші офицерлерді даярлау бойынша курсты бітірген әскери қызметшілерге;

5) даярлау бейіні бойынша әскери мамандыққа сәйкес келетін жоғары азаматтық білімі бар әскери міндетті әйелдерге, офицерлік құрам лауазымына тағайындау үшін келісім-шарт бойынша әскери қызметке белгілеу кезінде;

6) орта әскери-оқу орындарының бағдарламасы бойынша емтихандарды жедел тапсырған немесе жоғары азаматтық білім алған кіші лейтенанттарға, қызмет өткерген жылдарына қарамастан беріледі.

12. Ішкі істер органдарының орта және аға басшылық құрамының арнайы атағы бар және офицерлік құрам лауазымдарында пайдалану үшін келісім-шарт

бойынша әскери қызметке қабылданған адамдарға олардың өзінде бар арнайы атақтарына тең офицерлік құрамның әскери атағы<*> қайта аттестациялау тәртібімен беріледі.

<*> Ішкі істер органдарының орта және аға басшылық құрамындағы адамдарға мыналар жатады:

- милицияның кіші лейтенантынан; ішкі қызметтің кіші лейтенантынан бастап ішкі қызмет капитанын қоса, милиция капитанына дейін, арнайы атақтар берілген орта басшылық құрамның адамдары;

- милиция майорынан бастап, ішкі қызмет майорынан бастап милиция полковнигіне дейін, ішкі қызмет полковнигін қоса, арнайы атақтар берілген аға басшы құрамның адамдары.

13. Офицерлік құрамның алғашқы әскери атағын Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі береді.

14. Офицерлерге олардың офицерлік құрамда атқаратын лауазымдары бойынша берілуі мүмкін офицерлік құрамның әскери атақтары әскери бөлімдердің штаттарында көзделеді. Бұл жағдайда жоғары офицерлік құрамның әскери атақтары олар ауыстыруға жататын лауазымдарға жатқызылған қызметтер бойынша беріледі.

15. Әскери қызметтегі офицерлер үшін офицерлік құрамның әскер атақтарына мынадай еңбек сіңіру мерзімдері <*> белгіленеді:

| Әскери атақтар | Әскери атаққа еңбек сіңіру мерзімдері: Авиацияның ұшу құрамындағы офицерлер үшін Қорғаныс министрі бекіткен лауазымдар тізбесі бойынша | Әскери атаққа еңбек сіңіру мерзімдері: Барлық басқа офицерлер үшін |
|---|---|---|
| Кіші лейтенант | 1 жыл | 1 жыл |
| Лейтенант | 2 жыл | 2 жыл |
| Аға лейтенант | 2 жыл | 3 жыл |
| Капитан | 3 жыл | 3 жыл |
| Майор | 3 жыл | 4 жыл |
| Подполковник | 4 жыл | 5 жыл |
| Полковник және одан жоғары | белгіленбейді | белгіленбейді |

Әскери қызметке запастан шақырылған офицерлерге запаста болған уақытындағы әскери атағындағы сіңірген еңбегі офицерлік құрамның әскери

атағына сіңірген еңбек мерзіміне есептеледі.

Офицерлік құрамның әскери атағына еңбек сіңіру мерзімі тиісті атақты беру туралы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап есептеледі. Тең әскери атаққа қайта аттестацияланған офицерлердің еңбек сіңіру мерзімі оларға қайта аттестацияға дейін ие болған әскери атақты беру туралы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап есептеледі.

Офицерлердің төмендетілген әскери атақта болған уақыты қалпына келтірілген әскери атаққа еңбек сіңіру мерзіміне есептелмейді.

Сот үкімі бойынша сотталған офицерлерге кезекті әскери атақты беру үшін еңбек сіңіру мерзіміне жазалау мерзімі есептелмейді.

_____________________________

<*> Бес жыл және одан да көп оқу мерзімімен әскери (арнаулы) және азаматтық жоғары оқу орындарын (күндізгі оқу нысанын) бітірген офицерлер үшін лейтенант әскери атағында қызмет өткеру мерзімі 1 жыл болып белгіленеді

*Ескерту: 15-тармақтың сілтемесі жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қорғаныс министрінің 2003 жылғы 13 қазандағы N 338* бұйрығымен .

16. Әскери оқу орындарында және адъюнктурада күндізгі оқу нысанында оқып жүрген, докторантурада даярлықтан өтіп жүрген кадр офицерлерге офицерлік құрамның кезекті әскери атағы:

1) қоса алғанда полковникке дейін - тиісті әскери атақтарға белгіленген еңбек сіңіру мерзімі біткен кезде;

2) полковник - подполковник әскери атағына белгіленген еңбек сіңіру мерзімі аяқталғаннан кейін және оқуға (даярлыққа) түскеннен кейін осы лауазым бойынша штаттағы әскери атаққа енгізілген өзгерісті (жоғарылату немесе төмендету) есепке алмай, берілетін атақ олар оқуға (даярлыққа) түсер алдында істеген штаттық лауазымы бойынша әскери атаққа сәйкес келген жағдайда беріледі.

17. Офицерлерге офицерлік құрамның кезекті әскери атақтары генералдар мен офицерлерді Лауазымдарға тағайындауға арналған номенклатураға сәйкес, сондай-ақ офицерлік құрамға кезекті әскери атақтар беру және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қатарынан босату Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі бекіткен жеке құрам бойынша бұйрықтармен (бұдан әрі Номенклатура) беріледі.

Жоғары офицерлік құрам лауазымына тағайындалған офицерлерге генералдар мен адмиралдардың әскери атағын Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті береді.

*Ескерту: 17-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қорғаныс министрінің 2003 жылғы 13 қазандағы N 338* бұйрығымен .

18. Өздеріне қатысты қылмыстық іс қозғалған және әскери қызмет бойынша шектеумен сотталған, сондай-ақ тиісті командирлердің (бастықтардың) қарамағындағы офицерлер кезекті әскери атаққа ұсынылмайды.

19. Қазақстан Республикасын қорғау, жауынгерлік кезекшілік атқару немесе әскери қызметтің өзге де міндеттерін атқару кезінде батылдық пен ерлік көрсеткен, не әскери борышын үлгілі орындаған кіші және аға офицерлік құрамның адамдарына полковникке дейін қоса, әскери атақ мерзімінен бұрын берілуі мүмкін.

Әскери атақ мерзімінен бұрын, әскери атаққа белгіленген еңбек сіңіру мерзімінің кемінде жартысы өткен кезде және берілетін атақ атқарып отырған лауазымы бойынша көзделген әскери атаққа сәйкес келгенде, бірақ әскери қызмет кезеңінде екі реттен артық болмаған жағдайда беріледі.

*Ескерту: 19-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қорғаныс министрінің 2003 жылғы 13 қазандағы N 338* бұйрығымен .

20. Жауынгерлік даярлықта, әскери тәртіпті нығайтуда, күрделі әскери техниканы меңгеруде жоғары көрсеткішке жеткен немесе тапсырылған учаскедегі қорғаныс сипатындағы тапсырмаларды шешімге байланысты міндеттерін үлгілі орындағаны офицерлерге полковникке дейін қоса, атқаратын штаттық лауазымы бойынша көзделген әскери атақтан бір саты жоғары кезекті әскери атақ берілуі мүмкін.

Атқаратын штаттық лауазымы бойынша көзделген әскери атақтан бір саты жоғары кезекті әскери атақ әскери қызмет кезінде бір реттен артық емес және әскери атаққа белгіленген кемінде екі еңбек сіңіру мерзімі өткенде беріледі.

21. Атқаратын штаттық лауазымы бойынша көзделген әскери атақтан бір саты жоғары кезекті әскери атақты мерзімінен бұрын Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі береді.

22. Мемлекеттік үкімет органдары мен ұйымдарына қорғаныс қабілеттілігі мен қауіпсіздік мүддесі үшін жұмыстарды орындауға іссапарға жіберілген офицерлерге кезекті әскери атақтар полковникке дейін қоса, осы лауазым бойынша іссапарға жіберілгеннен кейін әскери атаққа енгізілген өзгерісін есепке алмай, берілетін атақ олар іссапарға жіберілгенге дейін атқарған штаттық лауазымы бойынша әскери атаққа сәйкес келген кезде, әскери атаққа белгіленген еңбек сіңіру мерзімі өткеннен кейін беріледі.

Осы адамдарға кезекті әскери атақты мерзімінен бұрын немесе іссапарға жіберілгенге дейін соңғы атқарған штаттық лауазымы бойынша көзделген бір саты жоғары әскери атақты беру осы Ережеде белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Осы тармақта көрсетілген офицерлер санаттарына кезекті әскери атақтарды тиісті мемлекеттік органдардың ұсынысы бойынша:

1) полковникке дейін қоса - Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі;

2) жоғары офицерлік құрамның әскери атақтарын - Қазақстан Республикасының Президенті береді.

23. "Полковник" және жоғары офицерлік құрамның әскери атақтарын беру жөніндегі ұсыныстар Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері түрлерінің Әскери Кеңестерінде және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің алқасында қаралады.

24. Кіші және аға офицерлік құрамның адамдары Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бұйрығымен әскери атағынан бір сатыға төмендетілуі мүмкін. Олардың бұрынғы әскери атағын қалпына келтіру, атқаратын штаттық лауазымына қарамастан, үлгілі тәртібі мен қызметте адал болуына сәйкес, төмендетілген күнінен бастап бір жылдан кейін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бұйрығымен жүзеге асырылады. Әскери атақты екінші рет төмендетуге рұқсат берілмейді, өзгеше жазалау шаралары қолданылады.

25. Офицерлік құрам атағына кір келтірген және офицерлік құрамға жат теріс қылықтар жасаған офицерлерді әскери атақтардан:

1) кіші және аға офицерлік құрамдағы адамдарды - Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі;

2) жоғары офицерлік құрамдағы адамдарды - Қазақстан Республикасының Президенті айырады.

Офицерлерді әскери атағынан айыруға ұсыну жөніндегі мәселе Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері түрлерінің Әскери Кеңестерінде және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Алқасында қаралады.

Қылмыс жасаған офицерлер әскери атақтан соттың күшіне енген айыптау үкімі бойынша айырылады.

Офицерлік құрамның әскери атағынан айырылған, кейіннен өздерін офицерлік құрам лауазымы орнында қызмет атқаруға лайықты етіп көрсеткен адамдарға, бұрынғы атақтарына тең және бұрынғы атақтарынан төмен әскери атақтар, атағынан айырғаннан кейін, бірақ кемінде 3 жылдан, ал сот үкімімен айрылғандарға - соттылығы алынғаннан (өтелгеннен) кейін берілуі мүмкін.

26. Офицерлік құрам адамдарының әскери атақтарын заңсыз төмендеткен немесе әскери атақтарынан айырған жағдайда бұрынғы әскери атақтарын қалпына келтіру туралы шешімді тексеру нәтижесі бойынша не әскери соттың шешіміне сәйкес:

1) Кіші және аға офицерлік құрам бойынша - Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі;

2) жоғары офицерлік құрам бойынша - Қазақстан Республикасының Президенті қабылдайды.

Заңсыз төмендетілген әскери атақта жүрген уақыты немесе офицерлік құрамның әскери атағынан заңсыз айырылған кезеңі қалпына келтірілген әскери атаққа еңбек сіңіру мерзіміне кіреді.

Сонымен бірге, офицерлік құрам адамдарына келтірілген материалдық залал толық көлемде өтеледі.

## 2-тарау. Лауазымға тағайындау, қызметі бойынша орын ауыстыру

27. Офицерлік құрамның адамдары орын ауыстыруға жататын лауазымдар және осы лауазымдарға сәйкес келетін әскери атақтар арнайы тізбелер негізінде штаттарда көзделеді.

Кіші және аға офицерлік құрам адамдары ауыстыруға жататын офицерлік құрам лауазымдарының және осы лауазымдарға сәйкес келетін әскери атақтардың тізбесін Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі, ал жоғары офицерлік құрам лауазымдары мен осы лауазымдарға тиісті әскери атақтардың тізбесін Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

28. Офицерлер лауазымдарға Номенклатураға сәйкес жеке құрам бойынша бұйрықтармен тағайындалады

*Ескерту: 28-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қорғаныс министрінің 2003 жылғы 13 қазандағы N 338* бұйрығымен .

29. Офицерлердің қызмет бойынша орын ауыстыруы:

1) жоғары лауазымдарға;

2) тең лауазымдарға;

3) төмен лауазымдарға;

4) атқарып отырған қызметінен босатылып, оқуға түсуіне байланысты, сондай-ақ оқуын аяқтағаннан кейін қызметке тағайындаған кезде жүргізіледі.

30. Қызмет бойынша орын ауыстыру туралы бұйрықтарда офицер қандай лауазымға (жоғары, тең, төмен) орын ауыстырғандығы және осы Ереженің 31,32,33 тармақтарында көзделген осындай орын ауыстырудың негізі көрсетіледі .

Офицерлік құрам лауазымдары: егер осы лауазым бойынша штатта офицерлік құрамның әскери атағы атқарып жүрген лауазымы бойынша әскери атағынан жоғары, ал әскери атақтары тең болған кезде - үлкен лауазымдық жалақы көзделген болса - жоғары; егер осы лауазым бойынша штатта офицерлік құрамның әскери атағы атқарып жүрген лауазымы бойынша әскери атағынан төмен, ал әскери атақтары тең болған кезде - төмен лауазымдық жалақы көзделген болса - төмен деп саналады. Штаттарда екі әскери атақтар немесе ең төменгіден ең жоғарыға дейінгі лауазымдық жалақылар көзделген жағдайда жоғарылау әскери атақ немесе ең жоғары лауазымдық жалақы назарға алынады.

31. Офицерлерді жоғары лауазымдарға орын ауыстыру қызметі бойынша жоғарылату тәртібімен жүргізіледі.

Офицерлерді жоғары лауазымға орын ауыстыру кезінде олардың кәсіби даярлығы, тапсырылған учаскелердегі қол жеткізген табыстары, олардың жоғары лауазым бойынша міндеттерді атқаруға бейімділігінің болуы ескеріледі. Жоғары қызметке тағайындауға қызметі бойынша жоғарылату үшін кандидаттардың резервінде тұрған офицерлер ұсынылады.

Офицерлерді болашақ қызметтерін орындауға, жоғары лауазымға орын ауыстыруға іс жүзінде даярлау мақсатында нұсқамалық оқу-сабақтары жүргізіледі, олар тағылымдамадан өтеді немесе тиісті курстарда, жиындарда оқытылады.

Сот үкімі бойынша сотталған офицерлер қызмет бойынша жоғарылатылмайды.

32. Офицерлерді тең қызметке:

1) ұйымдастыру шараларына байланысты;

2) мамандығы бойынша немесе жұмыс тәжірибесін ескере отырып неғұрлым мақсатқа сәйкес пайдалану үшін;

3) денсаулық жағдайына байланысты - әскери-дәрігерлік комиссияның қаулысы негізінде және офицердің өтініші бойынша;

4) отбасы жағдайына байланысты - офицердің өтініші бойынша осы Ереженің 59-тармағының 7-тармақшасында көзделген шарттар болған кезде орын ауыстыруға болады.

33. Офицерлерді төменгі қызметтерге:

1) ұйымдастыру шаралары бойынша - тең қызметке орын ауыстыру мүмкіндігі болмағанда;

2) атқаратын қызметіне сәйкес келмеген жағдайда, аттестациялау тәртібімен;

3) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Тәртіптік жарғысына сәйкес берілген тәртіптік жазалау ретімен;

4) офицерлердің жолдастық ар сотының өтініш беруі бойынша;

5) денсаулық жағдайына байланысты - әскери қызметке жарамдылығын шектеу, атқарып отырған қызметі бойынша міндеттерін денсаулық жағдайына байланысты орындай алмайтындығы жөніндегі әскери-дәрігерлік комиссияның қаулысына сәйкес және тең қызметке тағайындау мүмкіндігі болмаған жағдайда;

6) отбасы немесе басқа да жағдайларға байланысты - осы Ереженің 59-тармағындағы 7-тармақшаға сәйкес офицердің келісімі болғанда;

7) іскерлік және кәсіби қасиеттерін ескере отырып немесе офицердің рапорты бойынша жұмыс көлемі аз қызметке тағайындаған кезде орын ауыстырады.

Ұйымдастыру шараларына сәйкес жоғары лауазымнан төменгі қызметке

ауыстырылған офицерлер қызмет бойынша жоғарылатуға арналған кандидаттар резервіне енгізіледі.

Офицерлер қызметінде заңсыз төмендетілген жағдайда, оларды қайта орналастыру тексеру нәтижелері, немесе төмендету жөнінде шешім қабылдаған сатыдағы немесе жоғары сатыдағы әскери сот шешімі негізінде жүргізіледі. Сонымен бірге бұрынғы қызметіне қайта орналастырылған офицерлерге келтірілген материалдық зиян толық көлемде қалпына келтіріледі. Қызметте заңсыз төмендетуге кінәлі лауазымды адамдар Қазақстан Республикасының заңымен белгіленген тәртіп бойынша жауапкершілікке тартылады.

34. Офицерлерді қызметке тағайындаған және оларды қызметі бойынша орын ауыстырған кезде мынадай шарттар сақталады:

1) офицерлік құрам лауазымдары әскери қызметтегі офицерлермен жинақталады. Осы қызметтерге басқа адамдарды орналастыруға Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі белгілеген тәртіппен жол беріледі;

2) офицерлерді қызметке тағайындаған және оларды қызмет бойынша орын ауыстырған кезде, әдеттегідей, офицерлерді негізгі және тектес мамандықтар бойынша не қызмет тәжірибесін ескере отырып пайдалану қамтамасыз етіледі;

3) офицерлерді қызмет бойынша орын ауыстыру, әдеттегідей, оларды қызметке тағайындау құқығы бар командирлердің (бастықтардың) қарамағына енгізбей жүзеге асырылады. Командирлердің (бастықтардың) қарамағына енгізілген офицерлер, қарамағында болған екі ай ішінде қызметке тағайындалуы тиіс. Белгіленген демалыстарда (балаға күтім жасау жөніндегі демалыстан басқа) , емдеу мекемелерінде (бөлімшелерінде) емделуде (тексерілуде), офицерлік құрамның вакантттық қызметін уақытша атқаруда болған кезеңдер, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің шешімі бойынша осы офицерлердің қызметтік жағдайы оларға қатысты емес себептер бойынша дер кезінде айқындалмаған жағдайдағы басқа қызмет кезеңдері қарамағында болу мерзіміне саналмайды.

Қызмет бойынша орын ауыстыратын офицерлер Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Ішкі қызмет жарғысымен, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бұйрығымен белгіленген мерзімде, офицер кезекті демалыста немесе емделуде болған жағдайлардан басқа, істері мен қызметін тапсырғаннан кейін, бірақ әскери бөлім қызметке тағайындау туралы жазбаша бұйрықты (хабарлауды) алған күннен бастап бір айдан кешіктірмей жаңа қызмет орнына кетуі тиіс;

4) әскери-дәрігерлік комиссия денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке шектеулі жарамды деп танылған, бірақ әскери қызметте болудың шектеулі жасына жетпеген офицерлерді атқарып отырған қызметінен денсаулық жағдайы, даярлығы мен қызмет тәжірибесін ескере отырып орындайтын басқа қызметке

ауыстыру қажеттілігін әскери бөлім командирінен бастап одан да жоғары тікелей бастықтары айқындайды.

- денсаулық жағдайы бойынша ұшу жұмысына (теңіз қызметіне), әуе-десанттық қызметіне, арнаулы ғимараттардағы қызметке немесе радиоактивті заттармен және иондаушы сәулелендіру көздерімен болатын жұмыстарға жарамсыз, бірақ әскери қызметте болудың шекті жасына жетпеген және денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке жарамды немесе әскери қызметке шектеулі жарамды деп танылған офицерлер бұл жұмыстарға ( қызметтерге) байланысы жоқ, офицерлік құрам лауазымдарына тағайындалады, ал әуе-десанттық әскерлердің офицерлері Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің басқа бөлімдеріне ауыстырылады.

Саптан тыс қызметтерге жарамды деп танылған офицерлерді денсаулық жағдайларын ескере отырып, олар орындай алатын қызметтерге орын ауыстыру мүмкіндігі болмаған жағдайда, аталған офицерлер әскери қызметтен босатылуға ұсынылады.

Офицерлердің әскери қызметке, сондай-ақ ұшу жұмысына (теңіз қызметіне), әуе-десанттық әскер қызметіне, арнаулы ғимараттарда, радиактивті заттармен және иондаушы сәулелендіру көздерімен болатын жұмыстарға жарамдылығының дәрежесін айқындауға арналған медициналық куәландыру тәртібі Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бұйрығымен белгіленеді;

5) әскери қызметте болудың шекті жасына жетпеген, әскери қызметке жарамды немесе шектеулі жарамды деп танылған, бірақ өзінің денсаулығы немесе олардың отбасы мүшелерінің денсаулық жағдайы бойынша қызмет орнын (тұрғылықты жерін) өзгертуді қажет ететін офицерлерді қызмет бойынша орын ауыстыру әскери-дәрігерлік комиссияның қаулысы негізінде жүргізіледі.

Осы мақсаттарда медициналық куәландырылуға жіберілуі мүмкін отбасы мүшелеріне әйелі (күйеуі), кәмелетке толмаған балалары, әскери қызметшінің асырауындағы кәмелетке толған оқушы балалары, сондай-ақ I және II топтағы мүгедек балалары жатады.

Офицердің асырауындағы және олармен бірге тұратын, қалған отбасы мүшелері: 60 жастан асқан әкесі, 55 жастан асқан анасы немесе анасы мен әкесі жастарына қарамастан I және II топтың мүгедектері болса, аға-інісі, апа-қарындасы, атасы мен әжесі (офицердің және оның әйелінің немесе күйеуінің ) - егер олар денсаулық жағдайына байланысты үнемі басқа адамның күтім жасауына мұқтаж болса және басқа жақын туыстары болмаған жағдайларда ғана куәландыруға жіберілуі мүмкін.

Ерекше жағдайларда, офицердің өзінің немесе әйелінің (күйеуінің) қартайған және ауру ата-аналарына, не олар жоқ болса, офицер немесе оның әйелі (күйеуі) солардың тәрбиесінде болған, бөлек тұратын әжесі мен атасына (олардың

балалары жоқ болса) күтім жасау қажеттілігіне орай қызметі бойынша басқа жерге орын ауыстыруы туралы өтініш жасауына байланысты полктің және одан жоғары командирдің шешімімен олардың тұрғылықты жерлері бойынша әскери комиссариаттан әскери-дәрігерлік комиссияның олардың денсаулық жағдайы туралы қаулысы, отбасы-мүліктік тексеру актісімен ресімделетін отбасы жағдайы және басқа туысқандарының бар-жоқтығы туралы мәліметтер сұратылады.

Денсаулық жағдайы бойынша ауыр және қолайсыз климаттық және экологиялық жағдайлары бар жерлерде әскери қызмет өткеруге (тұруға) мүмкіндігін анықтау үшін офицерлерді және оның отбасы мүшелерін, сондай-ақ офицердің және оның әйелінің (күйеуінің) күтімді керек ететін қартайған және ауру ата-аналарын медициналық куәландыру тәртібі Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бұйрығымен белгіленеді.

6) өзара жақын туыстығы немесе жекжаттығы бар (ата-аналар, ерлі-зайыптылар, ағайындылар, апалы-сіңлілер, ұлдары, қыздары, сондай-ақ ерлі-зайыптылардың ата-аналары, аға-інісі, апа-сіңлісі, балалары) офицерлерді, егер қызмет өткеру бір-біріне тікелей бағынатын немесе бақылауға байланысты болса, әдеттегідей, әскери қызметті бір бөлімде өткеруге жіберілмейді.

7) Бос қызметтік тез арада орнын басу қажет болған жағдайда полк командирінен бастап лауазымы бойынша оған тең және жоғары тікелей бастыққа осы қызметке тағайындау құқығын пайдаланатын бастықтың келісімімен офицерлік құрам адамын лауазымы бойынша міндеттерін уақытша атқаруға жол беруіне рұқсат беріледі;

8) офицерлерді офицерлік құрам лауазымына қос қызметтілік тәртібімен тағайындауға жол берілмейді.

9) Оларға қатысты қылмыстық істер қозғалған және тергеу жүргізіліп жатқан немесе қылмыстық істері сотта қаралып жатқан офицерлік құрам адамдары іс бойынша үзілді-кесілді шешімге дейін қызмет бойынша ауыстыруға немесе іссапарға жіберуге жатпайды. Көрсетілген офицерлер атқарып жүрген лауазымдарынан босатылады және бүкіл тергеу кезеңінде тергеу немесе сот органдарының қаулысы негізінде тізілімдемеге сәйкес тиісті командирлердің ( бастықтардың) қарамағына алынады. Полк командирлерінен бастап және одан жоғары командир (бастық) осы лауазымға тағайындау құқығын пайдаланатын бастықтың келісімімен офицерді жеке құрамға басшылық жасауға, материалдық құралдар мен қару-жарақтың есебін жүргізуге, сақтауға байланысты емес бос лауазымдар бойынша міндетті уақытша орындауға жіберуі мүмкін. Басқа лауазымға уақытша тағайындау қылмыстық қудалауды жүргізуші органдардың келісімі бойынша қолбасшылықпен шешіледі.

*Ескерту: 34-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қорғаныс министрінің 2003 жылғы 13 қазандағы N 338* бұйрығымен .

35. Қазақстан Республикасының климаттық, экологиялық және әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлары ауыр жерлерінде әскери қызмет өткеретін офицерлер үшін осы жерлерде қызмет өткеру кезеңіне Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен айқындалған жеңілдіктер беріледі.

Табиғи апаттардан немесе төтенше жағдайлар кезіндегі опаттардан зардап шеккен жерлерде офицерлер үшін белгіленген кезеңге қызмет мерзімін Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі белгілеуі мүмкін.

36. Офицерлік құрам адамдарының Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің түрлері, әскер тектері, бірлестіктер, құрамалар мен әскери бөлімдер арасында орын ауыстыру тәртібін Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі белгілейді.

37. Офицерлер әскери қызметін одан әрі өткеру үшін:

1) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінен Ұлттық қауіпсіздік, Ішкі істер органдарына, Республикалық ұланға, Төтенше жағдайлар жөніндегі комитетке және заңмен белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бұйрығы бойынша Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері жеке құрамының тізімінен шығарыла отырып, құрылған Қазақстан Республикасының басқа да құрылымдарына;

2) Ұлттық қауіпсіздік, Ішкі істер органдарынан, Республикалық ұланнан, Төтенше жағдайлар жөніндегі комитеттен және заңмен белгіленген тәртіппен құрылған Қазақстан Республикасының басқа да құрылымдарынан Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне - оларды тиісті министрліктер, комитеттер жеке құрамының тізімінен шығара отырып, тиісті мемлекеттік органдар мен әскерлер басшыларының бұйрығымен;

3) Мемлекетаралық келісімдер негізінде жеке құрам тізімінен шығарыла отырып, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінен Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Қарулы Күштеріне іссапарға жіберілуі мүмкін.

Іссапарға жіберу тиісті мемлекеттер органдары арасындағы келісім бойынша офицердің рапортымен жеке тәртіпте жүргізіледі.

Әскери бөлім орын ауыстырған кездерде офицерлер жаңа қызмет орнына оның тізімдік құрамына сәйкес сол бөлімнің құрамында кетеді.

38. Офицерлер, өздерінің келісімі бойынша, Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде атқарып отырған қызметінен босатыла және қорғаныс сипатындағы жұмыстарды және басқа да арнайы міндеттерді орындау үшін әскери қызметте қалдырыла отырып, мемлекеттік органдарға (ұйымдарға) іссапарға жіберілуі мүмкін.

Әскери қызметте қалдырыла отырып, мемлекеттік органдарға іссапарға жіберілген офицерлердің Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде әскери қызмет өткеруші офицерлер үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген құқықтары, жеңілдіктер, артықшылықтар мен міндеттері сақталады.

Офицерлерді мемлекеттік органдар мен ұйымдарға іссапарға жіберу Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бұйрығымен жүзеге асырылады. Іссапарға жіберілген офицерлерді қызметке тағайындау және қызметі бойынша орнын ауыстыру осы офицерлерді іссапарға жіберу мақсаттарына сәйкес, мемлекеттік органдар басшыларының бұйрығымен жүзеге асырылады және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің кадрлар органына бұл жөнінде жазбаша түрде хабарланады.

## 3-тарау. Аттестация

39. Офицерлердің қызметтік жұмыстарына, олардың іскерлік және адамгершілік қасиеттеріне мезгіл-мезгіл баға беру, сондай-ақ офицер кадрларын дұрыс іріктеу, орналастыру және тәрбиелеуді қамтамасыз ету мақсатында офицерлердің аттестациясы жүргізіледі.

Аттестацияның негізгі міндеттері:

1) әрбір офицердің іскерлік және моральдік қасиеттеріне, олардың әлеуеттік мүмкіндіктеріне нақты сипаттама беру;

2) аттестацияланатын офицерлердің атқаратын қызметіне сәйкестігін және оларды болашақта әрі қарай қызмет бабында пайдалану мүмкіндігін айқындау;

3) келісім-шарт бойынша қызмет өткеріп жүрген, сондай-ақ запастан 3 жылға шақырылған офицерлердің қызмет мерзімін ұзартудың мақсатқа сәйкестігін анықтау;

4) офицер кадрларын даярлау (қайта даярлау), оқыту және тәрбиелеуді жетілдіру бағыттарын айқындау;

5) жоғарылату және оқуға жіберу үшін офицер кадрларының резервін анықтау.

40. Бейбіт уақытта офицерлік құрам адамдарын аттестациялау үш жылда бір рет жүргізіледі. Жекелеген санаттағы офицерлік құрамды аттестациялау Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің шешімі бойынша басқа мерзімдерде де жүргізілуі мүмкін. Жеке офицерлерді аттестациялау бөлім командирінің шешімі бойынша жүргізілуі мүмкін.

Әскери-оқу орындарын бітірушілер әскери оқу орнын бітіргенде аттестациядан өткізіледі.

Келісім-шарт бойынша әскери қызмет өткеруші офицерлер олардың мерзімі ұзартылған жағдайда, әрбір келісім-шарт мерзімі бітуі бойынша аттестацияланады.

Әскери қызметке запастан 3 жылға шақырылған офицерлер әскери қызметі аяқталғаннан кейін, оларды әрі қарай әскери қызметке қалдырған жағдайда ғана аттестацияланады.

41. Офицерлік құрам адамдарын олардың тікелей командирлері (бастықтары) аттестациядан өткізеді.

Өз бағынысындағыларды аттестациядан өткізетін командирлер (бастықтар) аттестациялаудың әділдігіне және онда айтылған қорытындылар мен ұсынымдардың дұрыстығына дербес жауап береді.

Аттестацияны аттестация сызбасына сәйкес тікелей бастықтар бекітеді.

Аттестацияны өткізу және ол бойынша қорытынды шығару үшін әскери бөлімде (Департаментте, Комитетте, басқармада, жеке бөлімде, мекемеде, кәсіпорында) құрамы әскери бөлім командирінің (Департамент, Комитет, басқарма, жеке бөлім, мекеме, кәсіпорын бастықтарының) бұйрығымен жарияланатын тұрақты жұмыс жүргізетін аттестациялық комиссия құрылады.

Офицерлік құрамның саны аз болған кезде бағыныстылығы немесе аумақтық қарастылығы бойынша тұрақты жұмыс жүргізетін біріккен аттестациялық комиссия құрылады.

Тікелей командирінің (бастығының), өз командирінің (бастығының) немесе тұрақты жұмыс жүргізетін аттестациялық комиссияның аттестацияланушының атқаратын қызметіне сәйкес келмейтіндігі туралы, төменгі қызметке орын ауыстыру немесе запасқа шығарудың (жасы, ауруы бойынша немесе келісім-шарт мерзімінің аяқталуы бойынша запасқа шығарудан басқа) қажеттілігі туралы қорытындысы бойынша офицерлермен жүргізілетін аттестацияны, өздеріндегі тағайындау үшін лауазымдар номенклатурасына аттестацияланушының қызметі кіретін бастықтар бекітеді.

Тікелей бастықтар офицерлерден аттестацияда көрсетілген кемшіліктерін жоюды талап етулері, аттестация қорытындыларының іске асырылуын, лайықты офицерлерді жоғары қызметке дер кезінде тағайындалуын және олардың оқуға жіберулерін қамтамасыз етулері керек.

42. Мемлекеттік органдар мен ұйымдарға әскери қызметте қалдырыла отырып, іссапарға жіберілген офицерлер аттестациядан мемлекеттік қызмет туралы заңдарға сәйкес өткізіледі. Оларды Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне іссапарға жіберген немесе запасқа не отставкаға шығарған кезде оларға жұмыс орны бойынша тиісті мемлекеттік органдардың басшылары бекітетін қызметтік мінездеме жазылады және ол Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне жіберіледі.

43. Бекітілген аттестацияларды аттестацияланған әскери қызметшілерге жеке, қол қойғыза отырып, олардың тікелей бастықтары жеткізеді. Аттестация тәртібінің бұзылғандығы және дұрыс өткізілмегендігі үшін белгіленген тәртіппен

аттестация жүргізілген күннен кешіктірмей бір ай мерзім ішінде шағым берілуі мүмкін.

Шағым бойынша түпкілікті шешімді аттестацияны бекіткен бастық қабылдайды. Әскери қызметшінің шағымы негізді деп танылған жағдайда қайтадан аттестация өткізіледі.

## 4-тарау. Демалыстар

44. Әскери қызметтегі офицерлерге:

1) негізгі демалыстар;

2) ауруына байланысты демалыстар;

3) отбасы жағдайына байланысты қысқа мерзімді демалыстар;

4) оқу орындарында оқуына байланысты демалыстар;

5) шығармашылық жұмыстарға байланысты демалыстар;

6) жүкті болуына, тууына және баланы күтуіне байланысты демалыстар;

7) "Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің мәртебесі және оларды әлеуметтік қорғау туралы" заңға сәйкес:

- зиянды ауыр жағдайларда міндеттерін атқарғаны үшін;

- қызметінің ерекше сипаты үшін;

- экологиялық апат аймағында қызмет атқарғаны үшін қосымша демалыстар беріледі.

Демалыстардың ұзақтығы тәулікпен есептеледі.

Демалысқа қосымша демалысты өткізетін жерге барып-қайту, сонымен бірге офицерді демалыстан қайта шақыртып алған кездегі жолына кететін уақыт беріледі.

45. Офицерлерге, күнтізбелік есеппен жалпы қызмет өткерген жылдарына, олардың әскери қызметінің ерекшеліктері мен жағдайларына байланысты Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мынадай ұзақтықта демалыстар беріледі:

1) әскери қызметте 10 жылға дейін еңбек сіңіргендерге - 30 тәулік; 10-нан 15 жылға дейін - 35 тәулік; 15-тен 20 жылға дейін - 40 тәулік; 20 жылдан және одан көп жылға - 45 тәулік.

Негізгі демалыстың ұзақтығын анықтау кезінде ескерілетін жалпы қызмет өткерген жылдары, әскери қызметшілерге зейнетақы тағайындау үшін күнтізбелі еңбек сіңірген жылдарын есептеуге арнап белгіленген ережелер бойынша есептеледі.

2) ұшу жұмысындағыларға (жауынгерлік кезекшілік атқаратындарға) - 45 тәулік.

Осы офицерлердің атқаратын міндеті ұзақтығы 45 тәулік негізгі демалыс алуға құқық беретін лауазымдар тізбесі Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бұйрығымен анықталады.

3) ауыр және қолайсыз климат жағдайындағы жерлерде қызмет өткерушілерге - 45 тәулік;

4) ерекше күрделі қызмет жағдайларына байланысты немесе төтенше жағдайлар кезінде ұзартылған демалысты қажет ететін офицерлік құрамның басқа топтарына ерекше жағдайларда - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің шешімімен - 45 тәулік;

Офицерлерге әскери қызметінің ерекшелігі мен жағдайларына байланысты берілетін негізгі демалыстардың ұзақтығы олардың қызмет өткерген жылдарына байланысты болмайды. Негізгі демалыс ұзақтығы басқаша белгіленген әскери бөлімге тағайындалғанға дейін негізгі демалысын пайдаланбаған офицерлердің негізгі демалысының ұзақтығы бұрынғы және жаңа қызмет орындары бойынша ағымдағы жылға қызмет уақытына пропорционалды түрде белгіленеді.

Қысқа мерзімді қызметтегі және 3 жылға шақырылған офицерлерге шақырылған және босатылатын жылға берілетін демалыстардың ұзақтығы негізгі және қосымша демалыстар беру кезінде ағымдағы жылы қызмет өткерген уақытына аталған демалыстардың әрқайсысын 12-ге бөліп және олардың қызмет өткерген жылдарына, қызметінің ерекшелігі мен жағдайларына сүйене отырып, қызметтегі толық айдың санына көбейту жолымен пропорционалды түрде есептеледі. Мұндай демалыс офицердің қалауы бойынша келесі жылдағы негізгі демалысқа қосылуы мүмкін.

Сондықтан, әскери қызметке тікелей азаматтық жоғары немесе орта арнаулы оқу орнын бітіргеннен кейін запастан шақырылған офицерлерге қызметке орналасқан жылға негізгі демалыс 30 тәулік ұзақтықпен беріледі. Мұндай демалыс офицерлерді қызмет өткеретін жерге жібергенге дейін пайдаланылуы тиіс.

46. Офицерлерге негізгі демалыс оларды пайдалану кезеңдерін кезектестіруді, әскери бөлімдердің тұрақты жауынгерлік даярлығын қолдауды қамтамасыз етуді ескере отырып және негізгі демалыстардың жоспарына сәйкес беріледі.

Оқуға кандидат болып бекітілген офицерлерге, қызмет мерзімінде белгіленген жерлерге баруы үшін олардың кетуіне дейін демалысты толық пайдалануы есебімен, ал әскери оқу орындарында оқып жатқандарға - оқу жылы аяқталған соң негізгі демалыс беріледі. Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жеңілдік алуға құқы бар офицерлерге негізгі демалыс оларға ыңғайлы уақытта беріледі.

Негізгі және қосымша демалыстар кезінде ауырып қалған офицерлерге демалыс кезінде ауырған күндеріне сәйкес жазылуы бойынша демалыс ұзартылады.

Демалысты ұзарту бұл жөнінде әскери бөлім командиріне немесе демалысты берген командирге (бастыққа) хабарлай отырып, емдеуші дәрігер мен емдеу

мекемесінің бастығы (бас дәрігер) куәландырған тиісті анықтама негізінде гарнизон бастығы, гарнизон әскери полиция органының бастығы (әскери комиссар) жүзеге асырады.

Офицерлердің әскери қызметтен босатылуына байланысты кейіннен оны әскери бөлім жеке құрамының тізімінен шығара отырып, берілген негізгі демалысы ұзартылмайды.

Негізгі демалысқа басқа гарнизоннан келген офицерлердің негізгі демалысын, оның отбасы мүшелерінің бірі (әкесі, шешесі, әйелі, балалары, туған аға-інілері мен апа-қарындастары) немесе олар тәрбиесінде болған басқа адамдар қайтыс болған немесе ауыр науқастанған жағдайда, сондай-ақ осы офицерлер отбасына төнген басқа да зілзалалар кезінде бұл жөнінде олар келген әскери бөлім командиріне дереу хабарлай отырып, он күнге дейінгі мерзімге гарнизон бастығы, әскери полиция органының бастығы (әскери комиссар) ұзартады.

Ерекше жағдайларда, негізгі демалысты келесі жылға ауыстыруға дивизия командирінен бастап, оған тең және одан жоғары тікелей бастықтың шешімі бойынша рұқсат етіледі. Мұндай жағдайда, өткен жылғы демалыс осы жылдың бірінші тоқсанында берілуі, ал егер офицер әскери қызметтен босатылатын болса , босатылатын жылғы демалысына қосылуы тиіс.

47. Зиянды ауыр жағдайларда міндет атқарғаны және қызметтің ерекше сипаты үшін қосымша демалыс жеңілдік беру болып табылады және ол офицерлерге аурудың алдын алу, кәсіби жұмысқа жарамдылығын толық қалпына келтіру мақсатында беріледі.

48. Офицерлерге зиянды ауыр жағдайларда міндетін атқарғаны үшін және қызметінің ерекше сипаты үшін берілетін қосымша демалысқа құқылы офицерлік құрам лауазымдарының тізбесі, осы демалыстың тәртібі мен шарты Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бұйрығымен белгіленеді.

Сонымен бірге, офицерлерге зиянды ауыр жағдайларда міндетін атқарғаны және қызметтің ерекше түрі үшін, егер барлық күнтізбе жылы ішінде олар Тізбеде белгіленген лауазымдарда қызмет уақытын толық пайдаланған жағдайда қосымша демалысы толық мөлшерде беріледі. Басқа жағдайларда қосымша демалыстың ұзақтығы ағымдағы күнтізбе жыл ішінде зиянды ауыр жағдайларда міндетін атқару және ерекше қызмет сипаты үшін жұмыс істеген уақытқа пропорционалды түрде айқындалады.

49. Қосымша демалыс негізгі демалыспен бірге немесе жеке берілуі мүмкін.

Зиянды ауыр жағдайларда міндетін атқарғаны, қызметтің ерекше түрі, сондай-ақ экологиялық апат аймақтарында әскери қызметін өткергені үшін, бір мезгілде қосымша демалысқа құқы бар офицерлерге қосымша демалыс олардың қалауы бойынша тек бір негіз бойынша беріледі.

Негізгі және қосымша демалыстың жалпы ұзақтығы демалысты өткізетін

жерге барып, қайту жолы үшін қажетті уақытты есептемей, екі айдан аспауы керек.

Негізгі демалыс, егер қосымша демалыс сонымен бір мезгілде берілген кезде офицердің тілегі бойынша екіге бөлініп беріледі.

50. Офицерлер қызметтік қажеттіліктен басқа жағдайда демалыстан кері шақыртылып алуға жатпайды. Қызмет қажеттілігі туындаған жағдайда олар дивизия командирінен бастап оған тең және одан жоғары тікелей бастықтың жазбаша рұқсаты негізінде демалыстан кері шақырылуы мүмкін. Осыған байланысты пайдаланылмаған демалыс бөлігі офицерлерге берілген күнтізбе жыл ішінде басқа уақытта берілуі немесе келесі күнтізбелік жылда берілетін демалысқа қосылуы мүмкін. Мұндай жағдайда, офицерге берілген демалыстың пайдаланылмаған бөлігі, берілген күнтізбе жыл ішінде 10 тәулік және одан да көп болса, оған демалыс өткізетін жерге барып, қайту жолы үшін, бірақ өзі кері шақырылған пункттен аспайтын, жол құжаттары беріледі, сондай-ақ демалыстан тыс, бару жолына уақыт беріледі.

Өз өкілеттігі шегінен шыққан және офицерді демалыстан шақыртып алған басқа командирлер (бастықтар) тәртіптік, сондай-ақ үзілген демалысты қалпына келтіру үшін қосымша шығындарға өтем жасайтын мөлшерде материалдық жауапкершілік атқарады.

51. Дәлелді себептерсіз қызметке келмей қалған офицерлерге, ағымдағы немесе келесі жылы берілетін негізгі және зиянды жағдайларда міндет атқарғаны және қызметтің ерекше сипаты үшін берілетін қосымша демалыстар келмей қалған күндердің санына қысқартылады. Мұндай жағдайда, негізгі және қосымша демалыстар жиынтығы 15 тәуліктен кем болмауы керек.

Аталған демалыстарды азайту жөніндегі шешімді демалыс беру құқығын пайдаланатын командир (бастық) қабылдайды.

52. Әскери қызметтен босатылатын офицерлерге, босатылатын жылы негізгі демалыс:

1) жасына, денсаулық жағдайына, штат қысқартылуына байланысты босатылғандарға - осы Ереженің 45-бабында белгіленген ұзақтықпен;

2) басқа негіздер бойынша босатылғандарға - босатылатын жылы қызмет өткерген уақытында пропорционалды түрде есептелген ұзақтықта беріледі. Сондай-ақ, зиянды ауыр жағдайларда міндет атқарғаны немесе қызметтің ерекше түрі үшін берілетін қосымша демалыс та босатылатын жылы қызмет өткерген уақытқа пропорционалды түрде есептелген ұзақтықта беріледі.

Ағымдағы жылы жеке құрам бойынша бұйрықпен Қазақстан Республикасының Қарулы Күштер қатарынан босатылған және келесі жылы әскери бөлімдердің жеке құрамы тізімінен шығарылуға жататын, оның ішінде Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері қатарынан босатылуы бойынша

берілген негізгі және қосымша демалыстар аяқталғаннан кейін, әскери бөлімдерге қайтып оралмайды және әскери бөлім жеке құрамы тізімінен шығарылған жылы негізгі және қосымша демалыстар алуға құқы жоқ.

Офицерлік құрамдағы адамдарға негізгі және қосымша демалыстар берілген жағдайда, олар штаттық лауазымдарды алып отырмаған кезеңде тиісті командирлер (бастықтар) қарамағында болған кезеңдегі жалпы ұзақтығынан демалыс уақыты алынып тасталады.

53. Офицерлерге ауруы бойынша демалыс емдеу мекемесіндегі емі аяқталған соң әскери-дәрігерлік комиссияның қаулысы негізінде беріледі.

Ауруы бойынша демалыс ұзақтығы 30 тәулікке дейін, ал жекелеген жағдайларда жарақаттанған, контузия алған, зақымданған және ауырып қалған кездерде, олардың сипатына қарай 60 тәулікке дейін беріледі.

Офицерлерге әскери қызметтен босатылған кезде ауруы бойынша демалыс берілмейді.

Ауруы бойынша демалыс негізгі және қосымша демалыстардың есебіне саналмайды.

54. Шұғыл әлеуметтік-тұрмыстық мәселелерді шешу үшін, ең алдымен, денсаулық сақтауға, туыстық парызын өтеуге, сондай-ақ басқа да себептерге байланысты, әскери бөлім командирлері офицерлерге отбасы жағдайына байланысты әрбір жағдайда ұзақтығы 10 тәулікке дейін қысқа мерзімді демалыс бере алады. Демалыс өткізетін жерге баруға және қайтуға қажетті уақыт қосымша беріледі.

Қысқа мерзімді демалыстар негізгі демалыс есебіне кірістірілмейді.

55. Адъюнктураға, әскери докторантураға, сондай-ақ азаматтық жоғары оқу орындарына түсетін офицерлерге қабылдау емтихандарына даярлану және оны тапсыру үшін ұзақтығын Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі белгілейтін демалыстар беріледі.

Әскери оқу орындарында күндізгі бөлімде оқитын офицерлерге оқу кездерінде үзіліс болған кезде оқу жоспарында белгіленген мерзімге демалыс беріледі.

Осы Ереженің 45,47,56-баптарында көзделген демалыстар докторант, адъюнктант офицерлерге, тыңдаушыларға берілмейді.

Әскери оқу орнын бітіруіне байланысты демалыс офицерлерді қызмет өткеретін жерге жіберуге дейін беріледі және негізгі демалыс есебіне кірістіріледі.

Азаматтық жоғары және орта арнаулы оқу орындарында кешкі және сырттай оқу нысанында оқитын офицерлерге емтихан сессиясын тапсыруы кезеңіне ұзақтығы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес белгіленетін демалыстар беріледі.

56. Шығармашылық демалыстар, күндізгі адъюнктурада немесе докторантурада дайындықтан өтушілерден басқа, офицерлерге диссертациялық жұмыстарын аяқтауы, оқулықтар жазу үшін және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бұйрығында көзделген басқа да жағдайларда беріледі.

57. Офицер-әйелдерге ана болуына байланысты демалыстар:

1) екіқабат болуына және босануына байланысты - ақшалай және заттай үлестерді азық-түлік пайын сақтай отырып;

2) балаға күтім жасауына байланысты жартылай төленетін - қалауы бойынша, ақшалай және заттай үлестерді, азық-түлік пайын сақтаусыз;

3) балаға күтім жасауына байланысты қосымша демалыс - қалауы бойынша ақшалай және заттай үлестерді, азық-түлік пайын сақтаусыз беріледі.

Аталған демалыстар Қазақстан Республикасының заңдарында жұмысшылар мен қызметшілерге ана болуына байланысты берілетін демалыстар туралы белгіленген ұзақтықта беріледі. Осы демалыстардың ұзақтығы әскери атаққа еңбек сіңіру мерзіміне, еңбек сіңірген жылдарына үстеме ақы төлеу үшін қызмет мерзімі шектелетін жерлерде және биік таулы жерлерде үздіксіз қызмет істегені үшін үстеме ақы төлеу үшін офицерлік құрамдағы қызметке еңбек сіңіру жылдарына, сондай-ақ зейнетақы алуға еңбек сіңірген жылдарына есептеледі.

Жүкті болуына және босануына байланысты демалыс негізгі және қосымша демалыстардың есебіне кірмейді.

Жүктілігіне және босануына байланысты демалыстың алдынан немесе одан кейін офицер-әйелдерге ағымдағы жыл үшін негізгі және қосымша демалыстар беріледі.

Балаға күтім жасау бойынша берілетін демалыс аяқталған жылғы және қосымша демалыс осы демалыс аяқталған күннен бастап күнтізбелік жылдың аяғына дейінгі уақытқа пропорционалды есептеледі.

## 5-тарау. Әскери қызметтен босату

58. Әскери қызметте болудың шекті жасына жеткен офицерлер әскери қызметтен босатылуға жатады.

Әскери қызметте болудың шекті жасынан тыс әскери қызметте қалдырылған офицерлер осы Ережеде көзделген негіздер бойынша олар қалдырылған мерзім біткенге дейін босатылуы мүмкін.

Офицерлерді әскери қызметтен босату осы Ереженің 59-62-баптарында көзделген негіздердің біріне сүйеніп жүргізіледі.

Офицерлерді әскери қызметтен:

1) егер, босатылушылар запасқа шығарылатын шекті жасқа жетпеген жағдайда және денсаулығы бойынша бейбіт немесе соғыс уақытында әскери қызметке жарамсыз болса, запасқа;

2) егер, босатылушылар запасқа шығарылатын шекті жасқа жетсе немесе

әскери-дәрігерлік комиссия денсаулық жағдайына сәйкес әскери есептен шығара отырып, әскери қызметке жарамсыз деп таныса, отставкаға;

3) егер, босатылушылар жасаған қылмыстары үшін бас бостандығынан айыруға немесе олар түзеу жұмыстарына тартыла отырып, шартты түрде бас бостандығынан айыруға сотталған болса, әскери қызметтен босатылады.

Офицерлік құрам адамдарына алда болатын әскери қызметтен запасқа немесе отставкаға босату туралы босатуға кемінде екі ай қалғанда хабарлайды. Олармен өздеріне қарасты және басқа да тікелей бастықтар (әскери бөлім командирінен бастап одан да жоғары) жеке әңгіме жүргізеді. Жағымсыз себептер бойынша босатылған адамдармен жеке әңгімелесулер өткізілмейді.

Офицерлерді әскери қызметтен босатуға ұсыну алдында денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке жарамдылық дәрежесін анықтау үшін, қаулылары босатудың негізін айқындау кезінде ескерілетін әскери-дәрігерлік комиссияға куәландыруға жіберіледі. Медициналық куәландыру офицердің рапорты бойынша өткізілмеуі немесе амбулаториялық түрде өткізілуі мүмкін.

Офицерлік құрам адамын әскери қызметтен запасқа немесе отставкаға босату күні болып бұл адамдардың әскери бөлім жөніндегі бұйрықпен бөлім жеке құрамының тізімінен шығарылған күні саналады.

Запасқа (отставкаға) шығуға тиіс офицерлер істері мен лауазымдарын тапсырғаннан соң Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Ішкі қызмет жарғысымен белгіленген мерзімде, бірақ офицер кезекті демалыста немесе емдеуде болған жағдайларды қоспағанда, әскери бөлім запасқа (отставкаға) шығару туралы жазбаша бұйрықты алған күнінен бастап бір ай мерзімінен кешіктірмей босатуы тиіс.

*Ескерту: 58-тармаққа толықтыру енгізілді - ҚР Қорғаныс министрінің 2003 жылғы 13 қазандағы N 338* бұйрығымен .

59. Офицерлер әскери қызметтен запасқа:

1) қызмет еткен жылдары бойынша және әскери қызметте болудың зейнетақы алуға құқық беретін шекті жасына жеткенде;

2) жасы бойынша - әскери қызметте болудың шекті жасына жеткен жағдайда;

3) ауруы бойынша - әскери-дәрігерлік комиссияның әскери қызметке жарамсыздығы туралы қорытындысының (қаулысының) негізінде;

4) шектеулі денсаулық жағдайы бойынша - әскери-дәрігерлік комиссияның әскери қызметке шектеулі жарамдылығы, атқарып отырған лауазымы бойынша денсаулық жағдайына байланысты міндетін атқарудың мүмкін еместігі және қызметі бойынша міндетін денсаулық жағдайын ескере отырып, атқара алатын лауазымға қызмет бойынша ауыстыру мүмкіндігі жоқ екендігі туралы қаулысының негізінде;

5) қызметіне сәйкессіздігі бойынша - іскерлік және моральдік сапаларын ескере отырып, командованияның шешімі бойынша;

6) штаттың қысқартылуына немесе ұйымдастыру шараларына байланысты әскери қызметте пайдалану мүмкіндігі болмаған жағдайда;

7) отбасы жағдайына байланысты. Мұнда отбасы жағдайы дегенге әйелімен ( күйеуімен, балаларымен) болған қайғылы жағдайлар, немесе офицердің немесе оның жұбайының ата-анасы тарапынан (отбасы-мүліктік тексерулер актісі және әскери-дәрігерлік комиссия қаулысы негізде) бөтен адамның тұрақты қамқорлығын қажет ететін жағдайлар туындаған кездер жатады. Осындай негізде әскери қызметтен босатуға әскери міндеттерін орындауға кедергі келтіретін аса дәлелді себептері бар офицер-әйелдер жатады;

8) келісім-шарттың бұзылуына байланысты - тараптар келісім-шарттың ережелерін сақтамаған жағдайда;

9) Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаты және жергілікті уәкілетті органдар комиссияларының босатылатын төрағасы болып сайланған кезде;

10) келісім-шарттың мерзімі аяқталған кезде;

11) келісім-шарт, жасалмаған жағдайда босатылады.

*Ескерту: 59-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қорғаныс министрінің 2003 жылғы 13 қазандағы N 338* бұйрығымен .

60. Офицерлер әскери қызметтен отставкаға:

1) жасы бойынша - запаста болудың шекті жасына жеткенде;

2) ауруы бойынша - әскери-дәрігерлік комиссияның әскери есептен шығарумен, әскери қызметке жарамсыздығы туралы қаулысының негізінде.

61. Офицерлер әскери қызметшінің арына нұқсан келтіретін қылықтары үшін ар сотының шешімі мен аттестациялық комиссияның қорытындысы негізінде әскери қызметтен запасқа немесе отставкаға босатылады.

62. Қылмыс жасағаны үшін сотталған офицерлер (әскери атағын алусыз):

1) бас бостандығынан айырылып сотталуына байланысты немесе түзеу жұмыстарына міндетті түрде тарта отырып, бас бостандығынан шартты түрде айырумен сотталғандар әскери қызметтен;

2) бас бостандығынан айырылып сотталуына байланысты емес жазалау шараларына сотталумен байланысты - егер олар шартты түрде немесе үкімді ақтау мерзімін кейінге қалдырумен сотталған, сондай-ақ егер бас бостандығынан айыруға сотталған, бірақ жазаны өтеуден амнистия бойынша босатылған болса, әскери қызметтен запасқа немесе отставкаға босатылады.

Осы баптың 2-тармағында аталған офицерлер (бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеуден амнистия бойынша босатылғандардан басқалар) тиісті командирдің өтініш жасауымен, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің шешімі бойынша әскери қызметте, офицерлік құрамның тікелей бағынысында

әскери қызметшілер ұстау штатта көзделмеген қызметте, пайдалану үшін қалдырылуы мүмкін. Мұндай офицерлерді босату туралы келесі шешімді қабылдаған кезде, оларды босату осы Ереженің 59, 60, 61-баптарының негізі бойынша жүргізіледі.

Офицерлік құрамның оған қатысты қылмыстық іс қозғалып және тергеу жүргізіліп жатқан немесе сотта қылмыстық іс қаралып жатқан адамын іс бойынша ақырғы шешім шығарылғанға дейін әскери қызметтен босатуға болмайды.

Қылмыстық істер бойынша тергеу кезеңінде күзеттен қамауға алынғандар атқаратын қызметінен босатылады және барлық тергеу кезеңінде тиісті командирлердің (бастықтардың) қарамағына енгізіледі. Офицер тергеу кезеңінде күзетпен қамауға алынбаған жағдайда оны атқаратын қызметінен босатып, басқа жұмысқа уақытша ауыстыру туралы мәселені командование тергеуді жүргізіп жатқан әскери құқық қорғау органдарының келісімі бойынша шешеді.

63. Офицерлерді әскери қызметтен осы Ереженің 59-62 баптарында көзделген негіздемелер бойынша Номенклатураға сәйкес босатады.

Офицерлік құрамның осы Ереженің 59-61-баптары бойынша босатылған адамдары босатылған күннен бастап хабарланған бұйрық бойынша бір ай ішінде бұл шешімге оны қабылдаған сатыда, не сотта шағымдануға құқысы бар.

Заңсыз босатылған жағдайда Номенклатураға сәйкес офицерлердің әскери қызметке бұрынғы қызметіне қайта алғызады.

Заңсыз босатылған сәттен бастап әскери қызметке қайта алынған және қызметке тағайындалған сәтке дейінгі барлық кезең еңбек сіңірген жылдарға, соның ішінде жеңілдікпен есептеулерге және офицерлік құрамның әскери атағына еңбек сіңіру мерзіміне есептеледі.

Кінәлі адамдардың офицерге келтірілген материалдық залалды өтеу тәртібі әскери қызметшілердің материалдық жауапкершілігі туралы ережемен айқындалады.

*Ескерту: 63-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қорғаныс министрінің 2003 жылғы 13 қазандағы N 338* бұйрығымен .

64. Қайтыс болған, қаза тапқан, хабар-ошарсыз кеткен немесе әскери атағынан айырылған, сондай-ақ соғыс қимылдарына байланысты хабар-ошарсыз жоғалған офицерлер хабар-ошарсыз кету себептері мен жағдайларын тексеру нәтижелерінің негізінде офицердің жоқ екендігі немесе хабар-ошарсыз жоғалғаны туралы мәліметті алғаннан кейін, офицердің қайтыс болуы, қаза табуы, әскери атағынан айырылуынан кейін үш айдан кешіктірмейтін мерзімде Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бұйрығымен офицерлік құрамның санынан шығарылады.

Офицерлерді соғыс қимылдарымен байланысты хабар-ошарсыз немесе

хабар-ошарсыз жоғалған деп тану Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес сот тәртібімен жүргізіледі.

65. Әскери қызметте 25 және одан да көп жыл қызмет өткерген офицерлерге запасқа немесе отставкаға босаған кезінде оларға әскери киім нысанын киюге, осы Ереженің 59 (5,8 тармақшалары), 61, 62 тармақтары бойынша әскери қызметтен босатылғандардан басқалары, рұқсат етіледі.

## 6-тарау. Келісім-шарт бойынша әскери қызметті ескеру ерекшеліктері

*Ескерту: 6-тарау (66-90-тармақтар) алынып тасталды - ҚР Қорғаныс министрінің 2003 жылғы 13 қазандағы N 338* бұйрығымен .

## 7-тарау. Шақыру бойынша әскери қызмет өткерудің ерекшелігі

*Ескерту: 7-тараудың атауы жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қорғаныс министрінің 2003 жылғы 13 қазандағы N 338* бұйрығымен .

91. Қысқа мерзімді қызмет офицерлері:

1) "Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" 1993 жылғы 19 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабына сәйкес офицерлік құрамның лауазымдарын жинақтау үшін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бұйрығымен бейбіт уақытта үш жылға әскери қызметке шақырылуы мүмкін запастағы офицерлерден;

2) еріктілік тәртіппен келісім-шарт бойынша әскери қызметке қабылдануы мүмкін запастағы офицерлерден жинақталады. Әскери қызметке қабылдау кезінде офицер мен Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі арасында тараптардың өзара міндеттемелері, сондай-ақ оларды орындау кепілдігі айқындалатын келісім-шарт жасалады. Алғашқы келісім-шарт 3 жыл немесе 5 жыл мерзімге жасалады. Келісім-шарттардың түрлері, мерзімі, оларды жасау тәртібі, сондай-ақ тараптардың өзара міндеттемелерін жүзеге асыру тетігі осы Ережеде айқындалады.

Қызметке тағайындау, кезекті әскери атақтарды беру, қызметі бойынша жоғарылату, аттестациялау, әскери атақты алу, әскери атақты төмендету және қалпына келтіру осы Ережеде көзделген тәртіппен, сондай-ақ келісім-шарт ережелерімен жүргізіледі.

Шақыру бойынша офицерлерін алғаш тағайындағаннан кейін олармен оқу-әдістемелік жиындар жүргізіледі.

*Ескерту: 91-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қорғаныс министрінің 2003 жылғы 13 қазандағы N 338* бұйрығымен .

92. Әскери қызметке үш жылға шақырылған запастағы офицерлер олардың әскери атағы алынған жағдайда, егер мұндайда олар қолданылып жүрген

заңдарға сәйкес босатылуға немесе шақырылу мерзімін кейінге қалдыруға құқылы болмаса, мерзімдік әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткергенге дейін әскери қызметін бұдан әрі жалғастыру үшін қатардағылардың, матростардың жағдайына ауыстырылады.

93. Шақыру бойынша офицерлеріне негізгі, қосымша, қысқа мерзімді демалыстар және ауруы бойынша демалыстар осы Ережеде көзделген тәртіппен беріледі.

Осы Ереженің 56-бабында көзделген демалыстар шақыру бойынша офицерлеріне берілмейді.

*Ескерту: 93-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қорғаныс министрінің 2003 жылғы 13 қазандағы N 338* бұйрығымен .

94. Шақыру бойынша офицерлеріне, егер бұл қызмет мүдделеріне және олар табысты аттестацияланған жағдайларда офицерлердің қалауына орай әскери қызметтің мерзімі Келісім-шарт бойынша әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабында белгіленген мерзімге жаңа келісім-шарт жасасу жолымен ұзартылуы мүмкін:

1) 3 жылға шақырылғандарға - шақыру бойынша қызмет мерзімі аяқталуы және 3 немесе 5 жыл мерзімге келісім-шарт жасауы бойынша;

2) келісім-шарт бойынша қызмет өткерушілерге - кемінде 5 жыл мерзімге қайтадан жасалған келісім-шарт бойынша.

Бұдан былай келісім-шарт әрбір кезде әскери қызметте болудың шекті жасына жеткенге дейін кемінде 5 жыл мерзімге ұзартылуы мүмкін.

Әскери қызметте болудың шекті жасына жеткен офицерлер аса қажет жағдайларда олардың келісімі бойынша, бірақ әрі кеткенде 5 жылға жаңа келісім-шарт жасағаннан кейін әскери қызметте қалдырылуы мүмкін.

*Ескерту: 94-тармаққа өзгерту және толықтыру енгізілді - ҚР Қорғаныс министрінің 2003 жылғы 13 қазандағы N 338* бұйрығымен .

95. 3 жылға шақыру бойынша қызмет өткеретін офицерлер:

1) қызмет мерзімін өткеру бойынша - Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген қызмет мерзімі аяқталғанда;

2) ауруы бойынша - әскери-дәрігерлік комиссияның бейбіт уақытта әскери қызметке жарамсыздығы (соғыс уақытында - әскери-қызметке шектеулі жарайтындығы) туралы қаулысының негізінде;

3) денсаулық жағдайының шектеулілігі бойынша әскери-дәрігерлік комиссияның әскери қызметке шектеулі жарамдылығы, денсаулық жағдайына байланысты атқаратын қызметі бойынша міндеттерін атқару мүмкін еместігі және қызметі бойынша денсаулық жағдайын ескере отырып ол міндетін атқара алатын қызметке орын ауыстыру мүмкіндігі жоқ екендігі туралы қаулысының негізінде;

4) штат қысқарылуына байланысты - штат қысқартылуына немесе ұйымдастыру шараларына байланысты әскери қызметке пайдалану мүмкіндігі болмаған кезде;

5) қызметке сәйкес келмеуі бойынша - әскери қызметшінің іскерлік және моральдық қасиеттерін негіздей отырып қолбасшылықтың шешімі бойынша әскери қызметтен запасқа босатылады.

3 жылға шақырылуы бойынша қызмет өткеріп жүрген және қылмыс жасағаны үшін сотталған офицерлер осы Ереженің 62-бабы бойынша Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бұйрығымен босатылады.

3 жылға шақырылуы бойынша қызмет өткеріп жүрген офицерлер заңсыз босатылған жағдайда оларды әскери қызметке қайта алу осы Ереженің 63-бабына сәйкес жүргізіледі.

Осы тармақтың 1, 2 және 3 тармақшаларында көзделген негіздер бойынша офицерлік құрамның әскери қызметтен босатылуын Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері түрлері қолбасшыларының, оларға тең және олардан жоғары қолбасшының бұйрығы бойынша жүргізіледі. Осы тармақтың 4 тармақшасы бойынша әскери қызметтен босату Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрінің бұйрықтары бойынша жүргізіледі.

*Ескерту: 95-тармаққа толықтыру енгізілді - ҚР Қорғаныс министрінің 2003 жылғы 13 қазандағы N 338* бұйрығымен .

96. 3 жылға шақыру бойынша қызмет өткеріп жүрген, әскери-дәрігерлік комиссия әскери есептен шығара отырып, әскери қызметке жарамсыз деп танылған офицерлер ауруы бойынша әскери қызметтен отставкаға босатылады.

Офицерлік құрамды осы Ереженің 95, 96-баптары бойынша босату Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бұйрығымен жүзеге асырылады.

## 8-тарау. Запастағы қызмет, отставкада болу

97. Запастағы офицерлік құрам әскери қызметтен запасқа босатылған офицерлерден құралады.

Бұл құрам:

1) запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша жоғары және орта арнаулы азаматтық оқу орындарында толық әскери даярлық курсынан өткен адамдарға;

2) әскери қызметтен запасқа босатылған және тиісті білімі бар, запастағы офицерлерді даярлау жөніндегі оқу жиындарынан өткен қатардағы, сержанттық және старшина құрамының адамдарына, прапорщиктер мен мичмандарға;

3) тиісті әскери мамандықтарға тектес мамандықтар бойынша азаматтық жоғары оқу орындарын бітірген әскери міндеттілер мен әйелдерге;

4) запастағы офицерлерді даярлау жөніндегі оқу жиындарынан өткен әскери міндеттілерге офицерлік құрамның әскери атақтарын беру жолымен толықтырады.

"Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 19 қаңтардағы Заңына сәйкес запастағы офицерлер мынадай шекті жасқа дейін болады:

1) бірінші разрядты запаста:

кіші офицерлер - 45 жасқа дейін; аға офицерлер - 50 жасқа дейін; жоғары офицерлер - 55 жасқа дейін;

2) екінші разрядты запаста:

кіші офицерлер - 50 жасқа дейін; аға офицерлер - 55 жасқа дейін; жоғары офицерлер - 60 жасқа дейін;

3) үшінші разрядты запаста:

кіші офицерлер - 55 жасқа дейін; аға офицерлер - 60 жасқа дейін; жоғары офицерлер - 65 жасқа дейін.

Денсаулық жағдайы бойынша әскери-дәрігерлік комиссия әскери қызметке шектеулі жарамды немесе бейбіт уақытта әскери қызметке жарамсыз, не соғыс уақытында әскери қызметке шектеулі жарамды деп танылған запастағы офицерлер үшінші разрядты запаста әскери есепте тұрады.

Офицер-әйелдер, офицерлік құрамның әскери атағына қарамастан, үшінші разрядты запаста тұрады. Запаста болудың шекті жасы 50 жас деп белгіленеді.

98. Запас бойынша, офицерлік құрамның әскери атағы олардың әскери атағы олардың әскери және арнаулы даярлықтары мен осы Ережеде көзделген басқа жағдайларды ескере отырып офицерлік құрамға аттестацияланған адамдарға дербес беріледі.

99. Запас бойынша офицерлік құрамның "кіші лейтенант" бірінші әскери атағы:

1) орта білімі бар және мерзімді әскери қызмет кезеңінде запастағы офицерлерді даярлау жөніндегі жиындардан өткен әскери міндеттілерге;

2) орта білімі бар, запаста болу кезеңінде мерзімдік әскери қызмет пен запастағы офицерлерді даярлау жөніндегі оқу жиындарынан өткен әскери міндеттілерге;

3) мерзімдік әскери қызметті өткермеген әскери міндеттілерге және тиісті әскери мамандығына тектес мамандық бойынша орта арнаулы оқу орындарын бітірген әйелдерге беріледі.

100. Запас бойынша офицерлік құрамның "лейтенант" алғашқы әскери атағы:

1) әскери оқу орындарын бітірісімен тікелей әскери қызметтен босатылатын курсанттарға:

денсаулығы бойынша - әскери-дәрігерлік комиссия бейбіт уақытта әскери қызметте жарамсыз (соғыс уақытында шектеулі жарамды) деп таныған;

отбасы жағдайы бойынша - оқу бітіруші әйелдерге;

әскери қызметте қалдырмай, Қазақстан Республикасының азаматтық министрліктері мен комитеттеріне іссапармен жұмысқа жіберілуіне байланысты;

ұйымдастыру шараларына байланысты;

2) азаматтық жоғары оқу орындарында запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша толық әскери даярлық курсынан өткен және белгіленген емтихандарды тапсырған адамдарға;

3) мерзімді әскери қызметті өткерген және тиісті әскери мамандықтарға тектес мамандық бойынша азаматтық жоғары оқу орындарын бітірген әскери міндеттілерге;

4) жоғары білімі бар және мерзімді әскери қызмет кезеңінде запастағы офицерлерді даярлау жөніндегі жиындардан өткен әскери міндеттілерге;

5) жоғары азаматтық білімі бар, мерзімді әскери қызметтен және запаста болу кезеңінде запастағы офицерлерді даярлау жөніндегі оқу жиынын өткерген әскери міндеттілерге;

6) мерзімді әскери қызмет өткермеген әскери міндеттілерге және тиісті әскери мамандықтарға тектес мамандық бойынша жоғары оқу орнын бітірген әйелдерге беріледі.

101. Запас бойынша офицерлік құрамның алғашқы әскери атағын Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі береді.

102. Запастағы офицерлерге кіші және аға офицерлік құрамның кезекті әскери атақтары бұрынғы атағына белгіленген еңбек сіңіру мерзімі өткеннен кейін және олар табысты аттестацияланған кезде беріледі. Запастағы офицерлерге капитаннан бастап полковникті қоса, әскери атақтар олар кезекті атаққа сәйкес келетін қызмет бойынша оқу жиындарын табысты өткерген жағдайда беріледі. Берілген атақта жүрген кезеңдерінде жиындардан өтпеген запастағы офицерлерге капитаннан бастап және одан жоғары кезекті атақтар олардың әскери есептілік мамандықтарына тектес мамандықтар бойынша халық шаруашылығында қажетті жұмыс тәжірибесі немесе олар әскери қызметке шақырылған жағдайда тағайындалатын міндеттерді атқаруға арналған қызметтерді ескере отырып, офицерлік құрам қызметкерлеріндегі жұмыс тәжірибелері болған жағдайларда беріледі.

103. Запастағы офицерлер үшін офицерлік құрамның әскери атақтарына мынадай еңбек сіңіру мерзімі белгіленеді:

1) кіші лейтенант атағына - 2 жыл;

2) лейтенант атағына - 3 жыл;

3) аға лейтенант атағына - 4 жыл;

4) капитан атағына - 4 жыл;

5) майор атағына - 5 жыл;

6) подполковник атағына - 6 жыл;

Запастағы офицерлерге берілген әскери атаққа еңбек сіңіру мерзімі атақты беру туралы бұйрыққа қол қойылған күннен бастан есептеледі.

104. Запастағы офицерлерге офицерлік құрамның кезекті әскери атағын жүйелі тәртіппен Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі береді.

Мамандығы бойынша жоғары даярлығы және үлкен жұмыс тәжірибесі бар, сондай-ақ жұмылдыру бойынша шақыру жөнінде кейінге қалдыру құқығы бар жекелеген запастағы офицерлерге соғыс уақытында әскери қызметке айқындау немесе тағайындау кезінде (бірақ олар тағайындалуға жататын қызмет бойынша штатта көзделген атақтан жоғары емес) ерекшелік тәртібімен, осы Ереженің 103-бабында көзделген еңбек сіңіру мерзімдеріне қарамастан, өзіндегі әскери атақтардан бір-үш сатыға жоғары офицерлік құрамның әскери атақтарын Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі береді.

105. Кіші және аға офицерлік құрамның запастағы адамдарының әскери атақтың аты мен абыройына кір келтіретін теріс қылық жасағаны үшін әскери атағын бір сатыға төмендету Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бұйрығымен жүргізіледі.

106. Офицерлік құрамның әскери атағы төмендетілген, бірақ өзін өндірістік немесе басқа қоғамдық-пайдалы жұмыстарда ақтаған запастағы офицерлердің бұрынғы әскери атағын, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі, әскери комиссариат жанындағы Жәрдем беру комитетінің пікірін ескере отырып, бірақ әскери атағы төмендетілгеннен кейін екі жылдан ерте емес, уақытта қалпына келтірілуі мүмкін.

Бұрынғы әскери атағы қалпына келтірілген, офицерлік құрамның запастағы немесе отставкадағы адамдарына олар әскери атағы төмендегенге дейін пайдаланған құқықтары мен жеңілдіктері беріледі. Бұрынғы әскери атағы запаста немесе отставкада болған кезеңде берілген, әскери атақтары әскери қызмет өткеріп жүрген кезеңде төмендетілген офицерлік құрамның адамдары оларға нақты әскери қызметтен босаған кезінде берілген құқықтар мен жеңілдіктерді пайдаланады.

107. Офицерлік құрамға жат теріс қылықтар жасаған запастағы офицерлерді әскери комиссариат жанындағы Жәрдем беру комитетінің пікірін ескере отырып, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі әскери атағынан айыруы мүмкін.

Қылмыс жасаған запастағы офицерлер әскери атағынан сот үкімі бойынша айыруы мүмкін.

108. Офицерлік құрамның әскери атағынан төмендетілген, бірақ өзін әскери атағына қалпына келтіруге өндірістік немесе басқа қоғамдық-пайдалы еңбекке адал ниетпен қатысуымен және үлгілі тәртібімен көрсеткен запастағы

офицерлерге әскери комиссариат жанындағы Жәрдем беру комитетінің пікірін ескере отырып, атағынан айрылғаннан кейін бірақ кемінде төрт жылдан ерте емес, офицерлік құрамның әскери атағын, соның ішінде бұрынғы әскери атағын да Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі қалпына келтіруі мүмкін.

Әскери атағынан сот үкімімен айрылған адамдардың атағы соттылығы алынғаннан (өтелгеннен) кейін қалпына келтіріледі.

109. Запастағы офицерлердің әскери даярлығын көтеру үшін "Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" заңда айқындалған ұзақтықта жиынға шақырылуы мүмкін.

Белгіленген ұзақтық шегінде жиындарды өткізу тәртібі мен мерзімі Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің бұйрығымен айқындалады.

110. Әскери атақтың аты мен абыройына кір келтіретін теріс қылықтар жасаған жағдайда запастағы офицерлер әскери комиссариат жанындағы Жәрдем беру комитетінің пікірі бойынша Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бұйрығымен әскери нысанның киімін кию құқығынан айрылуы мүмкін.

Әскери нысандағы киім кию құқығынан айрылған запастағы офицерлердің әскери комиссариат жанындағы Ықпал ету комитетінің пікірін ескере отырып, тәртібі мінсіз болған жағдайда Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің бұйрығымен әскери нысандағы киім кию құқығы қалпына келтірілуі мүмкін.

111. Запастағы офицерлер мынадай әскери қызметке айқындалуы мүмкін:

1) еріктілік тәртібімен келісім-шарт бойынша;

2) үш жылға шақыру бойынша - жасы 29-дан аспаған, мерзімді әскери қызметті өткермеген адамдардың ішінен. Ерекше жағдайларда жоғары даярлығы және жұмыс тәжірибесі мол жекелеген запастағы офицерлер Қарулы Күштерге 29 жастан асқанда да шақырылуы мүмкін.

Запастағы офицер-әйелдер бейбіт уақытта әскери қызметке шақырылмайды. Олар еріктілік тәртібімен әскери қызметке осы тармақтың 1 тармақшасына сәйкес айқындалуы мүмкін.

112. Отставкадағы офицерлерге офицерлік құрамның кезекті әскери атағы берілмейді. Отставкадағы офицерлердің әскери атағын төмендету қалпына келтіру және алу осы Ереженің 105-108-тармақтарында көзделген жағдайлар мен тәртіпте жүргізіледі. Сонымен бірге отставкадағы офицерлерге офицерлік құрамның бұрынғы атағы қалпына келтіріле отырып, тиісті құқықтар мен жеңілдіктер осы Ереженің 106-тармағында көзделген тәртіпке сәйкес беріледі.

Отставкадағы офицерлер, сондай-ақ әскери нысанның киімдерін кию құқығынан айрылуы, кейіннен осы Ереженің 110-тармағында көзделген жағдайлар мен тәртіпте осындай құқықты қайта алуы мүмкін.

113. Әскери міндеттілер запаста болу кезеңінде оқу, байқау жиындарына Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бұйрығымен және арнаулы

жиындарға Қазақстан Республикасы Президентінің шешімі бойынша шақырылуы мүмкін.

## 9-тарау. Соғыс уақытында әскери қызмет өткеру ерекшеліктері

114. Әскери құрамның адамдары соғыс уақытында осы тарауда және соғыс уақытында арнап қабылданған басқа құқықтық актілерде көзделген ерекшеліктерді ескере отырып әскери қызметтерін өткереді.

115. Жұмылдыру жарияланған кезде:

1) осы уақытта Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қатарында тұрған, соның ішінде жиынға шақырылған офицерлік құрамның барлық адамдары айрықша ұйғарым болғанға дейін ұсталады. Офицерлік құрамның бөлімнің жеке құрамы тізімінен шығарылмаған адамдарын әскери қызметтен босату туралы бұйрықтар, ауруы бойынша отставкаға босату туралы бұйрықтан басқасы, қайтып алу жатқызылады. Бұл әскери қызметшілер бұрынғы қызметтері бойынша міндеттерін атқаруға кіріседі, ал осы қызметтерді басқа әскери қызметшілер алмастырған жағдайда - тиісті тікелей бастықтардың нұсқауы бойынша пайдаланылады;

2) ауруы, екіқабат болуы және тууы бойынша демалыстарды қоспағанда, барлық демалыстар тоқтатылады, ал демалыста жүрген офицерлік құрамның адамдары қызмет орнына дереу оралуға міндетті;

3) офицерлік құрамның запастағы адамдары олардың жұмылдыру ұйғарымында, алған шақыру қағаздарында немесе аудандық (қалалық) әскери комиссарлардың бұйрықтарында көрсетілген мерзімде пункттерге келеді;

4) әскери қызметтегі және соғыс уақытындағы штат бойынша қызметке тағайындалған офицерлік құрамның адамдары, сондай-ақ офицерлік құрамның әскери бөлімдерге тіркелген адамдары жұмылдыру ұйғарымына сәйкес қызметтері бойынша міндеттерін атқаруға кіріседі.

Қызмет орнына дәлелді себептерсіз демалыстан қайтып оралмаған немесе жұмылдыру бойынша оларға көрсетілген пунктке және сол мерзімде келмеген офицерлік құрамның адамдары соғыс уақытының заңдары бойынша жауапкершілікте болады.

116. Запастағы офицерлік құрамның адамдарын жұмылдыру бойынша әскери қызметке шақыру және соғыс уақытындағы кезекті шақыруларды Қазақстан Республикасы Президенті Жарлығының негізінде шығарылған Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бұйрықтарына сәйкес әскери комиссариаттар жүзеге асырады.

117. Қарулы Күштердің әскери қызметтегі офицерлік құрамы соғыс уақытында:

1) "Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы"

Қазақстан Республикасы Заңының 29-бабына сәйкес әскери қызметке шақырылатын запастағы офицерлік құрамның адамдарымен;

2) әскери оқу орындарын бітірген және офицерлік атақ алған әскери қызметшілермен;

3) кіші офицерлерді даярлау жөніндегі курстарды бітірген және офицерлік атақ алған әскери қызметшілермен;

4) осы мамандықтар бойынша міндеттерін табысты атқарып жүрген және әскери офицерлік атақ алған, офицерлік қызметке тағайындалған әскери қызметшілермен;

5) тиісті әскери мамандық бейіні бойынша тектес жоғары немесе орта арнаулы азаматтық білімі бар, әскери қызметке белгіленген және офицерлік атақ алған әйелдермен толықтырылады.

118. Соғыс уақытында әскери қызметшілерге алғашқы және кезекті офицерлік атақтарды:

1) капитанды қоса алғанға дейінгі кіші офицерлік құрамның әскери атақтарын - Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері түрлерінің қолбасшылары;

2) аға офицерлік құрамға - Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі;

3) жоғары офицерлік құрамға - Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас Қолбасшысы береді.

119. Әрекеттегі армия мен флоттағы офицерлер үшін атақтарға еңбек сіңіру мерзімі былай белгіленеді:

| Әскери атақтар | Бөлімдер мен құрамалар, корпус басқармалары, армия, корабльдер, эс. кадра бойынша корабль. дік құрамаларды қоса, (корабльдер флотилиясы) офицерлері үшін | Майдан, флот (флотилия, база) басқармаларының және барлық ар. миялық,майдандық, флоттық (флоти. лия, база) ме. кемелерінің офи. церлері үшін |
|---|---|---|
| Кіші лейтенант атағында | 6 ай | 1 жыл |
| Лейтенант атағында | 6 ай | 1 жыл |
| Аға лейтенант атағында | 8 ай | 1 жыл 6 ай |
| Капитан атағында | 8 ай | 1 жыл 6 ай |
| Майор атағында | 1 жыл | 1 жыл 6 ай |
| Подполковник атағында | 1 жыл | 1 жыл 6 ай |

Әрекеттегі армия мен флоттан тыс офицерлерге соғыс уақытында кезекті әскери атақтар беру кезінде осы Ереженің 15-тармағында белгіленген әскери атақтарға еңбек сіңіру мерзімдері қолданылады.

120. Әскери міндеттілерге соғыс уақытында алғашқы және кезекті офицерлік атақтарды беру жөніндегі лауазымды адамдардың құқықтары осы Ереженің 118-тармағына сәйкес айқындалады.

121. Соғыс уақытында офицерлік құрамдағы қызметке тағайындау құқығын пайдаланатын командирлер мен бастықтар бос лауазымдарды дер кезінде жинақтау мақсатында қызметі бойынша жоғарылату үшін кандидаттардың резервін үнемі ұстауға міндетті. Соғыс уақытында қызметі бойынша бірінші кезекте жоғарылатуға әскерлерді және флот күштерін басқаруда, жауынгерлік тапсырмаларды орындау кезінде олардың әскери қызметін, бастамашылығын қамтамасыз етуде жоғары моральдік-жауынгерлік қасиеттер мен ұйымдастырушылық қабілетін көрсеткен офицерлер жатады. Офицерлік құраммен жинақтауға бірінші кезекте және неғұрлым толық жинақтауға әрекеттегі армияның, әрекеттегі флоттың бөлімдері, құрамалары мен басқару органдары жатады.

122. Запастан шақырылып алынған, әскери оқу орындарын және кіші офицерлер курсын бітірген және әскери-емдеу мекемелерінде емделуді аяқтаған офицерлік құрамның адамдарын әскери бөлімдерге жіберу және қызметке тағайындау тәртібі, сондай-ақ офицерлік құрам адамдарының қызметі бойынша орнын ауыстыру тәртібі Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бұйрығымен белгіленеді.

123. Соғыс уақытында офицерлерді аттестациялау оларды қызметі бойынша басқа әскери бөлімдерге орын ауыстыру кезінде, сондай-ақ тікелей үлкен бастықтарының талап етуі бойынша жүргізіледі. Аттестацияны аттестацияға қол қоюшы, бірақ полк, жеке батальон командирінен төмен емес және соларға сәйкес келетін бастық, аттестациялық комиссияда қарамастан бекітеді.

124. Соғыс уақытында қажетті жағдайларда демалысын өткізетін жерге баруға және қайтуға кететін уақытты есептегенде, 10 тәулік мерзімге дейін демалыс берілуі мүмкін.

125. Соғыс уақытында офицерлік құрам адамдарының емделуі емдеу мекемелерінде аяқталуы тиіс. Ерекше жағдайларда әскери-дәрігерлік комиссияның қорытындысы негізінде әскери бөлім командирі (бөлімнің жеке құрамының тізімінен шығарылған жағдайда - әскери-емдеу мекемелерінің бастығы) аурулығы бойынша 30 тәулік мерзімге қосымша демалыс береді.

Осы мерзім өткеннен кейін әскери дәрігерлік комиссияның қорытындысы бойынша аурулығына байланысты демалыс бойынша осынша мерзімге ұзартылады, ал тиісті медициналық куәландырылған жағдайда - тағы бір рет

ұзартылуы мүмкін. Жалпы алғанда аурулығы бойынша демалыс 3 айдан аспауы тиіс. Ауруы бойынша демалыс аяқталғаннан кейін әскери-дәрігерлік комиссия әскери қызметшінің әскери қызметке жарамдылық дәрежесі туралы қаулы шығарады.

126. Соғыс уақытында әскери-дәрігерлік комиссия әскери есептен шығара отырып, әскери қызметке жарамсыз деп таныған әскери қызметтегі офицерлік құрамның адамдары ауруы бойынша отставкаға босатылады, ал 6 немесе 12 айдан кейін қайта куәландырумен әскери қызметке жарамсыз деп танылғандар - аталған мерзім өткеннен кейін қайта куәландыру туралы босату жөніндегі бұйрықта көрсетіле отырып науқастығы бойынша запасқа шығарылады.

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрінің
1998 жылғы N 210 бұйрығына
N 1 қосымша

## Офицерлік құрам адамдарының Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде әскери қызметті және запастағы қызметті өткеру туралы ережені қолдану тәртібі туралы нұсқаулық

### "Жалпы ережелер" деген I бөлімге

1. Осы Нұсқаулық Офицерлік құрам адамдарының Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде әскери қызметті және запастағы қызметті өткеру туралы ережені қолдану тәртібін айқындайды және офицерлік кадрлармен жұмысты ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулардан тұрады.

2. Офицерлік құрамның адамдарына Ереженің талаптарын қолдану Ережемен , Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бұйрықтары мен директиваларымен осындай құқық берілетін тікелей бастықтардың шешімімен жүзеге асырылады. Белгіленген жағдайларда бұл шешім жеке құрам бойынша бұйрықтармен немесе саптық бөлім бойынша бұйрықтармен ресімделеді.

Бастық уақытша болмаған кезде, егер бастықтың міндетін (лауазымын) уақытша атқару туралы бұйрықта жарияланған болса, қызметті өткеру мәселелері бойынша шешімді оның міндетін атқаратын адам қабылдайды.

3. Кезекті әскери атақ беруге (әскери атағын төмендетуге, әскери атағынан айыруға, әскери атағын қалпына келтіруге), лауазымға тағайындауға немесе әскери қызметтен босатуға ұсынылатын офицерлік құрамның адамдарына әскери бөлімдерде ұсыным (осы Нұсқаулыққа N 1 қосымша) ресімделеді, оған полк, жекелеген батальон командирінен, оларға теңестірілгендер мен одан жоғары тікелей бастықтар қол қояды және команда бойынша лауазымға тағайындаудың белгіленген тәртібіне сәйкес кадр органдары арқылы тиісті бастықтардың шешіміне жіберіледі. Көрсетілген мәселелер бойынша ұсынымдарға қол қою құқығын пайдаланбайтын әскери бөлімдер бөлімшелерінің командирлері мен

басқа да тікелей бастықтар команда бойынша ол туралы рапорт беру жолымен қолдауын өтінеді.

Запас бойынша офицерлік құрамның бірінші атағын беруге ұсынылатындардан басқа, Ереженің 10-тармағының 1, 4 және 5-тармақшаларына, Ереженің 11-тармағының 1, 2, 3, 4, 5-тармақшаларына сәйкес офицерлік құрамның бірінші атағын беруге ұсынылған әскери қызметшілерге осы Нұсқаулықтың 25-тармағында көзделген тәртіппен офицерлік құрамның бірінші атағын беру үшін команда бойынша жіберілетін аттестаттау жасалады.

4. Барлық дәрежедегі командирлер мен бастықтар олар үшін белгіленген әскери қызметте болу жасының шегіне жеткен офицерлік құрамның адамдарын запасқа шығаруға уақтылы ұсынуы тиіс және сонымен офицерлік құрамның жоспарлы ауысуын, әскери оқу орындары бітірушілердің жыл сайын лауазымға тағайындалуын, жас офицерлердің қызмет бойынша өсуі және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің запасын тәжірибелі кадрлармен толықтыру үшін жағдайларды қамтамасыз етсін.

Ереженің 8-тармағына сәйкес олардың ішінен кейбіреуін бес жылға дейінгі мерзімге әскери қызметке қалдыру тек осы мамандықтың офицерлеріне мұқтаж кезде жүргізіледі.

Көрсетілген бес жыл мерзімі өткеннен кейін жоғары білікті мамандар қатарынан офицерлік құрамның адамдары өте қажет жағдайларда тағы да бес жыл мерзімге дейін әскери қызметте қалдыруға ұсынылуы мүмкін.

Офицерлік құрамның жекелеген адамдарын бес жылға дейінгі мерзімге шекті жастан тыс, ал ол өткеннен кейін тағы бес жылға дейінгі мерзімге әскери қызметте қалдыру туралы өтінішті полк командирінен сол сияқты және одан жоғары тікелей бастықтар Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бекітуіне 1 қазанға дейін атаулы тізімді (осы Нұсқаулыққа N 2 қосымша) команда бойынша ұсыну жолымен жылына бір рет береді.

Офицерлік құрамның адамдарын бес жылға дейінгі мерзімге шекті жастан тыс әскери қызметте қалдыру туралы қабылданған шешімді әскери бөлімнің командирі оларға дербес жариялайды. Бұл адамдардың жеке істерінде (қызмет өткеру тізімінің 12-бөлімінде) кімнің шешімімен және олар қандай мерзімге шекті жастан тыс қызметтен қалдырылғаны жазылады.

Әскери қызметте қалдыру туралы шешім қабылданбаған офицерлік құрамның адамдарына қатысты әскери бөлімнің командирі оларды запасқа немесе отставкаға шығару туралы ұсынысты жариялайды.

**"Әскери қызметті өткеру" деген II бөлімнің "Әскери атақтар беру, әскери атағын төмендету, әскери атағынан айыру" деген 1-тарауына**

5. Ереженің 10-тармағының 2 және 3-тармақшаларына сәйкес бірінші офицерлік атақ запас бойынша беріледі.

6. Офицерлік лауазымдарға тағайындалған және осы лауазымдар бойынша міндетін табысты орындаған прапорщиктер мен мичмандарға бірінші офицерлік атақ бейбіт уақытта, әдеттегідей, 35 жастан аспағандарға, осы мамандықтың офицерлеріне мұқтаж болған кезде беріледі (Ереженің 10-тармағының 4-тармақшасы мен 11-тармағының 2-тармақшасы).

7. Ереженің 10-тармағының 5-тармақшасына және 11-тармағының 5-тармақшасына сәйкес бірінші офицерлік атақ бейбіт уақытта әйелдерге 35-тен аспаған жасы болғанда беріледі.

8. Атқарып отырған штаттық лауазымы бойынша (Ереженің 20-тармағы) көзделген бір сатыға жоғары әскери атақ полковникке дейінгіні қоса алғанда, кезекті әскери атақ беруге офицерлерді ұсыну мыналарға басымдықпен көтермелеу тәртібінде:

а) жауынгерлік кезекшілікті атқаратын офицерлерге;

б) ұшқыш-тосқауыл алушыға (эскадрилья командиріне дейін қоса алғанда);

в) әскери ұшқыштар (штурман)-мергенге;

г) 1-сыныпты әскери ұшқыш біліктілігі бар, жауынгерлік даярлықта, жаңа авиациялық техника мен тәртіпті меңгеруде жоғары көрсеткіштерге қол жеткізген буын командирлеріне;

д) 1-сыныпты ұшқыш (штурман)-нұсқаушы әскери ұшқыш біліктілігі бар, атқаратын лауазымында 10 жыл және ұшудың неғұрлым ауыр оқиғасынсыз жұмыс істеген және курсанттардың жоғары сапалы оқытылғандығын көрсеткен ұшқыш (штурман)-нұсқаушыларға;

е) қол жеткізген табыстары мен техниканы апатсыз пайдаланғаны үшін, бұрынғы атағында екі және одан да көп жыл қызмет өткерген авиация техниктеріне;

ж) климат ауыр жағдайы аудандардағы шалғай гарнизондарға орналастырылған жекелеген роталардың командирлері мен командирдің тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстар жөніндегі орынбасарларына;

з) Қарулы Күштерде 25 және одан да көп жыл (жеңілдік есептеулерде) мінсіз қызмет өткерген капитан әскери атағындағы офицерлерге, сонымен бір уақытта оларды жасы немесе науқасы бойынша міндетті әскери қызметтен босатуға ұсынумен жүргізіледі.

9. Тыңдаушы (адъюнкт) оқуға түсер алдында атқарған штаттық лауазымы бойынша көзделген әскери атақтан бір саты жоғары кезекті әскери атақ беруге ерекше жағдайларда көтермелеу тәртібімен ғылыми және әскери оқу орнының қоғамдық жұмыстарына белсене қатысқан мыналарға: бірінші курсты аяқтағаннан кейін өткен оқу кезеңінде оқу жоспарының барлық пәндері бойынша

үздік және жақсы бағалар алған офицер-тыңдаушыларға және адъюнктурада оқудың екінші жылынан кейін адъюнкт даярлығының бекітілген жоспарын табысты орындаған адъюнкттарға беріледі.

10. Тиісті штаттық лауазымды атқарып жүрген жақсы аттестатталған офицерлерге кезекті әскери атағын уақтылы беру мақсатында атақтағы ұсыным белгіленген қызмет өткерген мерзімі тиісті офицер атағын беру құқығын пайдаланатын бастықтың қарауына түскен күнге дейін аяқталатын есеппен алдын ала (әскерлердің орналасуын ескерумен) жіберіледі.

Шекарада қызмет өткеретін әскери қызметшілер, сондай-ақ басқа елдердің әскери оқу орындарында оқитындар кезекті әскери атақ беруге белгіленген тәртіппен ұсынылады.

Әскери бөлім командирінің кезекті әскери атаққа кешігіп ұсынуға негіз болған себептерді жеке әңгімелесуде жариялау әңгімелесу парағында офицерге қол қойғызып жүргізіледі, ол кезекті әскери атақты бергенге дейін жеке іске қосылады және сақталады. Қабылданған шешім және өткізілген әңгімелесу туралы кадр органдарына хабарланады.

11. Ерікті тәртіппен келісім-шарт бойынша немесе шақыру бойынша запастан әскери қызметке айқындалған лауазымға тағайындалған офицерлердің әскери атағындағы еңбек өткерген жылдарына Ереженің 15 және 119-тармақтарында белгіленген қызмет өткерген мерзімін сақтаумен олардың запастағы әскери қызметтегі болған уақыты есептеледі.

12. Офицерді әскери атағынан айыруға ұсыну (Ереженің 25-тармағы) ең соңғы шара болып табылады және тек ерекше жағдайларда тәртіптік ықпал етудің басқа шаралары оң нәтиже бермеген немесе офицер Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің офицерлік құрамына тән емес қылықтар жасаған кезде жүргізіледі.

**"Лауазымға тағайындау, қызметі бойынша ауыстыру" деген 2-бөлімге**

13. Офицерлік құрамды лауазымға тағайындау, өкімге алу, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері түрлерінің, әскер тектерінің және өңірлік әскерлер қолбасшылықтарының арасындағы орын ауыстырушылықтар жөніндегі құқықтарды айқындау Номенклатурасымен белгіленеді.

*Ескерту: 13-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қорғаныс министрінің 2003 жылғы 13 қазандағы N 338* бұйрығымен .

14. Әскери қызметте болудың шекті жасына жетпеген, әскери-дәрігерлік комиссиямен бейбіт уақытта саптан тыс қызметке жарамды деп танылған офицерлік құрамның адамдарын атқарып отырған лауазымынан басқа лауазымға ауыстырудың (Ереженің 34-тармағының 4-тармақшасы) қажеттілігі мен тығыздылығын (ауыстыруға ұсыну) емдейтін дәрігердің пікірін және әскери қызметшінің жеке тілегін ескере отырып әскери бөлім командирінен және одан

жоғары тікелей бастық айқындайды. Әр түрлі пікір кезінде офицерді атқарып отырған лауазымында қалдыру немесе басқа нақты лауазымға ауыстыру қажеттілігі туралы мәселе әскери-дәрігерлік комиссияның қарауына енгізіледі және оның қорытындысы негізінде тағайындау номенклатурасына әскери қызметші атқарып отырған лауазым енетін бастық шешеді.

15. Офицерлік құрам адамдарының қызмет орнын (тұратын жерін) өзгерткенде өз денсаулық жағдайы немесе олардың отбасы мүшелерін денсаулық жағдайы бойынша басқа жерлерге қызметі бойынша ауыстыру олардың рапорты бойынша Ереженің 34-тармағының 5-тармақшасына сәйкес жүргізіледі. Бұл ретте бейбіт уақытта әскери қызметке жарамсыз деп танылған офицерлік құрамның адамдары запасқа немесе отставкаға шығаруға ұсынылады. Олардың отбасы мүшелері бұл ретте куәландыруға жіберілмейді.

Қызметі бойынша ауыстыру қажеттілігі туралы қорытындыны Қазақстан Республикасының жекелеген жерлерінде және ыстық климатты* шет елдерде денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметті өткеру (тұрақты тұру) мүмкіндігін айқындау үшін Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерін медициналық куәландыру тәртібі туралы нұсқаулыққа сәйкес әскери-дәрігерлік комиссия береді.

_ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _

** Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 1995 жылғы N 61 бұйрығымен қолданысқа енгізілді.*

16. Қызметі бойынша жоғарылату және оқуға жіберу үшін аттестаттау қорытындыларын іске асырудың және кандидаттардың даярланған резервіне жіберудің перспективалық жоспарлары еркін түрде аттестаттау кезеңінде әзірленеді.

Әскери бөлімдерде және құрамалардан және одан да жоғары кадрлар органдарында жыл сайын оқу жылы аяқталысымен қол жеткізілген нәтижелерді және әскери тәртіптің жай-күйін ескере отырып, жоғары тұрған нақты лауазымға жоғарылату және келесі жылы оқуға жіберу үшін (осы Нұсқаулыққа N 3 қосымша) офицерлер мен генералдардың резерві құрылады. Бұл ретте нақты лауазымға немесе оқуға даярлау жөнінде әрбір офицермен, генералмен қандай жұмыс жүргізілетіні айқындалады.

Тиісті тікелей бастықтың шешімі бойынша резервке тіркелген адамдарды тең лауазымға қызметі бойынша ауыстыру кезінде қызметтік мінездемесінде олар бұрынғы қызмет орны бойынша резервте тұрғаны туралы көрсетіледі.

17. Заңсыз қылмыстық жауапкершілікке тартылуына байланысты атқарып отырған лауазымынан босатылған офицерлік құрам адамдарының белгіленген тәртіппен бұрын атқарып отырған лауазымдары қалпына келтіріледі.

**"Аттестаттау" деген 3-бөлімге**

18. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі офицерлік құрамға аттестаттау өткізу мерзімін айқындағаннан кейін Бас штабтың, Қарулы Күштер түрлерінің кадрлар басқармалары (бөлімдері) офицерлік құрамға аттестаттауды даярлау және өткізу жоспарын әзірлейді. Жоспарларды бұл кадрлар органдары бағынған бастықтар бекітеді.

Бекітілген жоспарларға сәйкес төмен тұрған командирлер мен бастықтар аттестаттауға және белгіленген мерзімде офицерлік құрамды аттестаттауға дайындық жұмыстарын жоспарлайды және өткізеді.

Жоспарларда мынадай іс-шаралар:

- барлық офицерлік құраммен аттестаттау тәртібін, аттестаттауды жасаудың, қараудың, бекітудің және жариялаудың соңғы мерзімін белгілеуді зерделеу;

- бұрынғы тәжірибесін ескере отырып алда тұрған аттестаттау мәселелері бойынша барлық дәрежедегі командирлермен және бастықтармен, кадрлар органдарының офицерлерімен, аттестаттау комиссиясының төрағаларымен және мүшелерімен сабақтар өткізу;

- аттестаттау схемасын әзірлеу, оларды тиісті командирлердің (бастықтардың) бекітуі және басшылық және офицерлік құрамға жеткізу үшін әскери бөлімдерге жіберу (Аттестаттаудың үлгілік схемасы - осы Нұсқаулыққа N 4 қосымша);

- аттестаттау бланкілерін, аттестатталатынға жаднамалар мен басқа да әдістемелік құралдар әзірлеу және жіберу;

- әскери кеңестерде, басшылық құрамның мәжілістерінде аттестаттауды дайындау мен өткізу барысын, сондай-ақ аттестаттау қорытындыларын іске асыру жөніндегі тапсырмалар қоюмен аттестаттау қорытындысын талқылау көзделеді.

19. Аттестаттауды аттестатталатындардың тікелей бастықтары жасайды. Алғашқы офицерлік атақтар беруге аттестаттауды рота командирлерінен, оған тең және жоғары тікелей бастықтары жасайды.

20. Қорғаныс министрлігінің бөлімінен, мекемелерінен, әскери оқу орындарынан кететін командирлер мен бастықтар 3 ай бұрын кезекті аттестаттау басталғанға дейін (қызметке сәйкес келмеуі бойынша босатылатын командирлер мен бастықтардан басқа) тікелей бағынысындағы офицерлерге аттестаттау жасауға және кеткенге дейін бұл аттестаттауларды үлкен командирге (бастыққа) өзі баяндауы тиіс.

Жаңа тағайындау алған офицерлерге кезекті аттестаттау басталғанға дейін 3 ай ішінде бұрынғы қызмет орны бойынша аттестаттау жасалады. Бұл аттестаттаулар олар бөлімнен кеткенге дейін қаралады, бекітіледі және аттестатталуға жарияланады.

21. Азаматтық жоғары оқу орындары әскери кафедраларының бастықтарын аттестаттауды белгіленген бейініне сәйкес олар әскери даярлықтың арнайы мәселелері бойынша тікелей бағынатын лауазымды адамдар жасайды. Аттестаттау жасау кезінде жоғары оқу орындары ректорларының пікірі ескеріледі. Жұмысты бағалаудың негізіне әскери тәртіп пен студенттің оқуы алынады.

22. Аттестаттау жасайтын бастықтар мыналарға міндетті:

1) офицерлік құрамды аттестаттаудың қолданылып жүрген тәртібін зерделеуге;

2) аттестатталушының саяси, іскерлік және моральдық қасиеттерін жан-жақты зерделеуге және бағалауға. Бұл үшін:

- аттестаттау кезеңі арасындағы (осы Нұсқаулыққа N 10 қосымша) әр жылда кәсіптік даярлығы жеке есеп парағының көрсеткіштерін, сондай-ақ аттестатталатын офицердің атқаратын лауазымындағы нақты көрсеткіштерін, ол қолбасшылық жасайтын бөлімшедегі (бөлімдегі, құрамадағы, бірлестіктегі) немесе ол жауап беретін жұмыс учаскесіндегі істің жай-күйін ескере отырып мемлекеттік-құқықтық, жедел-тактикалық, әскери-техникалық және арнайы даярлық талдансын және бағалансын;

- өз орынбасарларымен, кадрлар органдарының бастықтарымен, Офицерлік жиналыс кеңесінің төрағасымен аттестатталушы туралы пікір алмасылсын;

- олардың қызметті өткеру, іскерлік, моральдық-жауынгерлік және адамгершілік қасиеттерді, кәсіби даярлықты, жұмыс қалпын, әдістерін жетілдіру мәселелері жөнінде аттестатталушымен үштен аз емес жеке әңгімелесу (біреуі - кезекті аттестаттау өткізу туралы жариялаумен, екіншісі - аттестаттауға даярлау барысында және үшіншісі - тікелей аттестаттау жасау алдында) өткізілсін және кемшіліктерді жою, жеке даярлығын және ол жауап беретін жұмыс учаскесіндегі істің жағдайын жақсарту жөніндегі қажетті кеңестер мен ұсынымдар берсін;

в) аттестатталушыны жан-жақты зерделеу негізінде аттестаттаудың мәнісі және ол бойынша қорытынды айқындалсын;

г) бағынысындағыға аттестаттауды өзі жасасын және аттестатталушыға жүргізілетін жеке істің саны бойынша машинкада басылған аттестаттаудың барлық даналарына қолын қойсын;

д) қорытынды алу және бекіту үшін аттестаттаудың (соның ішінде түпнұсқасы) барлық даналарын бекітуші инстанцияға дейін команда бойынша ұсынылсын.

23. Аттестаттау бланкіде жасалады (осы Нұсқаулыққа N 5 қосымша). Ерікті түрде баяндалған аттестаттау мәтінінде аттестатталушыны сипаттайтын мынадай мәселелер көрсетілуі тиіс:

- өзіне және бағынысындағыларға талап қоюшылығы, жеке тәртіптілігі мен

орындаушылығы;

- жұмыстағы ұйымдастырушылығы, жауынгерлік және жұмылдыру әзірлігінің жоғары деңгейін қамтамасыз ету тапсырмасын шешу кезінде негізгі бағытты айқындай ала білуі, қойылған міндеттерді сапалы орындай алу, бастамашылдық көрсете алу, қиын жағдайда жылдам бейімделу және шебер іс-қимыл жасау қабілеттілігі;

- бағынысындағыларға сапалы басшылық жасау, оларды үйрете және тәрбиелей алуы, бағынысындағылар туралы қамқорлығы;

- ол қолбасшылық жасайтын бөлімшенің (бөлімнің, құраманың, бірлестіктің), аттестатталушы жауап беретін жұмыс учаскесінің жай-күйі (тәртібі, жауынгерлік әзірлігі, жауынгерлік және мемлекеттік-құқықтық даярлығы, әскери техника мен қаруды меңгеруі, қару-жарақтың, әскери техника мен материалдық құралдардың жай-күйі, өндірістік тапсырмаларды орындауы, кәсіби даярлығының және бағынысындағы офицерлердің мамандығы бойынша сыныптылықты арттыру жөніндегі жұмыстың жай-күйі, қызметі бойынша жоғарылату және оқуға жіберу үшін кандидаттар резервінің барлығы және т.б.);

- жедел-тактикалық, әскери-техникалық, арнайы даярлықтың; әскери жарғыларды, тәлімдемелерді, атқаратын лауазымы бойынша өз міндеттерін білу және оларды орындау деңгейі, кәсіптік және өз бетімен даярлану жүйесінде кәсіптік білімін, мамандығы, ғылыми дәрежесі мен ғылыми атағы бойынша сыныптылықты жетілдіру, мемлекеттік және шет тілдерін білуі; алған білімін іс жүзінде пайдалана білуі; аттестатталушы неғұрлым бейімділік көрсеткен және жоғары нәтижелерге қол жеткізген қызмет саласы; жауынгерлік тәжірибесінің болуы;

- мемлекеттік-құқықтық даярлық және оны жетілдіру жөніндегі жұмыс деңгейі; тәрбие жұмыстарына қатысуы, әскери қызметшілердің қоғамдық ұйымдардағы жұмыстарға сүйене білуі;

- өз қызметін сын көзбен бағалау, іске творчестволықпен қарау бейімділігі, қызметтік міндеттерін орындауда табандылығы; ұжымдағы беделі; әскери және мемлекеттік құпияларды сақтай алуы;

- денсаулық жағдайы мен жұмыс қабілеттілігі, сондай-ақ аттестатталушыны сипаттау үшін қажетті басқа да мәселелер.

24. Аттестаттау жөніндегі қорытындыда аттестатталушы атқаратын лауазымына сәйкес келетіні немесе сәйкес келмейтіні көрсетіледі, содан кейін іскерлік және моральдық-психологиялық қасиеттеріне, жұмыс тәжірибесіне, қабілеттілігі мен бейімділігіне, істің мүддесіне сүйене отырып, бұдан әрі оны неғұрлым қызметтік мақсатта пайдалану туралы пікір жазылады.

Бұл ретте мынадай ұсынымдар берілуі мүмкін:

- жоғары лауазымға жоғарылату туралы (қандай және қашан);

- әскери оқу орнына оқуға немесе курстарға жіберу туралы;

- тең лауазымға ауыстыру туралы (қандай лауазымға мақсатты ауыстыру және ауыстыру себептері: басқа лауазымдарды жасақтау, белгіленген қызмет мерзімімен орындарда жоспарлы ауыстыру жүргізу қажеттілігі, неғұрлым мақсатты пайдалану үшін және басқа да себептер);

- басқа жұмысқа ауыстыру туралы - ауыстыру себептерін көрсетумен командалық, штабтық, оқытушы және басқа; қандай лауазымға тағайындау, қашан, бұл лауазымға тағайындау алдында қандай курстарға немесе жиындарға жіберу қажет;

- жоғары лауазымнан төмен лауазымға ауыстыру туралы, қандай негіздеме бойынша (Ереженің 33-тармағы) және қандай лауазымға тағайындау мақсатқа сәйкес;

- әскери қызметтен босату туралы және қандай негіздеме бойынша.

Аттестаттау қорытындысында аттестатталушының атқарып отырған лауазымына сәйкестігін айқындаумен және бұдан әрі оны қызметті пайдалану туралы ұсынымдар берумен қатар аттестатталушыға қызметі бойынша және мінез-құлқында жоюы қажет қандай кемшіліктер көрсетілуі мүмкін.

Қорытынды мен ұсыным аттестаттау мәтінінен жасалады.

25. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің жоғары әскери оқу орнын (адъюнктураны) аяқтаған офицерлерге және офицерлік атақ беруге ұсынылған әскери қызметшілерге аттестаттау осы Нұсқаулықтың 23-тармағының талаптарына сүйене отырып жасалады. Бұл адамдарға аттестаттауларда, сондай-ақ олардың оқу жоспарының негізгі пәндері бойынша үлгерімі, мемлекеттік емтихандарда алған бағалары, диплом жұмыстарының тақырыбы мен оның бағасы көрсетіледі. Аттестаттау қорытындысында аттестатталушыға офицерлік атақ беру туралы ұсыным беріледі және оны қандай лауазымда пайдалану мақсаты көрсетіледі.

Офицерлік атақ беруге ұсынылатын әскери қызметшілерді аттестаттау арнайы бланкілерде жасалады (осы Нұсқаулыққа N 6 қосымша).

26. Офицерлерге жасалған аттестаттаулар тұрақты әрекеттегі аттестаттау комиссиясының қарауына жатады. Тұрақты әрекеттегі аттестаттау комиссиясы:

- жекелеген батальоннан (дивизионнан) төмен емес әскери бөлімдерде;

- облыстық әскери комиссариаттарда, Астана және Алматы қаласының қалалық әскери комиссариатында;

- құрамаларда;

- әскери оқу орындарында;

- Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің түрлері бас қолбасшыларының, әскер тектері мен өңірлік әскерлер қолбасшылықтарының басқармаларында;

- Қорғаныс министрлігі мен Штаб бастықтары комитетінің басқармаларында,

бас басқармаларында, департаменттерінде құрылады.

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігінде Жоғары аттестаттау комиссиясы (ЖАК) тұрақты әрекет етеді.

*Ескерту: 26-тармаққа өзгерту мен толықтырулар енгізілді - ҚР Қорғаныс министрінің 2003 жылғы 13 қазандағы N 338* бұйрығымен .

27. Тұрақты әрекеттегі аттестаттау комиссиясы мынадай құрамда құрылады:

- төраға - бөлім командирінің бірінші орынбасары (орынбасары);
- мүшелері - штаб бастығы, командирдің орынбасары, кадрлар органының бастығы, Офицерлік жиналыс кеңесінің төрағасы;
- хатшы - әскери бөлім офицерінің біреуі.

Одан басқа комиссиядағы жұмыстарға мүшелер ретінде тиісті әскер тегінің офицерлеріне аттестаттауды қарау кезінде әскер тектерінің (қызметтерінің) бастықтары мен мамандар тартылады.

Тұрақты әрекеттегі аттестаттау комиссиясының құрамы (аталған лауазымдар бойынша) тиісті әскери бөлім командирінің бұйрығымен жарияланады.

Жоғары аттестаттау комиссиясының құрамын Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі айқындайды.

28. Аттестаттау комиссиясы аттестаттауды жан-жақты зерделеуге, аттестатталушының нақты іскерлік және моральдық-психологиялық қасиеттеріне олардың сәйкестігін белгілеуге және олар бойынша қорытындылар беруге міндетті:

а) полктік, жекелеген батальон (дивизион) - полк, жекелеген батальон ( дивизион) командирі жасаған аттестаттаудан басқа, полктің, батальонның ( дивизионның) барлық офицерлеріне;

б) дивизиондық комиссия - полктік (жекелеген батальон, дивизион) аттестаттау комиссиясында қаралған аттестаттаудан және дивизия (бригада) командирі жасаған аттестаттаудан басқа дивизия (бригада) офицерлеріне;

в) корпустық комиссия - төменгі комиссияларда қаралған аттестаттаудан және корпус командирі жасаған аттестаттаудан басқа корпустің офицерлік құрамына.

Басқа да аттестаттау комиссияларында аттестаттау осындай тәртіппен қаралады, яғни төменгі аттестаттау комиссияларында қаралған аттестаттаудан, сондай-ақ жоғары аттестаттау комиссиясы қарайтын әскери бөлім командирі жасаған аттестаттаудан басқа осы әскери бөлімнің барлық офицерлік құрамына.

Жоғары аттестаттау комиссиясында осы Нұсқаулыққа N 7 қосымшада көрсетілген аттестаттау қаралады.

Аттестаттау комиссиясы аттестатталушылар сияқты аттестаттауды жасаған командирді (бастықтарды) анықтамалар мен түсіндірме беру үшін өз мәжілісіне шақыруға құқығы бар.

Атқарып отырған лауазымына сәйкес келмейтіні туралы қорытындымен аттестаттау, сондай-ақ аттестатталушыда елеулі кемшіліктері барлығы анықталған аттестаттау аттестатталушыны аттестаттау комиссиясына шақырумен қаралуы тиіс.

29. Аттестаттау комиссиясы және аттестаттауды бекітетін бастықтарға дейін тікелей бастықтар аттестатталушы туралы өз қорытындыларын қорытынды түрінде аттестаттауда баяндайды.

Штабтардың, қызметтердің бастықтарына және мамандарға аттестаттау бойынша қорытындыны сол сияқты жоғары тұрған командирлер мен бастықтар береді.

Алғашқы офицерлік атақ беруге аттестаттауды аттестаттау комиссиясы қарамайды.

Аттестаттауды қарайтын және бекітетін аттестаттау комиссиясы мен бастықтар қорытынды берген кезде осы Нұсқаулықтың 24 және 25-тармақтарының талаптарын сақтауы тиіс.

Аттестаттауды бекітетін бастықтар аттестаттаудың түпнұсқа даналарының тиісті бөлімінде аттестаттау қорытындысын өз қолымен жазуға және оған қол қоюға міндетті.

Аттестаттау комиссиясының қорытындысы хаттамаға енгізіледі (осы Нұсқаулыққа N 8 қосымша), оған төменгі жағына мәжіліс төрағасы, комиссияның мүшелері мен хатшысы қолын қояды. Аттестаттау комиссиясы қорытындысының хаттамасынан төрағаның, мүшелердің лауазымы, әскери атағы мен аты-жөндері көрсетіліп аттестаттаудың барлық даналарына енгізіледі және комиссияның хатшысы бекітеді.

Бір аттестаттау комиссиясында аттестаттау қаралады. Аттестаттауды екінші рет қарау аттестаттауды бекітетін бастықтың шешімі бойынша жүргізілуі мүмкін.

30. Офицердің атқарып отырған лауазымына сәйкестігі туралы қорытындысымен немесе жоғары тұрған лауазымға жоғарылатуға, оқуға жіберуге, тең лауазымға ауыстыруға немесе жасы бойынша немесе науқасы бойынша запасқа (отставкаға) шығаруға ұсынымдармен аттестаттауды тікелей бастықтар:

- взводтар командирлеріне, роталар командирлерінің орынбасарларына және оған теңестірілгендерге - жекелеген батальон (дивизион) командирлерінен төмен емес әскери бөлімдердің командирлері;

- роталар командирлеріне және оларға теңестірілгендерге - полк командирі;

- батальон командирлерінің орынбасарларына, батальон командирлеріне және оған теңестірілгендерге - дивизия командирі;

- жекелеген батальондар командирлеріне, полктер командирлерінің

орынбасарларына - Номенклатураға сәйкес командирлер мен бастықтар;
- полктер (бригадалар) және жоғары тұрған командирлерге - Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі бекітеді.

Жоғары әскери оқу орындарының офицер-тыңдаушылары мен адъюнкттарына аттестаттауды Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі әскери жоғары оқу орындарының бастықтары бекітеді.

Алғашқы офицерлік атақты беруге аттестаттауды: Қорғаныс министрлігі әскери оқу орындарының бітірушілеріне - әскери оқу орындарының бастықтары, басқа да әскери қызметшілерге - Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері түрлерінің бас қолбасшылары, әскер тектері мен өңірлік әскерлер қолбасшылықтарының қолбасшылары бекітеді.

Осы тармақта көрсетілген, басқа да қызметтерді атқаратын офицерлерге қорытындысымен аттестаттауды аттестаттау схемасына сәйкес тиісті тікелей бастықтар бекітеді, бірақ аттестатталатын әскери қызметші атқаратын лауазым кімнің тағайындау номенклатурасына қарайтын бастықтан жоғары емес.

*Ескерту: 30-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қорғаныс министрінің 2003 жылғы 13 қазандағы N 338* бұйрығымен .

31. Тікелей бастықтың, үлкен бастықтың және атқаратын лауазымына сәйкес келмейтіні туралы, төмен лауазымға ауыстыру қажеттігі немесе запасқа шығару ( жасы немесе науқасы бойынша запасқа шығарудан басқа) туралы аттестаттау комиссиясының қорытындысымен офицерлерді аттестаттауды аттестатталушының лауазымы кімнің тағайындау номенклатурасына енеді сол бастық бекітеді.

32. Егер бұл ретте Ережеде және осы Нұсқаулықта баяндалған аттестаттау тәртібі туралы талаптарды бұзуға жол берілсе, офицерге аттестаттауды қайта жасау туралы шешімді аттестаттауды бекіту құқығы бар бастық қабылдайды.

33. Аттестаттаудың түпнұсқа данасында бастықтың өз қолымен жазған қорытындысы жоғары тұрған бастыққа ұсынғанға дейін қорытындыны берген бастықтың лауазымын, әскери атағы мен аты-жөнін көрсетумен машинкада басылған аттестаттаудың қалған даналарына (бекітусіз) енгізіледі.

Аттестаттауды бекіткен бастықтың қорытындысы аттестаттаудың түпнұсқа данасымен салыстырғаннан кейін кадрлар органы бастығының немесе әскери бөлім штабы бастығының қолымен расталатын қалған аттестаттаудың даналарына енгізіледі (бекітілген қорытындыдан төмен жүргізілген сызықтың астынан "Түпнұсқа данаға сәйкес" деген жазу жазылады. Аттестаттауды бекіткен командирдің (бастықтың) және аттестаттаудың данасын бекіткен кадрлар органы (штаб) бастығының қолы машинкада басылып, елтаңбалы мөрмен бекітіледі.

34. Бекітілген аттестаттауды кадрлар органы бекітетін инстанцияларға 10 күн мерзімде:

- аттестатталушы өз қолымен жазған түпнұсқа аттестаттау және машинкада басылған аттестаттаудың бір данасы - аттестатталушының қызмет орны бойынша әскери бөлімге;

- аттестаттаудың қалған даналары - Жеке құрамды есепке алу жөніндегі тәлімдемеге сәйкес аттестатталушының жеке ісін жүргізетін кадрлар органдарына жіберіледі.

Ерекше жағдайларда оған аттестаттауды бекіткенге дейін әскери қызметші жаңа қызмет орнына (оқуға) кеткен кезде бекіткеннен кейін оны аттестатталушыға жариялау және белгіленген тәртіппен бұдан әрі тарату үшін барлық даналар 3 күн мерзімде Қарулы Күштер түрлерінің, офицердің жаңа қызмет (оқу) орны бойынша оқу орнының кадрлар органына жіберіледі.

35. Бекітілген аттестаттауды аттестаттау әскери бөлімге түскеннен кейін 10 күн мерзімде аттестатталушыға тікелей бастық жариялайды. Ерекшелік іссапарда , демалыста немесе емдеуде болған офицерлерге ғана қатыстыларға жол беріледі, оларға бекітілген аттестаттау олар бөлімге келгеннен кейін лезде жарияланады.

Алғашқы офицерлік атақ беруге аттестаттау әскери қызметшілерге әскери оқу орынын бітірген кезде және басқа жағдайларда оларға офицерлік атақ беру туралы бұйрықты алғаннан кейін жүргізіледі.

Аттестаттауды жариялаған кезде тікелей бастық жеке әңгімелесу өткізеді, аттестатталушы аттестаттаудың түпнұсқа данасына қолын қояды және онымен танысқан күнін көрсетеді.

36. Аттестаттау материалдарын сақтау және жіберу құпия іс жүргізудің ережелері бойынша жүргізіледі.

37. Аттестаттау қорытындыларының іске асуын қамтамасыз ету үшін бөлімдердің штабтары мен кадрлар органдары:

- аттестаттау бойынша қорытындыда мазмұндалған ұсынымдар негізінде аттестаттау арасындағы кезеңде аттестаттау қорытындыларын іске асырудың және қызметі бойынша жоғарылату және оқуға жіберу үшін кандидаттардың даярланған резервін құрудың перспективалық жоспарларын әзірлеуге;

- жоғары тұрған лауазымға тағайындауға немесе оқуға жіберуге аттестатталған офицерлерді жоғары тұрған лауазымдарға тағайындау және оқуға жіберу үшін алдындағы әр жылға резервке енгізуге, сондай-ақ жоғары тұрған инстанцияның кадрлар органдарына оның тағайындау номенклатурасына енетін лауазымдарға жоғарылату үшін және осындай лауазымдардан оқуға жіберу үшін резервке ұсынылған кандидаттар туралы хабарлауға;

- төменгі лауазымға ауыстыруға, басқа жұмысқа ауыстыруға және запасқа немесе отставкаға шығаруға аттестатталған офицерлердің бақылау тізімін жасауға міндетті. Бақылау тізімінің үлгісі Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі кадрлар органдарының жұмысы туралы ережеге қосымшада

айқындалған*.

_____________________

** Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 1996 жылғы N 159 бұйрығымен қолданысқа енгізілді.*

38. Аттестаттау кезеңі аяқталғаннан кейін командирлер мен бастықтар офицерлік құрамды аттестаттау жөніндегі істелген жұмыстардың қорытындысын шығарады, ол команда бойынша ұсынылатын баяндамаларда:

- оң жұмыс тәжірибесі;
- аттестаттау өткізу кезінде орын алған кемшіліктері;
- офицерлік құрамды аттестаттауды бұдан әрі жетілдіруге бағытталған ұсыныстар көрсетіледі.

Баяндамаға аттестаттау мәліметтері (осы Нұсқаулыққа N 9 қосымша) қоса беріледі. Бұл мәліметтер, бұдан басқа жыл сайын даму қорытындысымен аттестаттау кезеңінде ұсынылады.

**"Демалыстар" деген 4-бөлімге**

39. Ереженің 51-тармағына сәйкес негізгі демалысты азайту туралы бөлім командирінің шешімі саптық бөлім бойынша бұйрықпен ресімделеді және офицерге қол қойғызып жарияланады. Оған қатысты негізгі демалысты азайту туралы іске асырылмаған бұйрық офицер әскери бөлімнен кетіп қалған ретте бұйрықтың көшірмесі офицердің жаңа қызмет орнына жеке ісімен бірге жіберіледі.

40. Офицерлік құрамның адамдарына негізгі демалыс беру уақытын мыналар:

- Қорғаныс министріне тікелей бағынатын Қорғаныс министрінің орынбасарларына, департаменттер, бас басқармалар, басқармалар бастықтарына, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері түрлерінің бас қолбасшыларына, әскер тектері қолбасшыларына;
- Штаб бастықтары комитетінің төрағасы - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бірінші орынбасарына тікелей бағынатын департаменттердің, басқармалардың бастықтары Штаб бастықтары комитетінің төрағасымен - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бірінші орынбасарымен;
- қалған офицерлік құрамға - әскери бөлімдердің командирлері белгілейді.

*Ескерту: 40-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қорғаныс министрінің 2003 жылғы 13 қазандағы N 338* бұйрығымен .

41. Әскери бөлімдерде 1 қаңтарға дейін тиісті офицерлік құрамның санатына демалыстар беру құқығы бар бастық бекітетін офицерлік құрамға келесі жылға негізгі демалыс жоспарын жасайды және офицерлік құрамға жарияланады.

Офицерлік құрамның адамдарына негізгі демалыстар ай сайын әскери

бөлімнің офицерлік құрамының 10-12 пайызы демалыста болуы ескеріле отырып барлық күнтізбелік жыл ішінде тең ұсынылады. Демалыс беретін құқықты пайдаланатын бастықтар жауынгерлік даярлықтың (тапсырмаларды орындаудың ) қызу кезеңінде офицерлік құрамның жекелеген санатына негізгі демалыстың ай сайынғы нормаларын азайтуы мүмкін және жылдың басқа да кезеңінде бұл нормаларды тиісінше ұлғайтуы мүмкін. Әскери оқу орындарындағы тұрақты офицерлік құрамның адамдарына демалыс берудің ай сайынғы нормаларын оқу орнының бастықтары айқындайды.

Жауынгерлік іс-қимылдарда немесе өзге де әскери қызмет міндеттерін орындау кезінде жарақаттанған, контузия алған немесе мертіккен, сондай-ақ Ұлы Отан соғысына қатысушыларға жеңілдіктер бойынша теңестірілген офицерлік құрамның адамдарына негізгі демалысты олар үшін ыңғайлы уақытта пайдалануға құқық беріледі.

42. Кадрлар органдары бекітілген жоспарларға сәйкес офицерлік құрамға негізгі демалыс беруге ұдайы бақылауды жүзеге асыруға және ол туралы тиісті командирлерге (бастықтарға) баяндауға тиіс.

43. Офицерлік құрамның адамдарына демалыс берген кезде демалысты өткізу және кері қайту үшін қажетті уақыт жол жүруі үшін әскери қызметшіге Қорғаныс министрлігінде әскери тасымалдауларды ресімдеу жөніндегі басшылыққа сәйкес әскери тасымалдау құжаттары (ақшалай қаражат) берілген сол мемлекеттік көліктің (қайта отыруды ескере отырып) қозғалыс кестесі бойынша есептеледі.

Егер әскери қызметші демалысқа әуе көлігімен барса немесе кері қайту жолына уақыт оған басқа көлік түрімен бару есебінен берілсе, онда ол демалыстан қызмет орнына әуе көлігімен жол жүруге нақты жұмсалған уақытын ескере отырып қайтуға міндетті.

Демалысқа жеке көлігімен барған кезде демалыс өткізу орнына бару және кері қайтуына жол уақыт әскери тасымалдау құжаттарын алуға құқылы әскери қызметші жол жүруі үшін мемлекеттік көліктің сол түрімен қозғалу кестесі бойынша есептеледі.

Темір жол көлігі болған кезде су көлігімен демалыс өткізу орнына бару және кері қайтуға жол жүру үшін уақыт темір жол көлігінің кестесі бойынша есептеледі.

Бірнеше пункттерде демалыс өткізген кезде әскери қызметшіге қызмет орнынан осы пункттердің біреуіне дейін және кері қайтуға жол жүруі үшін уақыт беріледі.

Туристік жолдама бойынша демалыс өткізу кезінде қызмет орнынан туристік бағыт басталған пунктіне дейін және кері қайтуға жол жүру үшін уақыт туристік бағыттың соңғы пунктінен қызмет орнына дейін беріледі.

44. Демалыс берілген офицерлік құрамның адамдарын запасқа немесе отставкаға шығаруға байланысты әскери бөлім жеке құрамның тізімінен шығару белгіленген мерзім шегінде істері мен лауазымын тапсыру үшін қажетті уақытты есептеумен негізгі және қосымша демалыстар аяқталғаннан кейін жүргізіледі.

Әскери қызметтен босату кезінде берілген негізгі демалыс уақытында науқастанған офицерлік құрамның адамдарына әскери бөлімге босату туралы бұйрықтың көшірмесі түскеннен кейін демалысы ұзартылмайды.

45. Емдеу мекемелерінде және науқасы бойынша демалыста болған кезеңде офицерлік құрам адамдарын запасқа немесе отставкаға шығару Ереженің 53-тармағында белгіленген мерзім шегінде жүргізілмейді.

Емдеуде болған және науқасы бойынша белгіленген демалысы аяқталған офицерлік құрам адамдарына қатысты, оларды бейбіт уақытта әскери қызметке жарамды немесе әскери қызметке жарамсыз деп таныған ретте әскери есептен шығарумен әскери-дәрігерлік комиссия қабылдайды, олар емдеу мекемесінен шыққанға дейін запасқа немесе отставкаға босатылуы мүмкін.

Қазақстан Республикасын қорғау кезінде немесе өзге де әскери қызмет міндеттерін орындау кезінде жарақаттанған, контузия алған немесе мертіккен, не Қазақстан Республикасын қорғау немесе интернационалдық борышын атқару кезінде науқастанған офицерлік құрам адамдарын әскери қызметке жарамдылығын айқындау үшін әскери-дәрігерлік комиссиясының куәландыруы тек емдеу мекемелеріндегі емі аяқталғаннан кейін жүргізіледі.

Туберкулезбен ауырған кезде әскери қызметшінің емдеуде және науқасы бойынша демалыста болған уақыты бейбіт уақытта 12 айдан аспауы тиіс.

46. Офицер әйелдерге жүктілігі мен бала тууы бойынша демалыс (Ереженің 57-тармағы) олардың рапорттары және бала туғанға дейін жетпіс күнтізбелік күн және бала туғаннан кейін елу алты күнтізбелік күн (қиналып бала туған немесе екі және одан да көп бала туған жағдайда - жетпіс) ұзақтықпен тиісті медициналық мекеменің анықтамасы негізінде беріледі.

Егер жүктілігі бойынша қызметтік міндеттерін орындаудан босатылған күннен бастап бала туған күніне дейін бала туғанға дейінгі демалыстың белгіленген санынан көп немесе аз күн өтсе, онда іс жүзінде бала туғанға дейінгі демалыста өткізген барлық күндеріне ақшалай және табиғи үлес беріледі.

Бала туғаннан кейінгі демалыс бала туған күнін есептеумен бала туған күнінен бастап есептеледі.

Бөліп төленетін демалыс және олар үш жасқа толғанға дейін бала күтімі бойынша қосымша демалыс офицер әйелдерге олардың тілегі бойынша толық немесе бөліп беріледі. Офицер әйел қызметтік міндеттерін атқаруға ақшалай және табиғи үлесін сақтаусыз демалыс ресімделген мерзім аяқталғанға дейін кірісуге құқығы бар.

Офицер әйелдер еңбекке жарамсыздық парағын берумен белгіленген кезеңде ақшалай үлесін сақтаумен Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ұзақтықта және тәртіппен тиісті медициналық мекеменің анықтамасы негізінде науқас баласын күту үшін қызметтік міндеттерін орындаудан (оқудан) босатылады.

**"Әскери қызметтен босату" деген 5-тарауға**

47. Офицерлік құрам адамдарын әскери қызметтен босатуға ұсынар алдында олардың қызмет өткеру туралы мәліметтер анықталады, қажет кезінде күнтізбелік есептеуде қызмет өткерген жылдарына есептеуге жататын олардың қызмет кезеңі және жеңілдіктер жағдайында жеке құжатпен расталады және қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес қызмет өткерген жылдары зейнетақыға есептеледі. Есептелген қызмет өткерген жылдары әскери қызметшіге жарияланады. Қызмет өткерген жылдарын есептеу бойынша әскери қызметшінің наразылығы қаралады және ол бойынша әскери қызметшіні әскери қызметтен босатуға ұсынғанға дейін шешім қабылданады.

48. Жағымсыз себептер бойынша босатылуға ұсынылған адамдардан басқа офицерлік құрам адамымен, оларды алдағы босату туралы жеке әңгімелесу екі реттен кем емес жүргізіледі.

Бірінші әңгімелесу босатуға ұсынғанға дейін алдын ала жүргізіледі, оның барысында негіздеме және босатуға ұсыну мерзімі, еңбекке орналастыру және материалдық-тұрмыстық қамтамасыз ету жөніндегі жеңілдіктері мен басымдықтары түсіндіріледі, басқа да мәселелері бойынша қажетті түсіндірулер беріледі, босатқаннан кейін әскери есепке қою және тұрғылықты жеріне жіберу үшін әскери комиссариат белгіленеді, әскери қызметшінің өтініші анықталады. Бұл ретте жасы, денсаулығы немесе штаттың қысқаруы бойынша әскери қызметтен босатылуға жататын кадрлық офицер құрамының офицерлерімен әңгімелесу, әдеттегідей, босатуға ұсынылар алдында екі айдан кешіктірілмей жүргізіледі. Әскери-дәрігерлік комиссия әскери есептен шығарумен әскери қызметке жарамсыз деп таныған және бұдан әрі қызметтік міндеттерін орындаудан босатуды қажет ететін әскери қызметшілерді босату әскери-дәрігерлік комиссиясының қорытындысы әскери бөлімге түскен күнінен бастап бір ай мерзімнен кешіктірілмей жүргізіледі.

Алдағы босату туралы әңгімелесуді:

- подполковникті қоса алғанда, қызмет өткеретін кіші және аға офицерлермен :

әскери бөлімдерде - тікелей бастық пен әскери бөлімнің командирі;

құраманың басқармасында - тікелей бастық пен құрама командирі немесе оның орынбасарлары;

бірлестіктер басқармасында - тікелей бастық пен бірлестік қолбасшысы

немесе оның орынбасары;

орталық аппаратта - тікелей бастық пен департамент (басқарма, бас басқарма) бастығы;

- полковниктермен - тікелей бастық, сондай-ақ Қарулы Күштер түрлерінің қолбасшысы (кадрлар департаментінің бастығы);

- генералдармен және адмиралдармен - тікелей бастық, сондай-ақ әдеттегідей, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің орынбасары жүргізеді.

Қажет кезінде босатылатын адамдармен әңгімелесуге кадрлар және қаржы органдарының өкілдері тартылады.

Босатылатын офицерлермен әңгімелесу барысында орнында шешуге болмайтын мәселелер қойылған жағдайларда әңгімелесуді өткізетін бастықтар шешім қабылдау үшін анықтама мәліметтерді баяндаумен тікелей үлкен бастықтың шешіміне бұл мәселелерді баяндайды.

Екінші әңгімелесуді босатуға ұсынуға жіберу кезінде тікелей бастық жүргізеді, оның барысында бірінші әңгімелесу кезінде әскери қызметшінің қойған сұрақтары мен өтініштеріне жауап беріледі, әскери-дәрігерлік комиссияның қорытындысын және босатумен байланысты басқа да мәселелерді ескере отырып негізі анықталады.

Өткізілген әңгімелесудің мазмұны әңгімелесу парағында сипатталады (осы Нұсқаулыққа N 15 қосымша), онда әңгімелесуді өткізген және босатылатын әскери қызметші қол қояды, жеке іске тігіледі және сақталады.

*Ескерту: 48-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қорғаныс министрінің 2003 жылғы 13 қазандағы N 338* бұйрығымен .

49. Запасқа немесе отставкаға шығаруға ұсынғанға дейін офицерлік құрамның адамдарын денсаулық жағдайы бойынша жарамдылығын белгілеу үшін әскери-дәрігерлік комиссияның куәландыруына жіберіледі, қорытындысы босату негізін айқындау кезінде ескеріледі. Бұл мақсаттарда әскери-дәрігерлік комиссияның куәландыруына олардың өтініші бойынша мынадай офицерлік құрамның адамдары жіберілмейді:

- әскери қызметте болу жасының шегіне жеткен, барынша мөлшерде зейнетақыға құқығы бар;

- запаста болу жасының шегіне жеткен, қызмет өткерген жылдарына зейнетақыға құқығы бар.

Жағымсыз себептер бойынша босатылуға ұсынылған офицерлік құрамның адамдары әскери-дәрігерлік комиссияға жіберілмейді.

Әскери қызметте болу жасының шегіне жетпеген, әскери-дәрігерлік комиссиясымен денсаулық жағдайы бойынша бейбіт уақытта саптан тыс қызметке жарамды деп танылған офицерлік құрамның адамдары, егер оларды атқарып отырған лауазымында қалдыру немесе осы Нұсқаулықтың 14-

тармағымен көзделген тәртіппен Қарулы Күштердің тиісті түрінде басқа лауазымға ауыстыру мүмкін болмаған жағдай кезінде Ереженің 59-тармағының 4 -тармақшасы және 95-тармағының 3-тармақшасы бойынша запасқа шығаруға ұсынылады.

*Ескерту: 49-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қорғаныс министрінің 2003 жылғы 13 қазандағы N 338* бұйрығымен .

50. Кадрлық офицер құрамының адамдарын босатуға ұсыну және әскери қызметтен босату Ереженің 59-62-тармақтарына нақты сәйкестігі негіздердің біреуі бойынша жүргізіледі. Бұл ретте босату үшін бірнеше негізі бар оң аттестатталатын офицерлік құрамның адамдары босатқаннан кейін ол бойынша анағұрлым көп құқық пен жеңілдіктер берілетін негіздер бойынша босатуға ұсынылады, ал жасы және науқасы бойынша босату үшін негіздері барлар әскери қызметшінің тілегін ескере отырып, осы негіздердің біреуі бойынша босатуға ұсынылады.

Офицер теріс қылық жасағаны үшін офицерлердің ар-намысы жолдастық сотының қолдауы бойынша әскери қызметтен босатуға ұсынылған және босату туралы шешім қабылданған жағдайда босату Ереженің 61-тармағы бойынша жүргізіледі. Әскери қызметшінің ар-намысын қорлайтын қылықтарға мыналарды жатқызу қажет:

- әскери қызметшілер алкогольдік, есірткілік не уыттылық мас (азаматтар үшін анық) жағдайда қоғамдық жерлерде болған, егер бұл ретте осы адамның мінез-құлқы мен сыртқы келбеті адамның ар-намысына кір келтіретін және қоғамның айыптауын туғызса;
- заңсыз іс-қимыл жасаған азаматты (әскери қызметшіні) қолдаса;
- қызметтік жағдайды жеке басының пайдасы мақсатында пайдаланса;
- қоғамның теріс көзқарасын туындатқан әскери қызметшілер арасындағы жарғылық емес қарым-қатынастар;
- кәсіпкерлік қызметтің кез келген түрімен, соның ішінде коммерциялық делдалдықпен айналысса;
- қызметтік жағдайын пайдаланып жұмыс істесе және қызмет көрсеткені және ол үшін сыйақы алса.

Қылмыстық істер бойынша тергеу кезінде қамауға алынған офицерлік құрамның адамдары атқарып отырған лауазымынан босатылады және тергеудің барлық кезеңінде тиісті командирлердің (бастықтардың) өкіміне алынады. Офицер тергеу кезеңінде қамауға алынбаған жағдайда оны атқарып отырған лауазымынан босату және басқа лауазымға уақытша тағайындау туралы мәселені әскери-тергеу органдарымен келіскеннен кейін қолбасшылық шешеді.

Әскери атағынан айырмай жасаған қылмысы үшін сотталған офицерлік құрамның адамдарын босатуға ұсыну және босату заңды күшіне енген үкімді

орындау туралы әскери соттың үкімі әскери бөлімге келіп түскеннен кейін Ереженің 62-тармағында көрсетілген шарттарды ескере отырып жүргізіледі. Бұл ретте бас бостандығынан айыруға, соның ішінде міндетті еңбекке тартумен бас бостандығынан айыруға шартты түрде сотталған және үкімнің заңды күшіне енген сәтінде қамауда болған офицерлік құрамның адамдары жазасын өтеудің мерзімі басталғаны туралы сот қаулысында көрсетілген күннен бастап; міндетті еңбекке тартумен бас бостандығынан айыруға шартты түрде сотталғандар, қызметі бойынша шектеулерге сотталғандар және үкімнің заңды күшіне енген сәтінде бостандықта болғандар - заңды күшіне енген үкімді орындау туралы әскери соттың үкімін әскери бөлім алған күнінен бастап әскери қызметтен босатылады.

Шартты түрде сотталған немесе үкімді орындауды кейінге қалдырумен сотталған және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің шешімі бойынша әскери қызметте қалдырылған, сондай-ақ қызметі бойынша шектеулерге сотталған офицерлік құрам адамдарының мінез-құлқын бақылауды белгіленген тәртіппен әскери бөлімдердің командирлері жүзеге асырады.

Қызметі бойынша шектеуге сотталған және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің шешімі бойынша әскери қызметте қалдырылған офицерлік құрамның адамдарына қатысты үкімді іске асыру (орындауға келтіру) бөлімнің командиріне жүктеледі. Оның заңды күшіне енгені туралы әскери соттың үкімін және өкімін алған кезде бөлімнің командирі бұйрық (осы Нұсқаулыққа N 12 қосымша) шығарады. Бұйрықта көрсетілетін сотталған әскери қызметшінің қызметі бойынша шектеудің ұзақтығын (мерзімі) мен ақшалай үлесінен ай сайын ұстау мөлшері әскери соттың үкімімен белгіленеді. Қызметі бойынша шектеу мерзімі аяқталғанға дейін үш күн бұрын бөлім командирінің тиісті бұйрығы (осы Нұсқаулыққа N 13 қосымша) шығарылады.

Қызметі бойынша шектеуді қолдану және оларды тоқтату туралы бөлім командирі бұйрықтарының көшірмесі ақшалай үлесті төлеуді жүзеге асыратын қаржы органына, офицердің жеке ісінің бірінші данасына қосу үшін кадрлар органына, сондай-ақ үкім шығарған әскери сотқа жіберіледі.

Әскери атағынан айырмай, жасаған қылмысы үшін бас бостандығынан айыруға сотталған офицерлік құрамның адамдары, егер олар Ереженің 58-тармағы 1-тармақшасының талаптарына сәйкес келсе, бас бостандығынан айыру орнынан босағаннан кейін запастағы офицерлік құрамның әскери есебіне тіркеледі.

51. Запасқа немесе отставкаға шығаруға ұсынымда жақсы аттестатталған әскери қызметшіні көтермелеу шаралары туралы, сондай-ақ оған Ереженің 65-тармағының талаптарын ескере отырып әскери киім нысанын киюі құқығын беру туралы ұсыныстар көрсетіледі.

Босатылатын офицерлерге босату туралы жеке құрам бойынша бұйрықта Қарулы Күштердегі ерен еңбегі үшін Алғыс грамотасымен [4] наградтаумен алғыс жарияланады.

Босатылған әскери қызметшілер босатылу күні оларға тиісті үлестің түрлерімен уақтылы және толық қанағаттандырылады.

Жасы, денсаулық жағдайы немесе штаттың қысқаруы бойынша босатылатын кадрлық офицер құрамының адамдарына қолданылып жүрген заңнамада көзделген жеңілдіктер алу құқығына куәлік беріледі.

___________________

** Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 1994 жылғы N 35 бұйрығымен қолданысқа енгізілді.*

52. Босатылған офицерлік құрамның адамдарына запасқа немесе отставкаға босатылғаны туралы бұйрықтарды әскери бөлімнің командирлері (бастықтары) жариялайды.

Запасқа немесе отставкаға шығарылған, жақсы аттестатталған офицерлер үшін олар істері мен қызметтерін тапсырғаннан кейін салтанатты түрде шығарып салу ұйымдастырылады:

- босатылған бөлімшелердің, бөлімдер мен құрамалардың командирлеріне - запасқа немесе отставкаға шығарылған бөлімшелердің, бөлімдер мен құрамалардың командирлерін салтанатты түрде шығарып салу тәртібі туралы нұсқаулыққа (осы Нұсқаулыққа N 11 қосымша) сәйкес жеке құрамды сапқа тұрғызу;

- басқа да босатылған офицерлік құрамға - әскери бөлім офицерлерінің жиналысы.

Әскери қызметшінің ар-намысына нұқсан келтіретін қылықтар жасағаны үшін немесе жасаған қылмысы үшін бас бостандығынан айыруға байланысты емес жазалау шарасына сотталуына байланысты (Ереженің 62-тармағының 2-тармақшасы) қызметіне сәйкес келмеуі бойынша әскери қызметтен босатылған офицерлік құрамның адамдарымен әскери бөлімнен кетер алдында бөлімнің командирі қажетті түсіндірулер мен кеңестер берілетін әңгімелесу өткізеді.

Әскери қызметтен босатылған офицерлік құрам жеке ісінің бірінші данасы кету туралы нұсқама ұсынылған күні әскери бөлім Жеке құрамды есепке алу жөніндегі тәлімдемеде көзделген тәртіппен әскери комиссариаттарға немесе басқа да органдарға жіберіледі.

Таңдаған тұрғылықты жері бойынша әскери комиссариаттарға босатылған әскери қызметшілердің жеке істерінің уақтылы жіберілуін және келіп түсуін бақылауды кадрлар органы жүзеге асырады.

53. Ереженің 64-тармағында көзделген жағдайларда Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері офицерлік құрамының тізімінен шығарумен байланысты жеке құрам бойынша бұйрықтарды және басқа да құжаттарды ресімдеу тәртібі Жеке құрамды есепке алу жөніндегі тәлімдememен айқындалады.

Қайтыс болған (қаза тапқан) әскери қызметшілерді Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері офицерлік құрамының тізімінен шығару туралы бұйрықтарда, егер әскери қызметші мыналардың салдарынан қайтыс болса (қаза тапса) олардың әскери қызмет міндеттерін орындаумен байланысы туралы көрсетіледі:

- Қазақстан Республикасын қорғау кезінде немесе өзге де әскери қызмет міндеттерін орындау кезінде алған жарақаты, контузиясы немесе мертігуі;

- жауынгерлік іс-қимылдар жүргізетін елдерде интернационалдық борышын орындаумен байланысты науқасы.

Мүліктік және басқа да азаматтық-құқықтық мәселелерді шешу кезінде сот тәртібімен әскери қызметшіні хабар-ошарсыз кетті деп тану немесе оны қайтыс болды деп жариялау (Ереженің 64-тармағы) азаматтық заңнамада белгіленген тәртіппен әскери қызметші туыстарының сот органдарына өтініші бойынша жүргізіледі.

Әскери атағынан айырумен жасаған қылмысы үшін сотталған офицерлік құрамның адамдары әскери бөлім заңды күшіне енген үкімді орындау туралы әскери соттың өкімін алғаннан кейін - қамауға алынған күнінен бастап Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері офицерлік құрамының тізімінен шығарылады.

54. Офицерлік құрамның адамдары әскери қызметтен босату туралы жеке құрам бойынша бұйрықтар шыққаннан кейін, егер босату кезінде қолданылып жүрген заңнаманы бұзуға жол берілмесе және босатуға байланысты жаңа жағдайлар анықталмаса босату негіздері (Ереженің 59-62-тармақтары) өзгертуге жатпайды.

**"Келісім-шарт бойынша әскери қызметті өткеру ерекшелігі" деген 6-тарауға**

55. Офицерлер келісім-шарт бойынша әскери қызметке тек оларды даярлаудың саласына және әскери-есептік мамандығына сәйкес Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде нақты бос лауазым болған кезде қабылданады.

56. Келісім-шарт бойынша әскери қызметке қабылданатындар медициналық куәландыруға жатады:

- әскери қызметте тұрған офицерлер - жыл сайынғы тереңдетілген медициналық куәландыру, ал қажет кезінде - оларды әскери-дәрігерлік комиссиясына жіберумен;

- запаста тұратын офицерлер - гарнизондық әскери госпитальдар жанындағы әскери-дәрігерлік комиссиясымен.

57. Келісім-шарт бойынша әскери қызметке қабылдау үшін запастағы офицерлерді іріктеуді Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Кадрлар департаменті жіберген нарядтар негізінде облыстық (аудандық, қалалық ) әскери комиссариаттары жүргізеді.

58. Запаста тұратын офицерлердің өтініші түскен кезде аудандық (қалалық) әскери комиссариаттар:

а) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Кадрлар департаменті жіберген нарядтар негізінде өтінішті қанағаттандыру мүмкіндігін қарастырады және тиісті бос орын болған кезде запастағы офицерлерді медициналық куәландыруға, ал Ереженің 69-тармағында көзделген құжаттарымен жеке ісі мен қызметтік картасын (10-ү) - облыстық әскери комиссариаттарға жібереді;

б) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Кадрлар департаментінің нарядтары болмаған кезде рапортымен және қызметтік карталарымен жеке ісі олар бойынша шешім қабылдау үшін облыстық әскери комиссариаттарға жіберіледі.

59. Облыстық әскери комиссариаттар:

а) аудандық (қалалық) әскери комиссариаттардың жолдамасы негізінде запастағы офицердің медициналық куәландырылуын ұйымдастырады;

б) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Кадрлар департаментінің бар нарядтары негізінде запастағы офицердің өтінішін қанағаттандыру мүмкіндігін зерделейді. Нарядтарға сәйкес ауыстыруға жататын бос лауазымдар болмаған кезде офицердің рапортымен және қызметтік картасымен жеке ісі Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Кадрлар департаментіне жіберіледі;

в) тиісті бос лауазымдар бар болған кезде құжаттарды ресімдеуге аудандық ( қалалық) әскери комиссариаттарға нұсқау береді;

г) келісім-шарт бойынша әскери қызметке запастағы офицерлерді іріктеу жөніндегі комиссияның күшімен (бұл функциялар 3 жылға запастан әскери қызметке шақыру үшін офицерлерді іріктеу жөніндегі комиссияға жүктеледі) Ереженің 83-тармағының талаптарына запастағы офицердің сәйкестігін айқындайды;

д) әскери қызметке қабылданатын офицерлерге әскери қызмет туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын, ережелерін, келісім-шартты жасасу және бұзу тәртібін, оған қол қойған тараптардың жауаптылығын жеткізеді;

е) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Кадрлар департаментінің нарядына сәйкес осы офицермен (Ереженің 74-тармағы) Ережеге сәйкес Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі атынан келісім-шартқа қол қою құқығы берілген әскери бөлімнің командирі атына Ереженің 69-тармағына сәйкес ресімделетін жеке істерін, әскери-дәрігерлік комиссиясының

қорытындысын, қызметтік картасы мен басқа да құжаттарды, оған қатысты келісім-шарт бойынша әскери қызметке қабылдау мүмкіндігі туралы шешім қабылданған офицер қол қойған келісім-шартты (3 данада) жібереді.

60. Әскери бөлімнің командирлері:

а) келісім-шарт бойынша әскери қызметке запастағы офицерлерді іріктеу үшін команда бойынша Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Кадрлар департаментіне өтінім береді. Өтінімде: әскери бөлімнің нөмірі мен орналасқан жері, әскери лауазымдар, оларға сәйкес әскери-есептік мамандықтар және штатпен оларға көзделген әскери атақтар, әскери лауазымы бойынша жалақысы және бақылау органдарының рұқсаттамасын ресімдеу қажеттілігі көрсетіледі;

б) запастағы офицерлерге келіп түскен құжаттарды қарау жөніндегі тұрақты әрекеттегі аттестаттау комиссиясының жұмысын ұйымдастырады;

в) әскери қызметке офицерлерді қабылдаудың мақсаттылығы туралы немесе бас тарту себептерінің негіздерімен оларға бас тарту туралы тұрақты аттестаттау комиссиясының қорытындысы бойынша қорытындыны қарайды және жасайды;

г) қажет кезінде соңғы іріктеу және келісім-шарт жасасу үшін оларға қатысты келісім-шарт бойынша әскери қызметке қабылдау мүмкіндігі туралы шешім қабылданған запастағы офицерлерге шақыруды облыстық әскери комиссариатқа жібереді;

д) келісім-шартқа қол қояды (осы нұсқаулыққа N 14 қосымша), Офицерлерді, генералдар мен адмиралдарды тағайындау үшін лауазымдар номенклатурасына сәйкес бұйрық шығаратын инстанцияға құжаттарды жібереді. Запастан әскери қызметке қабылданатын офицерлерге екі тарап қол қойған келісім-шарт пен Ереженің 69-тармағына сәйкес ресімделетін қалған құжаттарды оны Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бұйрығымен жариялау үшін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Кадрлар департаментіне жібереді;

е) запастағы офицердің тікелей әскери бөлімге - осы Нұсқаулықта айқындалған тәртіппен оны тексереді және келісім-шарт бойынша әскери қызметке қабылданатын офицерлерге қойылатын талаптарға запастағы офицер сәйкес келген жағдайда құжаттарды ресімдеу үшін оны әскери есепке қоюға тұрған жері бойынша әскери комиссариаттарға қатынас қағазды жібереді;

ж) бас тартудың себептерін көрсетумен келісім-шарт бойынша әскери қызметке қабылдаудан бас тартылған запастағы офицерге құжаттарды облыстық әскери комиссариатқа жібереді.

61. Әскери бөлімнің шақыруы (қажет кезінде) негізінде аудандық (қалалық) әскери комиссариаттар соңғы іріктеу және келісім-шарт жасасу үшін запастағы офицерлерді (әскери қызметке қабылданатындардың есебінен) осы әскери бөлімдерге жібереді.

62. Инстанция оны әскери қызметке қабылдау турады запастағы офицермен келісім-шарт жасасқанын жариялайтын жеке құрам бойынша тиісті бұйрықты шығарғаннан кейін аудандық (қалалық) әскери комиссар бұйрықтың көшірмесі негізінде әскерге шақыру туралы әскери комиссариат бойынша бұйрық шығарады және офицерді әскери бөлімге жіберу туралы нұсқама береді, оның жасасылған күнінен келісім-шарт бойынша әскери қызметті есептеу басталады. Әскери комиссардың бұйрығының көшірмесі офицердің жеке ісіне тігіледі.

63. Атқарып отырған лауазымдарда қызмет өткеретін офицерлермен келісім-шарт жасасудың ерекшелігі:

а) тұрақты әрекеттегі аттестаттау комиссиясының оны белгіленген талаптарға сәйкестігін анықтағаннан және осы шешімді бекіткеннен кейін офицерлік құрамның адамдары қызмет өткеретін әскери бөлімнің командирлері (жекелеген батальон командирі және одан жоғары) офицер қол қойған келісім-шартты, келісім-шарт жасасудың мақсаттылығы туралы тұрақты әрекеттегі аттестаттау комиссиясының қорытындысын және бағыныстылығы бойынша өз өтінішін жібереді. Жоғары тұрған командирлер (бастықтар) осы материалдардың оларға бағынысты әскери бөлімдердің тұрақты әрекеттегі аттестаттау комиссиясының мәжілісінде карауын ұйымдастырады және өтініште осы комиссияның қорытындысын және келісім-шартқа қол қоюдың мақсаттылығы туралы өз пікірін көрсетеді;

б) келісім-шарт жасасу құқығы берілген әскери бөлімнің командирлері қажет кезінде офицерлерді әңгімелесуге шақыртады және келісім-шарттың қорытындысы туралы шешім қабылдайды, жеке құрам бойынша бұйрық шығарады немесе оларды шығарған инстанцияға құжаттарды жібереді. Келісім-шарт жасаспау туралы шешім қабылданған кезде олар осы офицерлердің Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі қолданылып жүрген заңнамада белгіленген тәртіппен әскери қызметтен босату туралы мәселені қарау үшін негізделген құжаттарды ұсынады;

в) әскери бөлімдердің командирлері қажет кезінде әскери қызметке жарамдылығын тексеру үшін офицерлерді жібереді. Әскери қызметте болу жасының шегіне жеткен және одан үлкен офицерлік құрамның адамдары міндетті тәртіппен медициналық куәландыруға жатады.

64. Келісім-шарт бойынша әскери қызметке қабылданатын офицерлер үшін белгіленген талаптар болып мыналар:

а) жалпы білім беру цензасы - азаматтық жоғары немесе орта арнаулы білімі;

б) кәсіптік даярлығының деңгейі - әскери білімінің (әскери училище, соның ішінде экстерн, азаматтық жоғары оқу орны жанындағы әскери кафедра, офицерлік курстар) немесе тиісті әскери мамандығының саласы бойынша жақын азаматтық білімінің, сондай-ақ офицер көзделген лауазым көлемінде білімінің,

дағдысының, бейінінің қажетті көлемінің бар болуы;

в) моральдық-психологиялық қасиеті - соңғы жұмыс орнынан (жұмыс немесе тұрғылықты орны бойынша) мінездемеде, сондай-ақ құзыретті органдардың ақпаратында сипатталады;

г) Дене даярлығы жөніндегі тәлімдемеге сәйкес дене даярлығы бойынша нормативтерді орындау түсініледі.

65. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі атынан әскери қызметте тұрған офицерлермен, сондай-ақ запаста тұрған және Офицерлерді, генералдар мен адмиралдарды тағайындау үшін лауазымдар номенклатурасына сәйкес тиісті лауазымға тағайындалған офицерлермен келісім-шартқа қол қою құқығы мыналарға беріледі:

а) Қазақстан Республикасының Қорғаныс министріне - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің бірінші орынбасарлары, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері түрлерінің қолбасшыларымен, бірлестіктердің, құрамалардың командирлерімен, "полковник" және одан жоғары штаттық санаты мен лауазымды атқаратын генералдар мен офицерлермен аудандық (қалалық) әскери комиссарлармен, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің тағайындау номенклатурасына енетін лауазымдар бойынша "подполковник" штаттық санатымен әскери бөлімдер мен мекемелердің командирлерімен, сондай-ақ осы лауазымдарға арналған запастағы офицерлермен;

б) Қазақстан Республикасы Бас штабының бастығына - Қорғаныс министрінің бірінші орынбасарына - осы тармақтың "а" тармақшасына кірмеген офицерлермен: орталық бағыныстағы бөлімдер мен мекемелер, байланыс, топографиялық қызмет, әскери қатынастар қызметі, әскерлер қызметі, әскери комиссариаттар, 40275 әскери бөлімі, әуе қозғалысын басқару орталығы, Республикалық мектеп-интернаттар, Кадет корпусы, Бас штабтың бағынысындағы департаменттер мен басқармалар, сондай-ақ запаста тұрғандармен және осы лауазымға арналғандармен;

в) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің орынбасарларына, Қорғаныс министрлігі мен Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері бас штабының департаменттері, бас басқармалары, басқармалары, жекелеген бөлімдері мен қызметтерінің бастықтарына - осы "а" және "б" тармақшаларына енбеген бағынысындағы департаменттердің, бас басқармалардың, басқармалардың, бөлімдер мен қызметтердің, әскери бөлімдерінің офицерлерімен, сондай-ақ "подполковникке" дейінгіні қоса алғандағы штаттық санатымен тиісті әскери-есептік мамандығы бар офицерлермен және осы лауазымға арналған запастағы офицерлермен;

г) Қарулы Күштер түрлерінің қолбасшыларына, бірлестіктердің командирлеріне - осы тармақтың "а", "б", "в" тармақшаларына енбеген "

подполковникке" дейінгіні қоса алғандағы штаттық санатымен бағынысындағы басқармалардың, бөлімдер мен әскери бөлімдердің офицерлерімен, сондай-ақ осы лауазымға арналған запастағы офицерлермен;

д) құрамалардың командирлеріне, оқу орталығының бастығына - құрама басқармасының (оқу орталығының) және "капитан" және одан төмен штаттық санатымен бағынысындағы бөлімдердің офицерлерімен, роталар, батареялар командирінің лауазымдарында тұрған офицерлермен, сондай-ақ осы лауазымға арналған запастағы офицерлермен;

е) әскери оқу орындарының бастығына - Қазақстан Республикасының әскери оқу орындарында оқитын курсанттармен;

ж) Қорғаныс министрлігінің өкіліне - басқа мемлекеттердің әскери оқу орындарында оқитын курсанттармен, тыңдаушылармен, адъюнкттармен және докторанттармен.

Соның ішінде әскери қызметте болу жасының шегіне жеткен запастағы офицерлермен келісім-шартқа қол қою және ұзарту құқығы офицерлер арналған лауазымдардың штаттық санатына қарамастан тек Қазақстан Республикасының Қорғаныс министріне беріледі.

66. Келісім-шарт бойынша әскери қызметті өткеретін офицерлерді қызметі бойынша ауыстыру және жоғарылату Офицерлік құрам адамдарының Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде әскери қызметті және запастағы қызметті өткеру туралы ережесімен айқындалған тәртіпте жүзеге асырылады.

Келісім-шарт бойынша әскери қызметшілерді басқа министрлікке, ведомствоға, сондай-ақ ТМД мемлекеттерінің Қарулы Күштеріне іссапарға жіберу қолданылып жүрген заңнамаға және мемлекетаралық келісімдерге сәйкес келісім-шарттың мерзімі аяқталғаннан кейін жүргізіледі.

**"Қысқа мерзімді қызмет офицерлерінің әскери қызметті өткеру ерекшелігі" деген 7-тарауға**

67. Шақыру бойынша офицерін әскери қызметті өткеру мерзімін ұзартуға ұсыну (Ереженің 94-тармағы) онымен әңгімелескеннен және аттестаттаудан кейін офицердің жазбаша рапорты бойынша әскери бөлімнің командирі жүргізеді .

*Ескерту: 67-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қорғаныс министрінің 2003 жылғы 13 қазандағы N 338* бұйрығымен .

68. Үш жылға запастан әскери қызметке шақырылған офицердің әскери қызмет мерзіміне (Ереженің 95-тармағының 1-тармақшасы) азаматтық оқу орнын тікелей аяқтағаннан кейін оларды міндетті әскери қызметке шақыру кезінде әскери комиссариаттар беретін демалыс және босату кезінде берілетін негізгі демалыс, сондай-ақ белгіленген тәртіппен демалыстан тыс жолға берілетін уақыты есептеледі.

**"Запастағы қызмет, отставкада болу" деген 8-тарауға**

69. Әскери міндеттілерді запас бойынша алғашқы офицерлік атаққа және запас бойынша кезекті әскери атаққа ұсыну тәртібін (Ереженің 99, 100, 102-тармақтары), сондай-ақ запастағы офицерлік құрамның есебін жүргізуді ұйымдастыру тәртібін Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің запастағы офицерлік құрамының әскери есебін жүргізу және аттестаттау жөніндегі басшылықпен айқындалады.

**"Соғыс уақытында әскери қызметті өткеру ерекшеліктері" деген 9-тарауға**

70. Ереженің 9-тарауымен және соғыс уақытында қабылданған басқа да құқықтық актілермен белгіленген офицер кадрларымен жұмыс, әскери атақтар беру, лауазымға тағайындау, аттестаттау, демалыстар беру және офицерлік құрам адамдарын соғыс уақытында әскери қызметтен босату тәртібі Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің ерекше нұсқауы бойынша қолданылады.

*Қазақстан Республикасы*
*Қорғаныс министрлігі*
*Кадрлар департаментінің*
*бастығы*
*генерал-майор*

Нұсқаулықтың
36-тармағына
N 1 қосымша

**I. ҰСЫНЫМ**

____________________________________________________________________

(әскери атағы, тегі, аты, әкесінің аты, атқаратын лауазымы және

____________________________________________________________________

қай уақыттан, штаттық санаты мен штаттың нөмірі)

____________________________________________________________________

____________________________________________________________________

____________________________________________________________________

____________________________________________________________________

____________________________________________________________________

(штат бойынша лауазымның атауы, штаттың нөмірі, штаттық-лауазымдық санаты)

____________________________________________________________________

____________________________________________________________________

________________________________________________________________ұсынылады.

Туған жылы _______________ Туған жері__________________________________

Ұлты ___________________ Жеке нөмірі____________________________________

Б і л і м і :
а) азаматтық ________________________________________________
б) әскери (әскери-арнаулы)___________________________________________
________________________________________________________________
Білімі бойынша мамандығы ____________________________________________

Қандай тілдерді біледі қандай дәрежеде
________________________________
________________________________
________________________________

Шетелде болды ма (қайда, қашан)
________________________________
________________________________
________________________________

Мемлекеттік наградалары бар ма (қандай)
________________________________
________________________________
________________________________

Жауынгерлік іс-қимылдарға қатысуы, жаралануы
________________________________
________________________________
________________________________

Әскери атақ берілді ____________________________________________
(кіммен, бұйрықтың күні мен нөмірі)
Қарулы Күштерде ______________________________________________
Отбасы жағдайы (отбасы құрамы) ________________________________
________________________________________________________________
20___ж. Соңғы аттестаттау бойынша қорытынды _______________________
________________________________________________________________
________________________________________________________________

**ЕҢБЕК ЖОЛЫ ЖӘНЕ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТ**

| Күні мен жылы | | Лауазымның атауы |
|---|---|---|
| Қабылдануы | босатылуы | |

**ІІ. ҰСЫНЫМҒА НЕГІЗДЕМЕ**

Командир (бастық) ____________________________________________
(лауазымы, әскери атағы, қолы, тегі)
М . О .
19 ___ж. "____"__________________

**ІІІ. ТІКЕЛЕЙ БАСТЫҚТАРДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

________________________________________________________________
(ЛАУАЗЫМЫ, ӘСКЕРИ АТАҒЫ, ҚОЛЫ, ТЕГІ)
19 ___ж. "____"__________________

______________________________________________________________

(ЛАУАЗЫМЫ, ӘСКЕРИ АТАҒЫ, ҚОЛЫ, ТЕГІ)

19 ___ж. "____"________________

______________________________________________________________

(ЛАУАЗЫМЫ, ӘСКЕРИ АТАҒЫ, ҚОЛЫ, ТЕГІ)

19 ___ж. "____"________________

______________________________________________________________

(ЛАУАЗЫМЫ, ӘСКЕРИ АТАҒЫ, ҚОЛЫ, ТЕГІ)

19 ___ж. "____"________________

**IV. БҰЙРЫҚ ШЫҒАРАТЫН КАДР ОРГАНЫ ИНСТАНЦИЯСЫНЫҢ ПІКІРІ**

______________________________________________________________

(ЛАУАЗЫМЫ, ӘСКЕРИ АТАҒЫ, ҚОЛЫ, ТЕГІ)

19 ___ж. "____"________________

**V. ҰСЫНЫМ БОЙЫНША ШЕШІМ**

______________________________________________________________

______________________________________________________________

______________________________________________________________

**ҚҰЖАТТЫ ТІРКЕУ ТУРАЛЫ БЕЛГІ (ИНСТАНЦИЯ БОЙЫНША ІС ЖҮРГІЗУДЕ)**

Қосымша: ______________________________________________________

______________________________________________________________

______________________________________________________________

______________________________________________________________

19___ж. "___"_____________________ шығыс N ___________________

**Офицерлік құрамның адамдарын кезекті әскери атаққа (әскери атағын төмендетуге және қалпына келтіруге, әскери атағынан айыруға), лауазымға тағайындауға және әскери қызметтен босатуға ұсынымдарды ресімдеу ережесі**

1. Ұсыным бланкіде ресімделеді, оған әскери бөлімнің командирі қол қояды және осы мәселе бойынша соңғы шешім қабылдауға команда бойынша құқығы бар командирге (бастыққа) дейін жіберіледі. Ұсыным кадрлар органы арқылы жіберіледі. Құпиялылық белгісі ұсынымның мазмұнына байланысты айқындалады.

2. Ұсынымда:

а) әскери қызметшіде бар және ол ұсынылатын әскери атақтар туралы - осы әскери атақтардың толық (қысқартусыз) атауы. Офицерді тең әскери атаққа қайта аттестаттауға немесе бұрынғы атағын қалпына келтіруге ұсынылған жағдайда ол туралы берілетін атақтан кейін тиісті "аттестаттау тәртібінде" немесе "атағын қалпына келтіру тәртібінде" деген жазба жазылады. Офицерді әскери атағын төмендетуге қандай әскери атағына дейін төмендетуге ұсынылған кезінде, ал

әскери атағынан айыруға ұсынған кезде қандай әскери атағынан айыру қажеттілігі көрсетіледі;

б) әскери қызметші атқарып отырған және ол ұсынылған лауазымдары туралы - осы лауазымдардың толық атауы, ал белгіленген жағдайларда - штатта көрсетілген қысқа атауы. Басқа әскери бөлімге (құрамаларға, бірлестіктерге, Қарулы Күштердің түрлеріне) ауыстыруға ұсынылған жағдайда әскери қызметшіні қайда және қандай лауазымға ауыстыру немесе қандай лауазымда пайдалану мүмкіндігі көрсетіледі;

в) ұлты, білімі, жауынгерлік істерге қатысуы, жаралануы туралы - қызметтік тізімінің тиісті бөліміндегі нысандама;

г) Қарулы Күштердегі қызмет туралы - әскери қызметтің басталған күні, айы мен жылы. Егер қызметте үзілістер болса, онда қызметке айқындалған және босатылған күнін, айы мен жылын көрсетумен әскери қызметтің барлық кезеңі рет-ретімен жазылады. 3 жылға запастан шақырылған офицерлерге әскери қызметтің күнінен, айынан және жылынан кейін "екі-үш жылға шақыру бойынша " деп жазылады;

д) еңбек етуі және әскери қызметі туралы - қызметтік тізімнің 11 және 12-бөлімінің нысандамасында көрсетіледі.

3. "Ұсынуға негіздер" деген II бөлімде:

а) кезекті әскери атаққа ұсынған кезде - әскери қызметшінің іскерлік және моральдық қасиеттерінің, кәсіптік даярлығының, атқарып отырған лауазымы бойынша міндеттерін меңгеру дәрежесінің, жеке үлесінің және жауынгерлік және жұмылдыру әзірлігін арттырудағы, әскери тәртіпті және ол қолбасшылық жасайтын бөлімшелердің (әскери бөлімдердің, құрамалардың), жауап беретін жұмыс учаскесінің жай-күйін нығайтудағы қол жеткізген нәтижелерінің қысқаша сипаттамасы. Соңғы аттестаттауда белгіленген кемшіліктер қандай дәрежеде жойылғаны.

Атқарып отырған лауазымы бойынша көзделген полковник, оған тең және жоғарғы кезекті атақ, мерзімінен бұрын кезекті әскери атақ немесе бір сатыға жоғары әскери атақ беруге, әскери атағын төмендетуге және бұрынғы әскери атақты қалпына келтіруге, әскери атағынан айыруға ұсынымдарда одан басқа негізгі лауазымдарда қызмет өткерген еңбек сіңірген жылдары көрсетіледі.

Атқарып отырған лауазымы бойынша көзделген мерзімінен бұрын кезекті әскери атаққа немесе бір сатыға жоғары әскери атаққа ұсынымда, сонымен бірге офицер қандай нақты еңбегіне немесе жұмыстағы көрсеткіштері үшін әскери атаққа ұсынылады, осындай тәртіппен бұрын офицерлік атақ берілді ме және қандай.

Офицерді әскери атағын төмендетуге немесе әскери атағынан айыруға ұсынған жағдайда оның қызметтік және жеке қасиеттерінің мінездемесімен қатар

ол не үшін әскери атағын төмендетілуге немесе әскери атағынан айыруға ұсынылады және бұрын оған қандай ықпал ету шаралары қолданылғаны көрсетіледі. Егер офицер офицерлердің ар-намысы жолдастық сотының өтініші бойынша әскери атағын төмендетуге ұсынылса, ұсынымға ар-намыс соты шешімінің көшірмесі қоса беріледі;

б) лауазымға тағайындауға ұсынған кезде - тағайындалуға қандай тәртіппен ұсынылады: жоғары лауазымға жоғарылатылады, тең лауазымға немесе төмен лауазымға тағайындалады. Әскери қызметші өз қызметінің бүкіл кезеңінде қалай аттестатталады (егер кемшіліктерімен, онда олардың анағұрлым ерекшесі көрсетіледі). Соңғы аттестаттауда сипатталмаған, бірақ тағайындау туралы мәселені шешу үшін маңызды ерекше мәліметтері. Әскери қызметшінің іскерлік және моральдық қасиетінің, кәсіптік даярлығының, атқарып отырған лауазымы бойынша міндеттерін меңгеру дәрежесінің, жеке үлесінің және жауынгерлік және жұмылдыру әзірлігін арттырудағы, әскери тәртіпті және ол қолбасшылық жасайтын бөлімшелердің (әскери бөлімдердің, құрамалардың), жауап беретін жұмыс учаскесінің жай-күйін нығайтудағы қол жеткізген нәтижелерінің қысқаша сипаттамасы. Тең лауазымға ауыстыру немесе Ереженің 32 және 33-тармақтарына сәйкес төмендетумен тағайындау үшін негізгі себеп. Басқа әскери бөлімге (құрамаға, бірлестікке, Қарулы Күштердің түрлеріне) ауыстыру үшін негізі. Егер әскери қызметші оның денсаулық жағдайы немесе отбасы мүшелерінің денсаулық жағдайы бойынша ауыстыруға ұсынылса әскери-дәрігерлік комиссиясының қорытындысы. Қызметі бойынша ауыстырған жағдайларда сипатталуы қажет басқа да мәліметтер ( Қарулы Күштердегі қызмет өткерген жылдары және ақшалай үлесінің жалақысы туралы, азаматтық жоғары оқу орнының әскери кафедрасына тағайындау кезінде ректормен келісу туралы және т.б.). Ұсынылған әскери қызметшімен кім әңгімелесті және тағайындауға ( ауыстыруға) оның жеке пікірі;

в) әскери қызметтен босатуға ұсыну кезінде:

- әскери қызметші босатылуға ұсынылатын Ереженің тармақшасы мен тармағы және әскери киім нысанын киіп жүру құқығы туралы ұсыным алдында көрсетіледі;

- Қарулы Күштердегі қызмет өткерген жылдары туралы - есепке (белгіленген тәртіппен жасалған және ресімделген) сәйкес күнтізбелік және жеке, жеңілдік есептеудегі жыл, ай және күн саны, есепті жасау күні. Қызмет өткерген жылдарын ескере отырып зейнетақыға құқығы бар офицерлерге қатысты сонымен бірге қызмет өткерген жылдың саны туралы көрсетіледі. Офицерде зейнетақыға құқық беретін қызмет өткерген жылдары болмаған кезде әскери бөлімнің штабы немесе кадр органдары есептеген қызмет өткерген жылы және зейнетақыға қызмет өткерген жылдарын есептемей қызмет өткерген жылы

есептеген жағдай бойынша күні көрсетіледі;

- әскери қызметке жарамдылық дәрежесі туралы - қашан және қандай әскери-дәрігерлік комиссиямен куәландырылды, науқасы туралы куәлігі қашан және қандай әскери-дәрігерлік комиссиямен бекітілді, оның нөмірі, бекітілген науқасы туралы куәліктен әскери қызметке жарамдылық дәрежесі туралы нақты нысандама. Егер әскери қызметші медициналық куәландыруға жіберілмесе, оның себебі көрсетіледі;

- қызмет орны бойынша тұрғын үймен қамтамасыз ету - қандай елді мекенде, соның ішінде белгіленген тәртіппен броньдалған немесе кооперативтік пәтері ( бөлмесі) бар;

- босату туралы әңгімелесуді кім және қашан жүргізді, қызмет өткерген жылдарын, оның босатылуға пікірін ескере отырып әскери қызметші таныстырылды ма;

- әскери есепке алуға жіберу туралы - аудандық бөлінетін қаланың, облыстың , аудандық (қалалық) әскери комиссариаттың атауы;

- көтермелеу шаралары туралы - әскери киім нысанын киіп жүруге (Ереженің 65-тармағын ескере отырып) құқығы берілгені туралы, алғыс жариялау туралы, Құрмет грамотасымен наградтау туралы, босатылған кезде кезекті әскери атағын беру туралы өтініш;

- босату кезіндегі ерекше себептер және Ереженің 59-тармағының 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11-тармақшалары, 61-тармағы, 62-тармағының 2-тармақшасы бойынша негіздері туралы - Ереженің осы тармақшалары мен тармақтары бойынша босату қажеттігін растайтын, қоса беріліп отырған аттестаттауда сипатталмаған сипаттайтын мәліметтер мен жағдайлар көрсетіледі.

4. "Тікелей бастықтардың қорытындысы" деген III бөлімде командирдің ( бастықтың) қорытындысы ретімен енгізіледі, онда ұсыныммен келісімі көрсетіледі немесе ұсынымға қол қойған әскери бөлімнің командиріне хабарланатын себептерді көрсетумен ұсынымның кешігуі туралы шешім жазылады. Тікелей бастықтың әскери атақты немесе лауазымды төмендетуге, атағынан айыруға, босатуға (офицердің ар-намысы жолдастық соттың қолдауы бойынша) ұсыныммен келіспеген кезде әскери қызметшіге тәртіптік жазалаудың басқа қандай шарасы қолданылуы керектігі көрсетіледі.

Бас тартылған ұсынымдарды бұдан әрі жіберу тоқтатылады, осыған құқық берілген бастық соңғы шешім қабылдау үшін команда бойынша жіберуге жататын офицердің ар-намысы жолдастық соттың қолдауы бойынша әскери атағын, лауазымын төмендетуге және әскери қызметтен босатуға ұсынымнан басқа.

Әскери қызметшіні әскери қызметтен босатудан бас тарту немесе кешіктіру туралы шешімді оған берілген құқық шектерінде және босатуға байланысты

мәселелерді қараудың және шешудің белгіленген тәртібін сақтаумен тікелей бастық қабылдайды.

Тиісті қолбасшының қорытындысынан кейін әскери кеңестерде қаралған ұсынымдарда мынадай жазу жазылады: "________ әскери кеңесте қаралды және мақұлданды, 19 ___ "___"________ N _____ хаттама".

5. Ұсынымға қол қоятын, сондай-ақ олар бойынша қорытынды беретін бастықтар штабтар, әскер тектері мен қызметтері бастықтарының, өз орынбасарларының және Офицерлік жиналыстардың пікірін ескереді.

6. "Кадр органының пікірі" деген VI бөлімде ұсынымда көрсетілген мәселені шешу үшін кадр органның дәлелденген ұсынысы жазылады.

7. "Ұсыным бойынша шешім" деген V бөлімде кадр органы осы құқықты пайдаланатын бастық қабылдаған ұсыным бойынша шешім (бұйрық) жазбасы енгізіледі.

8. "Құжатты тіркеу туралы белгі" деген VI бөлімде онда құжатта жазылған мәліметтер мазмұнының құпиялылық белгісін беруге сәйкес тексергеннен кейін инстанциялар бойынша іс жүргізу органдары рет-ретімен енгізеді.

Бірнеше ұсыным бір мекен-жайға қайта жіберілген кезде олар ілеспе хатпен жіберіледі.

9. Ұсыныммен бірге мынадай құжаттар жіберіледі:

- лауазымға тағайындауға ұсыну кезінде:

соңғы аттестаттау, ал белгіленген жағдайларда қызметтік мінездемесі;

жеке ісі, белгіленген үлгідегі анықтама және басқа да құжаттары (егер оларды ұсыну қажеттігін жоғары тұрған кадр органдары белгілесе);

офицердің ар-намысы жолдастық сот шешімінің көшірмесі (ар-намыс соттың қолдауы бойынша лауазымын төмендетуге ұсынылатындарға);

- жоғары тұрған офицерлік құрамның әскери атағын беруге ұсынған кезде:

шерулік нысанда 9x12 көлемді суретімен белгіленген үлгідегі анықтама;

- әскери атағын айыруға ұсынған кезде:

оған әкімшілік тергеу, анықтау материалдары (егер ол жүргізілсе) бойынша қорытындыны қоса бере отырып офицердің жеке ісі;

қызметтік мінездемесі;

қызмет карточкасы;

- әскери қызметтен босатуға ұсынған кезде:

соңғы аттестаттау;

Қорғаныс министрлігі кадр органына дейін жеке ісі (оған атқаратын лауазымы бойынша штатта көзделген әскери атағынан бір дәрежеге жоғары кезекті әскери атағын берумен қатар капитан атағындағы офицерді жасы немесе науқасы бойынша босату кезінде);

отбасы жағдайы бойынша босату қажеттілігін растайтын құжаттар;

әскери сот үкімінің көшірмесі (Ереженің 62-тармағы бойынша босату кезінде)

.

Нұсқаулықтың 4-тармағына
N 2 қосымша

___________________ командиріне (бастығына)

Офицерлік құрам адамдарының Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде әскери қызметті және запастағы қызметті өткеру туралы ереженің ___-тармағына сәйкес 5 жылға дейінгі мерзімге шекті жастан тыс әскери қызметте қалдырудың мақсаты.

| Р/с N | Әскери атағы, тегі, аты мен әкесінің аты, атқаратын лауазымы | Туған жылы, қандай әскери немесе азаматтық арнаулы оқу орнын және қашан аяқтады (деңгейі бойынша жоғары) | Қызметке қалдыру қандай мерзімге ұсынылады | Қалдыру мақсаттылығының негізі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | | **Толтыру үлгісі** | | |
| 1. | Полковник СӘРСЕМБАЕВ Тағыберген Шамғұнұлы, 21110 ә/б автомобиль қызметінің бастығы | 1948 ж. 20 наурыз ВАТТ - 1978 ж. Қызмет өткерген жылдары: күнтізбелік - 22 жыл 3 ай, жеңілдік - 23 жыл. | _____ дейін (жыл) | Жұмысқа қабілетті. Қызмет өткерген жылдарына 25 жыл |

Командир (бастық)___________________________
(әскери бөлімнің атауы)

___________________________
(әскери атағы, қолы, тегі)

19 ___ж. "____"_________________

## Шекті жастан тыс әскери қызметте қалдыру үшін офицерлік құрамның тізімін жасау ережесі

Кіші офицерлерге, майорларға, подполковниктер мен полковниктерге, генералдар мен адмиралдарға бөлек қатаң алфавит тәртібімен және 5 жылға

дейінгі мерзімге және екінші 5 жыл мерзімге жеке жасалады.

5 жылға дейінгі мерзімге тізімге ағымдағы жылы әскери қызметте болудың шекті жасына жететін және 5 жылға дейінгі мерзімге әскери қызметке қалдыруға мақсатты офицерлік құрамның адамдары енгізіледі.

Екінші 5 жыл мерзімге тізімге ағымдағы жылы әскери қызметте болудың шекті жасынан тыс 5 жылды өткеретін, бірақ оларды тағы 5 жылға дейінгі мерзімге әскери қызметке қалдыру ерекше қажеттігі бар жоғары білікті мамандар қатарынан офицерлік құрамның адамдары енгізіледі.

Егер әскери қызметшінің әскери атағы атқаратын лауазымы бойынша штатта көзделген әскери атақтан жоғары болса, тізімнің 2-бағанында сонымен қатар атқаратын лауазымы бойынша штаттық санаты көрсетіледі.

3-бағанды толтырған кезде әскери қызметке берілген ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, құрметті атағы, лауреат атағы, сондай-ақ оның даярлығы мен қызметін (жауынгерлік тәжірибесі, мемлекеттік наградалары және т.б.) ерекше сипаттайтын басқа да мәліметтері көрсетіледі. Қызмет өткерген жылдары келесі жылдың 1 қаңтары жағдайы бойынша 25 жылдан (жеңілдік есептеуде) көп жылды құрайтын әскери қызметшілерге ғана көрсетіледі. Қызмет өткерген жылдарын есептеуді бөлімнің штабы немесе кадрлар органы, ал қажетті жағдайда - қызмет өткерген жылдарының есебін жасамай қаржы органын тартумен жүргізіледі.

Әскери қызметші қызметте қалдырылған бес жыл шегіндегі мерзім (тізімнің 4 -бағаны) осы мамандықтың офицерлеріне қажеттігін, денсаулық жағдайын, жұмыс қабілетін, аттестаттауды ескере, сондай-ақ іс жүзіндегі мүмкіндіктеріне және оны атқаратын лауазымда немесе басқа лауазымда пайдалану қажеттігіне сүйене отырып айқындалады.

Барлық инстанцияларда тізімді қарау және оларды штабтар, әскер тектері мен қызметтердің бастықтарымен келісу лауазымға тағайындауға ұсынымды қарау үшін белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Тізімдер Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Кадрлар департаменті арқылы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің шешіміне ұсынылады.

*Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Кадрлар департаментінің бастығы*

*генерал-майор*

Нұсқаулықтың 16-тармағына
N 3 қосымша

" Б Е К І Т Е М І Н "

____________________________
(командир, қолбасшы)

____________________________
(әскери атағы, қолы, тегі)
19____ ж. "_____" ___________

**19___ жылы жоғары тұрған лауазымдарға жоғарылату және оқуға жіберу үшін офицерлік құрам Р Е З Е Р В І**

**(әскери бөлімнің, құраманың, бірлестіктің, әскер тегінің, қызметтің атауы)**

| Әскери атағы, атақ берілген күні, тегі, аты және әкесінің аты, атқарып отыр. ған лауазымы және қай уақыттан бастап | Туған күні, ұлты, әскери (арнаулы) білімі, қызметті өткеруі туралы қысқаша сипаттама, сыныптылығы, жауынгерлік тәжірибесі, мемлекеттік наградалары | Соңғы аттестаттау бойынша қорытынды және басқа да сипаттаушы мәліметтер | Кандидаттарды даярлау жөніндегі іс-шаралар | Лауазымға тағайындау, оқуға жіберу туралы немесе тізімнен алып тастау туралы белгі және негізі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |

**I. Жоғарылату үшін:**

Лауазымға _________________
______________________________________________
Лауазымға _________________
______________________________________________
және т.б.

**II. Оқуға жіберу үшін:**

Әскери академияға ____________
______________________________________________
және т.б.

Кадрлар Басқармасының (бөлімінің, бөлімшесінің) бастығы ____ ________________________________________________________________

(әскери атағы, қолы және тегі)

20____ ж. "_____" ______________

**Келесі жылы жоғары тұрған лауазымдарға жоғарылату және оқуға жіберу үшін офицерлік құрамның резервін есепке алу бойынша ТҮСІНІК**

Жоғары тұрған лауазымдарға жоғарылату және оқуға жіберу үшін резерв мыналармен ескеріледі:

а) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Кадрлар департаментінің бастығы - оның номенклатурасына және Қазақстан Республикасы Президентінің номенклатурасына лауазымдарға тағайындау үшін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің резерві;

б) Қарулы Күштер түрлерінің, Бас штабтың, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің бас басқармалары кадр басқармаларының (бөлімдерінің) бастықтары және төмен тұрған кадр органдарының бастықтары құрамалардың (мекемелердің, әскери оқу орындарының, кәсіпорындардың, ұйымдардың) кадр бөлімшелерінің (бөлімдерінің) бастықтарына дейінгіні қоса алғанда - тиісті қолбасшының, командирдің (бастықтың) номенклатурасы және жоғары тұрған инстанциялардың номенклатурасы лауазымына тағайындау үшін резерв;

в) әскери бөлімнің командирі - әскери бөлімдердің жоғары тұрған лауазымдарға жоғарылатуға және оқуға жіберуге лайық офицерлерінің резерві.

2. Әскери қызметшілерді келесі жылы жоғары тұрған лауазымдарға жоғарылату және оқуға жіберуге резервке дербес енгізу үшін тиісті тікелей бастық (әскери бөлімнің, құраманың командирі, Қарулы Күштер түрлерінің қолбасшысы және т.б.) аттестаттауды, Офицерлік жиналыстың, штабтың, әскер тектері мен қызметтердің, кадр органының кандидат туралы пікірін және практикалық жұмыстағы зерделеудің нәтижелерін ескере отырып қабылдайтын шешім негіз болып табылады.

3. Жоғары тұрған инстанциялардың тағайындау номенклатурасының лауазымына жоғарылату үшін немесе осы лауазымдардан оқуға жіберу үшін ұсынылған офицерлік құрам адамдары туралы жоғары тұрған кадр органына команда бойынша тағайындайтын инстанцияның кадр органына дейін (ақпарат түрінде) хабарланады.

4. 4-бағанда кандидаттарды даярлау жөніндегі іс-шаралар көрсетіледі: жиындарға, курстарға жіберу (қашан және қандай, қандай бейін бойынша), кандидаттың оқу-жаттығуда, бір саты жоғары лауазымда міндеттерін орындау кезіндегі іс-қимылдарын зерделеу, әңгімелесу өткізу (кім өткізеді, қандай мәселе бойынша), қабылдау емтихандарына дайындалу үшін бос уақыт беру және т.б.

5. 5-бағанда әскери қызметшіні жоғары тұрған лауазымға тағайындау, оқуға жіберу, әскери бөлімнен кетуі немесе оны резервтен шығару туралы белгі қойылады және негізі көрсетіледі.

Әскери қызметшіні резервтен шығару туралы шешімді әскери қызметшінің жұмыс сапасы төмендеген немесе жоғары тұрған лауазымға тағайындаудың немесе оқуға жіберудің мүмкін еместігін куәландыратын қылық жасаған жағдайда осы түсініктеменің 2-тармағында көрсетілген бастық қабылдайды.

6. Офицерлік құрам адамдарын резервке қабылдау және резервтен шығару туралы әскери қызметшіге тікелей аға бастығы жеке әңгімелесу кезінде жариялайды.

7. Жоғары тұрған лауазымға тағайындау және оқуға жіберу үшін резерв жеке кітаптарда ескеріледі.

Кадр органдарының бастықтары резервке енгізілген әскери қызметшілер туралы сипаттаушы деректерді білуге және ескеруге, бұл деректерді кадрларды зерделеу барысында практикалық жұмыста нақтылауға және толықтыруға міндетті.

Нұсқаулықтың 18-тармағына
N 4 қосымша

**Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері офицерлік құрам адамдарын аттестаттаудың ҮЛГІЛІК СЫЗБАСЫ**

| Лауазымның атауы | Аттестаттауды кім жасайды | Аттестаттау бойынша кім қорытынды береді | Аттестаттауды кім бекітеді |
|---|---|---|---|
| Жалпы мақсаттағы күштер бойынша | | | |
| Жекелеген батальондағы (дивизиондағы) взвод командирі | Рота (батарея) командирі | Жекелеген батальонның (дивизионның) аттестаттау комиссиясы | Жекелеген батальонның (дивизионның) командирі |
| Полктағы взвод командирі | Рота (батарея) командирі | Батальон (дивизион) командирі, полк аттестаттау комиссиясы | Полк командирі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Жекелеген батальондағы (дивизиондағы) рота (батарея) командирі | Жекелеген батальонның (дивизионның) командирі | Дивизиондық аттестаттау комиссиясы | Дивизия командирі |
| Полктағы рота (батарея) командирі | Батальон (дивизион) командирі | Полктік аттестаттау комиссиясы | Полк командирі |
| Жекелеген батальон (дивизион) штабы бастығының көмекшісі | Жекелеген батальон (дивизион) штабының бастығы | Жекелеген батальонның (дивизионның) аттестаттау комиссиясы | Жекелеген батальонның (дивизионның) командирі |
| Жекелеген батальон (дивизион) командирінің орынбасары | Жекелеген батальонның (дивизионның) командирі | Дивизиондық аттестаттау комиссиясы | Дивизия командирі |
| Полктағы рота (батарея) командирінің орынбасары | Батальон (дивизион) командирі | Полктік аттестаттау комиссиясы, полк командирі | Дивизия командирі |
| Жекелеген батальон (дивизион) командирі | Тиісті әскер тегінің, дивизия қызметінің бастығы | Дивизиондық аттестаттау комиссиясы, дивизия командирі | Корпус командирі |
| Полктағы рота (батарея) командирі | Полк командирі | Дивизиондық аттестаттау комиссиясы | Дивизия командирі |
| Полк штабы бастығының орынбасары | Полк штабының бастығы | Полктік аттестаттау комиссиясы, полк командирі | Дивизия командирі |
| Полктің байланыс бастығы | Полк штабының бастығы | Полктік аттестаттау комиссиясы, полк командирі, дивизияның | Дивизия командирі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | байланыс бастығы | |
| Полк командирінің орынбасарына тікелей бағынатын қызмет бастығы | Полк командирінің тиісті орынбасары | Полктік аттестаттау комиссиясы, полк командирі, дивизияның тиісті қызмет бастығы | Дивизия командирі |
| Полк командиріне тікелей бағынатын қызмет бастығы | Полк командирі | Дивизияның тиісті қызмет бастығы, дивизиондық аттестаттау комиссиясы | Дивизия командирі |
| Полк командірінің орынбасары | Полк командирі | Дивизиондық аттестаттау комиссиясы, дивизия командирі | Корпус командирі |
| Полк командирі | Дивизия командирі | Корпустық аттестаттау комиссиясы, корпус командирі | Жалпы мақсаттағы күштердің қолбасшысы |
| Дивизия командирінің орынбасарына тікелей бағынатын қызмет бастығы | Дивизия командирінің тиісті орынбасары | Дивизиондық аттестаттау комиссиясы, дивизия командирі, корпустың тиісті қызмет бастығы | Корпус командирі |
| Әскер тегінің, дивизия командиріне тікелей бағынатын қызмет | Дивизия командирі | Корпустың тиісті әскер тегінің (қызметінің) бастығы, | Корпус командирі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| бастығы | | корпустық аттестаттау комиссиясы | |
| Дивизия командирінің орынбасары | Дивизия командирі | Корпустық аттестаттау комиссиясы, корпус командирі | Жалпы мақсаттағы күштердің қолбасшысы |
| Дивизия командирі | Корпус командирі | Жалпы мақсаттағы күштердің аттестаттау комиссиясы | Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі |
| Корпус штабының бөлім бастығы | Корпус штабының бастығы | Корпустық аттестаттау комиссиясы, корпус командирі, Жалпы мақсаттағы күштердің тиісті қызмет бастығы | Жалпы мақсаттағы күштердің қолбасшысы |
| Корпус командирінің орынбасарына тікелей бағынатын қызмет бастығы | Корпус командирінің тиісті орынбасары | Корпустық аттестаттау комиссиясы, корпус командирі, Жалпы мақсаттағы күштердің тиісті қызмет бастығы | Жалпы мақсаттағы күштердің қолбасшысы |
| Әскер тегінің (қызмет) бастығы, корпус командиріне тікелей бағынатын бөлім бастығы | Корпус командирі | Жалпы мақсаттағы күштердің тиісті әскер тегінің (қызмет) бастығы, Жалпы мақсаттағы күштердің аттестаттау комиссиясы | Жалпы мақсаттағы күштердің қолбасшысы |
| Корпус командирінің | Корпус командирі | Жалпы мақсаттағы күштердің | Қазақстан Республикасының |

| | | | |
|---|---|---|---|
| орынбасары | қолбасшысы | аттестаттау комиссиясы, | Қорғаныс министрі Жалпы мақсаттағы күштердің |
| Корпус командирі | Жалпы мақсаттағы күштердің қолбасшысы | Жоғары аттестаттау комиссиясы | Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі |
| Жалпы мақсаттағы күштердің Бас штабының бөлім бастығы | Жалпы мақсаттағы күштердің Бас штабының бастығы | Жалпы мақсаттағы күштердің аттестаттау комиссиясы | Жалпы мақсаттағы күштердің қолбасшысы |
| Жалпы мақсаттағы күштердің қолбасшысына тікелей бағынатын қызмет бастығы | Жалпы мақсаттағы күштер қолбасшысының тиісті орынбасары | Жалпы мақсаттағы күштердің аттестаттау комиссиясы | Жалпы мақсаттағы күштердің қолбасшысы |
| Жалпы мақсаттағы күштердің қолбасшысына тікелей бағынатын әскер тегінің, қызметтің, бөлімнің (басқарманың) бастығы | Жалпы мақсаттағы күштердің қолбасшысы | Қорғаныс министрлігінің тиісті департаментінің (басқармасының, бөлімінің, қызметінің) бастығы, Жоғары аттестаттау комиссиясы | Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі |
| Жалпы мақсаттағы күштер қолбасшысының орынбасары | Жалпы мақсаттағы күштердің қолбасшысы | Қорғаныс министрінің тиісті орынбасары, Жоғары аттестаттау комиссиясы | Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі |

## ӘУЕ ҚОРҒАНЫСЫ КҮШТЕРІ БОЙЫНША

**а) әуе қорғанысына қарсы бөлімдер бойынша**

| | | | |
|---|---|---|---|
| Взвод командирі | Батарея (рота) командирі | Дивизион (батальон) командирі | Полк (бригада) командирі, полктік (бригада. лық) аттестаттау комиссиясы |
| Батарея (рота) командирі | Дивизион (батальон) командирі | Полктік (бригада. лық) аттестаттау комиссиясы | Полк (бригада) командирі |
| Дивизион (батальон) командирі | Полк (бригада) командирі | Қолбасшының ӘҚҚ бойынша орынбаса. ры, Әуе қорғанысы күштерінің аттес. таттау комиссиясы | Әуе қорғанысы күштерінің қолбасшысы |
| Полк (бригада) командирінің орынбасары | Полк (бригада) командирі | Қолбасшының ӘҚҚ бойынша орынбаса. ры, Әуе қорғанысы күштерінің аттес. таттау комиссиясы | Әуе қорғанысы күштерінің қолбасшысы |
| Полк (бригада) командирі | Қолбасшының ӘҚҚ бойынша орынбасары | Әуе қорғанысы күштерінің аттестаттау комиссиясы | Әуе қорғанысы күштерінің қолбасшысы |

**б) авиация бөлімдері бойынша**

| | | | |
|---|---|---|---|
| Ұшқыш-штурман, оң жақтағы ұшқыш, кеме командирінің орынбасары, борт технигі, оператор | Кеменің (тікұшақтың) командирі | Буын (жасақ) командирі, аэ командирі, полк. тік аттестаттау комиссиясы | Полк (авиациялық база) командирі |
| Ұшқыш, аға ұшқыш, кеменің (тікұшақтың) командирі, ұшқыш нұсқаушы | Буын (жасақ) командирі | Аэ командирі, полктік аттестат. тау комиссиясы | Полк (авиациялық база) командирі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Буын (жасақ) штурманы | Буын (жасақ) командирі | Аэ штурманы, аэ командирі, полктік аттестат. тау комиссиясы | Полк (авиациялық база) командирі |
| Қызмет көрсету тобының бастығы | Аэ командирінің ИАС жөніндегі орынбасары | Аэ командирі, ИАС ап инженері, полктік аттестат. тау комиссиясы | Полк (авиациялық база) командирі |
| Буын (жасақ) командирі | Эскадрилья командирі | Полктік аттестат. тау комиссиясы | Полк (авиациялық база) командирі |
| Эскадрилья штурманы | Эскадрилья командирі | ап аға штурманы, полктік аттестат. тау комиссиясы | Полк (авиациялық база) командирі |
| Эскадрилья командирінің орынбасары | Эскадрилья командирі | Полктік аттестат. тау комиссиясы | Полк (авиациялық база) командирі |
| Эскадрилья командирі | Полк (авиация. лық база) командирі | Қолбасшының авиация бойынша орынбасары, Әуе қорғанысы күште. рінің аттестаттау комиссиясы | Әуе қорғанысы күштерінің қолбасшысы |
| Аға штурман, полктің парашюттік-десанттық қызметінің бастығы | Полк (авиация. лық база) командирі | Әуе қорғанысы күштері басқарма. сының тиісті қызмет бастығы, қолбасшының авиация жөніндегі орынбасары, Әуе қорғанысы күште. рінің аттестаттау комиссиясы | Әуе қорғанысы күштерінің қолбасшысы |
| Полк команди. рінің орын. басары | Полк (авиация. лық база) командирі | Қолбасшының авиация жөніндегі орынбасары, Әуе қорғанысы күште. рінің аттестаттау комиссиясы | Әуе қорғанысы күштерінің қолбасшысы |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Полк (авиация. лық база) командирі | Қолбасшының авиация жөнін. дегі орынба. сары | Әуе қорғанысы күштерінің аттестаттау | Әуе қорғанысы күштерінің қолбасшысы комиссиясы |

**в) Әуе қорғанысы күштері қолбасшысының басқармасы бойынша**

| | | | |
|---|---|---|---|
| Әуе қорғанысы күштері Бас штабының басқарма (бөлім) бастығы | Бас штабтың бастығы | Әуе қорғанысы күштерінің аттестаттау | Әуе қорғанысы күштерінің қолбасшысы комиссиясы |
| Әуе қорғанысы күштері қолбасшысының орынбасарына тікелей бағынатын қызметтің бастығы | Әуе қорғанысы күштері қолбасшысының тиісті | Әуе қорғанысы күштерінің аттестаттау | Әуе қорғанысы күштерінің қолбасшысы комиссиясы орынбасары |
